



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстанның мемлекеттік статистикасына 105 жыл

Астана 2025



Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы



Қазақстанның мемлекеттік статистикасына 105 жыл

Астана 2025

Қазақстанның мемлекеттік статистикасының қалыптасу тарихына арналған «Қазақстанның мемлекеттік статистикасына 105 жыл» кітабы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсында қолжетімді.

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 010000

Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

Бірыңғай байланыс орталығы 1446 (Қазақстан бойынша тегін)

E-mail: e.stat@aspire.gov.kz

Интернет-ресурсы: <http://stat.gov.kz>

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
I тарау. Мемлекеттік статистика басшылары.....	8
II тарау. Қазақстан статистикасының даму тарихы	18
1920–1990: Қазақстан статистикасы – кеңес кезеңінде	18
1991–2000: Тәуелсіздік алғаннан кейін статистикада орын алған алғашқы өзгерістер	20
2001–2010: Қазақстанның статистикалық жүйесіндегі инновациялар: реформалар және жаңа тәсілдер.....	24
2011–2020: Статистикалық қызмет процестерін автоматтандыру	28
2021–2025: Қазақстанның мемлекеттік статистикасы – бүгін	31
Қазақстанның мемлекеттік статистикасының даму перспективалары	35
III тарау. Мемлекеттік статистикалық қызмет	37
Мемлекеттік статистиканың негізгі қағидаттары: этика, сенім, кәсібилік	37
Мемлекеттік статистика саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру.....	38
Деректерді таратудың халықаралық стандарттары (ДТХС, СДТЖ)	40
Халықаралық статистикалық ынтымақтастық.....	41
IV тарау. Статистика ардагерлерінің естеліктері	45
V тарау. Мемлекеттік статистика ардагерлері.....	69
Қорытынды.....	113

QAZSTAT

Алғы сөз

2025 жылы қазіргі Қазақстан аумағында мемлекеттік статистиканың қалыптасқанына 105 жыл толады. Бұл оқиғаның символикалық мәнімен қатар тарихи және практикалық тұрғыдан маңызы зор.

Статистика – қоғамның айнасы. Ол экономиканың жағдайын, демографиялық процестерді, білім мен денсаулық сақтау деңгейін, қоршаған ортаның жағдайын және басқа да көптеген көрсеткіштерді көрсетеді. Статистика негізделген мемлекеттік шешімдер қабылдауға, ұзақ мерзімді стратегияларды қалыптастыруға және жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Отандық статистика 105 жыл ішінде қолмен есептеуден бастап цифрлық платформаларды енгізуге дейін, қағаз жүзіндегі есептерден бастап автоматтандырылған тіркелімдерге дейін дамудың даңғыл жолын өткерді.

Мемлекеттік статистика жүйесінің ардагерлері мен қызметкерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Олардың еңбегі, ісіне адалдығы мен кәсібилігінің арқасында Қазақстан статистикасы әлемдік қоғамдастықта лайықты орынға ие болды.

Бұл мерейтойлық кітап – ұлттық статистикалық жүйенің дамуына үлес қосқан барлық ардагерлер мен әріптестердің еңбегіне көрсетілген құрмет, тарихи жадтың қайнар көзі және болашақ статистиктер үшін бағыт-бағдар.

Қазақстан статистиканың бай мұрасы мен жетістіктері жүйенің қазіргі және болашақ қызметкерлеріне шабыт беріп, атқарған еңбегіне қанағаттану сезімін, өз күштеріне сенімділік және елдің дамуына қосқан үлесі үшін мақтаныш әкелсін.

Мерейтойлық басылымның редакциялық алқасы
Астана қаласы, 2025

QAZSTAT

Мемлекет Басшысының құттықтауы



Құрметті мемлекеттік статистика қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді Қазақстанның статистика органдарының құрылғанына 105 жыл толуымен құттықтаймын!

Ұлттық статистика қызметі осы уақыт ішінде заман талабына сай жаңарып, дамудың сара жолынан өтті. Қазір бұл сала мемлекеттік басқару, экономика мен қоғамды өркендету ісінде айрықша рөл атқарады. Статистика мәліметтері арқылы экономикалық және қоғамдық үрдістер туралы шынайы көзқарас қалыптасады. Сонымен қатар, ұзақ мерзімге арналған болжамдар жасалып, нақты шешімдер қабылданады.

Қазіргідей құбылмалы заманда ақпараттың ашық әрі сенімді болуы өте маңызды. Мәліметтердің түрлі дереккөздерін кеңінен пайдаланып, бір-бірімен салыстырып, тың тәсілдер мен құралдарды қолданып, сараптамалық қызметті күшейту қажет.

Озық технологиялар дәуірінде жасанды интеллектіні жаппай енгізу – маңызды міндет. Мемлекеттік статистика қызметі Қазақстанның цифрлық ел ретінде дамуына белсене атсалысуға тиіс.

Осы саладағы барлық жетістік – статистика мамандарының қажырлы еңбегі мен кәсіби шеберлігінің нәтижесі. Бұл – өз ісіне адал, жауапкершілігі зор, жоғары білікті азаматтардың қолынан келетін іс.

Сіздер алдағы уақытта да табанды еңбек етіп, Қазақстанның тұрақты дамуына мол үлес қоса бересіздер деп сенемін.

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының құттықтауы



Құрметті әріптестер!

Сіздерді Қазақстанның ұлттық статистикасына 105 жыл толуымен құттықтаймын! Осы күн кәсіби шеберліктің шынайы көрінісін және сіздердің жұмыстарыңыздың қоғам үшін маңыздылығын білдіреді.

Статистика объективті деректерге негізделген жауапкершілік пен шешімдер мәдениетін қалыптастыра отырып, мемлекеттік басқарудың, реформалардың және орнықты дамудың берік тірегі болды және болып қала береді.

Бір ғасырдан астам уақыт ішінде Қазақстанның ұлттық статистикасы алғашқы есепке алу мекемелерінен бастап заманауи цифрлық ведомствоға дейін даму жолынан өтті. Уақыт, технологиялар, басқару тәсілдері өзгергенімен статистиктердің жоғары кәсібилігі, деректерге деген сенімділік мен озық стандарттарға адалдық сол қалпында өзгеріссіз қалды.

Бүгінгі таңда Ұлттық статистика бюросы – стратегиялық жоспарлаудың сенімді тірегі және ашық деректер саласындағы көшбасшылардың бірі.

Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының саланы цифрлық трансформациялауға қосқан елеулі үлесін ерекше атап өткім келеді. Заманауи IT-шешімдерді енгізу, интерактивті платформаларды дамыту, ақпаратты жинау және талдау әдістерін жетілдіру нәтижесінде статистика қоғам үшін қолжетімді әрі ашық болып отыр. Осының бәрі азаматтардың, бизнестің және халықаралық серіктестердің ресми ақпаратқа деген сенімін нығайтуға және мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Осы мереке біздің бойымызда жетістіктеріміз үшін мақтаныш сезімін тудырып қана қоймай, жаңа жетістіктердің бастауы болып табылады. Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз етуде және реформаларды қолдауда ұлттық статистика алдағы уақытта да шешуші рөл атқаратынына сенімдімін. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің атынан сіздерге жаңа кәсіби табыстар тілеймін. Халықаралық деңгейде кеңінен таныла беріңіздер, маңызды және игі қызметтеріңізге қоғамның сенімі арта берсін.

Әсет Ерғалиев

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының құттықтауы



Құрметті әріптестер!

Бір ғасырдан астам уақыт бойы отандық статистикалық жүйе елдің дамуына сенімді тірек болып, объективті, нақты және уақтылы деректерді ұсынып келеді. Бүгінде өткен жолымызға көз жүгірте отырып, әсіресе соңғы жылдардағы елеулі жетістіктерімізді зор мақтанышпен айта аламыз.

Қазақстан статистикасы уақыт талабына сай сенімді түрде алға жылжып келеді. Біз ауқымды цифрлық трансформацияны жүзеге асырып, ақпаратты жинау мен өңдеу үдерістерін жетілдіріп, талдамалық тәсілдер мен заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін енгізіп жатырмыз. Мұның бәрі статистиканың ашық, қолжетімді, сапалы және шешім қабылдауға пайдалы бола түсуі үшін жасалып жатыр.

Халықаралық қауымдастық тарапынан біздің жұмысқа деген сенім артып келеді. БҰҰ, ЭЫДҰ, ХВҚ сияқты ұйымдар берген жоғары бағалар – қазақстандық статистиктердің кәсібилігі мен саланың бүгінгі өзгерістерінің маңызын дәлелдеп отыр. Статистика саласында еліміздің рейтингінің өсуі – баршамыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі.

Осы салтанатты күні статистика саласын таңдаған әр маманға ерекше алғысымды білдіргім келеді. Санау, талдау, тексеру, есепті қалыптастыру арқылы бүкіл статистика жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп отырған баршаңызға алғыс білдіремін. Сіздердің күнделікті еңбектеріңіздің арқасында мемлекеттік шешімдер, бизнес-стратегиялар мен қоғам үміт артар ақпараттық негіз қалыптасады.

Сіздерге зор денсаулық, кәсіби шабыт пен амандық тілеймін!

Мақсат Тұрлыбаев

I тарау. Мемлекеттік статистика басшылары

Қазақстанның мемлекеттік статистикасының тарихы – бұл сандар, фактілер мен аналитика тұрғысынан елге кәсіби көзқарастың даму тарихы. Қазіргі Қазақстанның аумағында статистикалық есепке алу басталған сәттен бастап бір ғасырдан астам уақыт ішінде статистика жүйесі органдарын мемлекеттік басқару мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту ісіне елеулі үлес қосқан жарқын, талапшыл тұлғалар басқарды.

Статистикалық қызметтің тарихына жазылған әрбір есім – сын-қатерлерге, реформаларға, техникалық жетістіктерге және деректерді жинау, өңдеу және талдаудың жаңа тәсілдеріне толы жеке бір дәуір. Статистика органдарының басшылары процестерді басқарып қана қоймай, айтары көп сандар мен үрдістер арқылы мемлекет пен қоғамның өмірін көрсететін жүйе қалыптастырды.

Көшбасшылық кезеңдері – уақыт көрінісі

1991 жылға дейінгі кезең Қазақстан статистикасының негізін КСРО-ның бірыңғай статистикалық жүйесінің бөлігі ретінде қалыптастырумен белгілі болды. Сол жылдары басқару орталықтандырылған жоспарлау жағдайында жүзеге асырылды және негізгі міндет одақтас мемлекеттің экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету болды. Сол кездегі басшылардың ұйымдастырушылық қасиеттері керемет болды, олар өзгермелі жоспарлар мен нормативтер жағдайында статистикалық есепке алудың күрделі тетіктерін құра алды.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық статистиканың алдына жаңа міндеттер қойылды. Қазақстан ашықтық, халықаралық салыстырмалылық және шынайылық қағидаттарына сай келетін өзінің статистика жүйесін құра бастады. Осы кезеңде қызмет басшылары командалық-әкімшілік модельден

заманауи мемлекеттік статистика жүйесіне көшудің басы-қасында болды.

Олардың бастамасымен процестерді терең цифрландыру, халықаралық жікте-мелер мен стандарттарды енгізу, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропалық одақтың Статистикалық қызметі (Еуростат), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) және басқа да құрылымдармен ынтымақтастықты дамыту басталды. Олардың болашаққа бағдарланған көзқарасы мен кәсіби этиканы ұстануының арқасында қазақстандық статистика халықаралық аренада жоғары беделге ие болды.

Басқару – тепе-теңдік сақтау

Статистикалық органның басында болу – дәлдік пен жеделдік, тәуелсіздік пен есеп беру, ғылыми көзқарас пен қолданбалы пайда арасында үнемі тепе-теңдік сақтау. Әрбір басшы өзі басшылық еткен тұста экономикалық дағдарыстар, халық санағы, аграрлық және өнеркәсіптік секторлардағы реформалар, цифрлық трансформациялар сияқты бірегей сын-қатерлермен бетпе-бет келді.

Дегенмен, тарихтың барлық кезеңдерінде сақталған бір маңызды қасиет болды – бұл іске деген адалдық және статистиканың жай ғана сандар емес, мемлекетке өз елінің тыныс-тіршілігін көруге әрі сезінуге мүмкіндік беретін құрал екенін терең түсіну.

Қызмет үшін алғыс

Бүгін, 105 жылдық тарихы бар өткен жолға көз жүгірте отырып, осы жүйенің тізгінін ұстаған әрбір адамды ризашылықпен еске аламыз. Олардың көрегендігі, зияткерлік қуаты және басқарушылық талантының арқасында Қазақстан статистикасы демократиялық басқарудың ажырамас бөлігіне, ашықтық кепіліне және азаматтар, бизнес пен билік үшін сенімді ақпарат көзіне айналды.

Алғашқы қадамдардан бастап цифрлық дәуірге дейін қызмет еткен әрбір басшы туралы естелік статистиктердің жаңа буыны үшін шабыт көзі болсын. Олардың еңбегі –

жай ғана тарих беттері емес, бұл – Қазақстан Республикасының дамуына қызмет етуді жалғастырып келе жатқан өміршең мұра.

Мемлекеттік статистиканың бірінші басшылары

№	Мемлекеттік органның атауы	Басшылық еткен жылдары	Бірінші басшылардың ТАӘ
1.	Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы статистика басқармасы (ҚАКСР Статистика басқармасы)	1920-1926 жылдар	И.П. Крутилин
2.		1926-1928 жылдар	Д.А. Дейхман
3.	Қазақ статистика басқармасы (Қазстатбасқарма)	1928-1929 жылдар	Д.Г. Дивнегорцев
4.	ҚАКСР Мемжоспары Халық шаруашылығы есебінің секторы	1929-1930 жылдар	И.Н. Чудновский
5.	ҚАКСР Мемжоспары Халық шаруашылығы есебінің басқармасы (Қаз ХШЕБ)	1931-1937 жылдар	М.С. Саматов
6.	ҚАКСР Мемжоспары Халық шаруашылығы есебінің басқармасы (1936 жылдан бастап Қазақ КСР Мемжоспары) Қазақ ССР ХШЕБ	1937-1938 жылдар	И.П. Тейтельбаум
7.		1938-1941 жылдар	П.М. Дунаев
8.	КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің (ХКК) жанындағы Қазақ КСР Мемжоспарының Статистика басқармасы	1941-1943 жылдар	Қ. Ермеков
9.	ҚАЗ ССР бойынша КСРО ХКК жанындағы өкілетті Мемжоспары Статистика басқармасы (1946 жылдан бастап Қазақ ССР бойынша КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемжоспар)	1943-1944 жылдар	И.К. Калмыков
10.	ҚАЗ ССР бойынша КСРО ХКК жанындағы өкілетті Мемжоспары Статистика басқармасы (1946 жылдан бастап Қазақ КСР бойынша КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемжоспар)	1944-1948 жылдар	Т.В. Волков
11.	Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы статистика басқармасы (Қазақ КСР Статбасқармасы)	1948-1953 жылдар 1953-1960 жылдар	Т.У. Увашев

№	Мемлекеттік органның атауы	Басшылық еткен жылдары	Бірінші басшылардың ТАӘ
12.	Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Орталық Статистика басқармасы (Қазақ КСР ОСБ)	1960-1967 жылдар	А.Л. Часовникова
13.		1967-1980 жылдар	З.П. Троценко
14.		1980-1987 жылдар	Т.Ж. Жұмасұлтанов
	Қазақ КСР Статистика жөніндегі Мемлекеттік комитеті (Қазақ ССР Мемстаткомы)	1987-1990 жылдар	
	Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті (Қазақстан Республикасының Мемстаткомы)	1990-1994 жылдар	
15.		1994-1997 жылдар	В.И. Горячковский
16.	Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігі	1997-1999 жылдар	Ж.Ә. Күлекеев
17.	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	1999-2003 жылдар	Ә.А. Смайылов
18.		2003-2006 жылдар	Қ.С. Әбдиев
19.		2006-2007 жылдар	Б.Т. Сұлтанов
20.		2007-2009 жылдар	А.Е. Мешімбаева
21.		2009-2014 жылдар	Ә.А. Смайылов
22.		2014-2015 жылдар	
	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті	2016-2020 жылдар	Н.С. Айдапкелов
23.		2020-2022 жылдар	
		2022-2023 жылдар	Ж.Н. Шаймарданов
24.	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы	2023 жылдан бастап осы уақытқа дейін	М.Қ. Тұрлыбаев

QAZSTAT

Қазақстанның статистика органдарының бірінші басшыларының құттықтаулары



Сіздерді Қазақстан мемлекеттік статистикасының тарихындағы айтулы күн 105 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін біз тек бір мамандықтың ғана емес, тұтас бір саланың жүріп өткен жолын атап өтудеміз. Бұл сала ондаған жылдар бойы мемлекет, бизнес және қоғам үшін сенімді бағыт-бағдар болып келеді. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында стратегиялық шешімдер қабылданып, даму нәтижелері бағаланып, болашаққа болжамдар жасалады.

Қазақстанның мемлекеттік статистикасы сенімді түрде дамып келеді. Заманауи әдіснама, цифрлық технологиялар және халықаралық стандарттар кеңінен енгізілуде. Жылдар бойы бұл жүйе уақыт талаптарына сай болумен қатар, одан озыңқы бола алатынын да көрсетті.

Маған статистика тарихындағы маңызды кезең — реформалар жүргізіліп, заңнамалық база нығайтылған, халықаралық жобалар іске қосылып, бүкіл жүйе ауқымды түрде жаңғыртылған уақыттың бір бөлігі болу бақыты бұйырды. Осы кезеңде адами капиталды дамытуға және ресми статистикаға деген сенімді арттыруға бағытталған бастамалар іске асты. Мемлекеттік статистика туралы заң қабылданып, ол біздің жүйені халықаралық стандарттар мен БҰҰ-ның негізгі қағидаттарына жақындатты. Бұл заңнамалық негіз жүйелі жаңғыртуға және сапалы өсімге жол ашты.

Сала ардагерлеріне, орталық аппарат пен аумақтық бөлімшелердің мамандарына, жас кадрларға және заманауи қазақстандық статистиканың келбетін күнделікті еңбегімен қалыптастырып жүрген барлық қызметкерлерге шынайы алғысымды білдіремін.

Құрметті әріптестер! Осы айтулы күні сіздерге зор денсаулық, шабыт, жаңа жетістіктер және өз ісіңіздің маңыздылығына деген сенім тілеймін. Сіздердің еңбектеріңіз елдің дамуына тірек бола берсін, ал Қазақстан статистикасы — сапа мен ашықтықтың, сенімнің жарқын үлгісі бола берсін!

Төлеубай Жұмасұлтанов



Қазақстан статистикасы мол тарихы бар, қалыптасуы әріде жатқан орган. Бүгінде статистика мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналғанын мақтанышпен айтуға толық негіз бар.

Статистика – бұл жай ғана кестелер мен диаграммалар емес, бұл – шынайылықтың айнасы, ол жағдайды нақты көруге және негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Қазіргі көлемді деректер дәуірінде статистиканың рөлі одан әрі артып келеді. Біз ақпарат әр секунд сайын жаңарып отыратын заманда өмір сүріп жатырмыз, сондықтан оны жедел жинап, өңдеп және тиімді пайдалана білу аса маңызды.

Әр жылдары осы саланы қалыптастырып, дамытуға үлес қосқан барлық мамандарға алғысымды білдіремін. Қоғам мен мемлекет Сіздерге сенім артады. Сіздердің еңбектеріңіз көзге көрінбегенімен, бағасы өлшеусіз.

Осы айтулы күні баршаңызға шабыт, жаңа идеялар және осы маңызды істі жалғастыруға күш-жігер тілеймін. Еңбектеріңіз Қазақстанның одан әрі күшеюіне және әділетті болуына өз үлесін қоса берсін!

Жақсыбек Күлекеев

QAZSTAT



Қазақстан мемлекеттік статистикасының 105 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Өзінің бүкіл тарихында ұлттық статистикалық қызмет мемлекетке, бизнеске және қоғамға объективті, сенімді әрі уақтылы ақпарат ұсына отырып, елдің дамуына зор үлес қосып келеді. Дәл осы ресми статистикалық ақпараттың негізінде экономика, қаржы, әлеуметтік саясат, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да көптеген салаларда стратегиялық маңызды шешімдер қабылданады.

Бүгінгі қарқынды өзгеріп жатқан әлемде, цифрландыру мен жаһандық сын-қатерлер жағдайында статистика басқарудың басты құралдарының біріне айналууда. Сол себепті статистикалық жүйені жаңғырту, оның ашықтығын, жеделдігін және пайдаланушылар тарапынан сенімді арттыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып отыр.

Ұлттық статистика бюросы бұл бағытта табанды түрде ілгерілеп келеді. Халықаралық стандарттар енгізіліп, дереккөздер кеңейтілуде, көлемді деректер мен жасанды интеллект құралдары қолданылуда. Бұл – жай ғана технологиялық жаңару емес, бұл – мемлекеттік басқару жүйесіне мықты талдамалық негіз қалау жолындағы маңызды қадам.

Сала қызметкерлері мен ардагерлеріне кәсіби шеберлігі, адалдығы және жоғары жауапкершілігі үшін алғыс білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, амандық және Отанымыздың игілігі жолында жаңа табыстар тілеймін!

Әлихан Смайылов

QAZSTAT



Даңғаза сөздер көп айтылмайтын, бірақ оларсыз мемлекет дамымайтын мамандықтар бар. Статистика – солардың бірі.

Мен 2003–2006 жылдары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін басқарған кезде алға қойылған басты міндет – деректерді ретке келтіру еді. Жүйені басқарылатын, орнықты, өз ішінде ғана емес, үкіметпен, өңірлермен, халықаралық серіктестермен өзара іс-қимылда да түсінікті ету, қолмен жасалатын жұмысты азайтып, жүйелілікке көшу қажет болды. Ол кезде бұл техникалық тапсырма сияқты көрінді. Бірақ шын мәнінде, бұл сенім қалыптастыру жұмысы еді. Себебі сенім – ақпараттағы тәртіптен басталады.

Осы мерейтойда біз бір қарапайым ақиқатты еске түсіруіміз маңызды деп есептеймін: жақсы статистик маман – бұл сабырмен ойлай білетін, бәрін екі мәрте тексеретін және деректер тілінде сөйлейтін адам. Сіздердің күш-қуаттарыңыз – осында. Бұл көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды рөл.

Сіздерді Статистика қызметінің 105 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге айқын ой, өзгерістерге төзімділік, өз кәсібіңізге деген қызығушылық пен қоғам мен мемлекет тарапынан құрмет тілеймін.

Қали Әбдиев

QAZSTAT



Статистика – бұл жай ғана сандар емес, бұл мемлекеттің күретамыры, оның жүйелі жады және болашаққа жол сілтер сенімді бағдары.

Қазақстан статистикасы 105 жылдан бері сенімді бағдаршы қызметін атқарып келеді және сіздерді осы айтулы күнмен құттықтау мен үшін үлкен мәртебе.

Біздің жетістіктеріміздің шынайы көрінісі мен әлі де еңсеретін сын-қатерлер дәл осы бейтарап әрі нақты деректерде көрініс тапқан. Экономиканың динамикасы, демографиялық үрдістер, агроөнеркәсіп кешенінің жай-күйі мен азаматтардың әл-ауқаты – халық тұрмысының осы барлық маңызды тұстары статистикалық есептерде нақты сипатталып, заманымыздың баға жетпес шежіресіне айналады.

2006-2007 жылдары Статистика агенттігін басқарған кезеңді мен ерекше жылылықпен еске аламын. Бұл – елімізде тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы жүргізілген күрделі де мазмұнды уақыт еді. Бұл ауқымды жұмыс ел үшін тарихи оқиғаға айналды: еліміз алғаш рет экономикамыздың берік іргетасы – ауыл шаруашылығы саласының ахуалы туралы жан-жақты әрі шынайы деректер алды.

Бүгінгі буын негізі қаланған осы дәстүрді лайықты жалғастырып жатқаны – қуанышты жайт. Сіздер цифрлық құралдарды белсенді меңгеріп, халықаралық стандарттарды енгізіп, ұлттық деректерге деген сенімді арттырып келесіздер. Мен статистиканың рөлі тек арта беретіне сенемін. Бүгінде ол тек шынайылықты тіркеу құралы ғана емес, болашақты болжайтын, үрдістерді визуализациялайтын және стратегиялық тұрғыдан маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін қуатты талдамалық орталыққа айналуда.

Сіздерді осы мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге сарқылмас қуат, кәсіби табыс, мықты денсаулық пен бақ-береке тілеймін. Сіздердің өз істеріңізге деген адалдықтарыңыз Қазақстанымыздың гүлденуінің кепілі бола берсін!

Бақыт Сұлтанов



Статистиктер – мемлекеттің тұрақтылығының көзге көрінбейтін сәулетшілері. Олар әрдайым жаңалықтардың алдыңғы бетінде болмауы мүмкін, бірақ олардың нақтылығы мен бейтараптығынсыз бірде-бір реформа, бірде-бір бюджет, бірде-бір стратегиялық шешім жүзеге аспайды.

Маған трансформациялар мен цифрлық серпіліс кезеңі – 2016–2022 жылдары Статистика комитетін басқару мәртебесі бұйырды. Бұл кезеңде статистика жай есеп беруші құралдан мемлекеттік басқарудың нағыз аналитикалық өзегіне айналды. Біз халықаралық әдіснамаларды енгізіп, процестерді автоматтандырдық, цифрлық санақты іске қостық, азаматтармен өзара іс-қимылды күшейттік.

Алайда кез-келген жетістікке адамдардың күшімен жетуге болады. Мен статистика саласының ардагерлеріне, далада, архивтерде, техника жетіспеген кезеңдерде, бірақ кәсібіне адалдықпен еңбек еткен жандардың алдында бас иемін. Олардың еңбегі – бұл жай ғана тарих емес, бұл – мамандықтың ар-ожданы.

Бүгінде статистика алдында жаңа сын-қатерлер тұр: көлемді деректерді интеграциялау, жасанды интеллектті қолдану, бизнес пен қоғам тарапынан сұраныстың артуы. Дегенмен, Қазақстан статистиканың бұл сын-қатерлерге лайықты жауап беріп қана қоймай, әрдайым бір қадам алда болуына барлық мүмкіндігі бар екеніне сенімім мол. Себебі ең маңыздысы – бұл салада сандардың артында жауапкершілік тұрғанын түсінетін мамандар бар.

Барша статистика саласы қызметкерлеріне зор денсаулық, қажырлы еңбек, кез келген сынақтарға сенімділік пен еліміздің игілігі жолында жаңа табыстар тілеймін. Сіздердің жұмыс жасап отырған әрбір сан даму мен әділеттілікке және халық сеніміне қызмет ете берсін!

Нұрболат Айдапкелов



Қазақстанда ресми статистиканың 105 жылдығы мерекесіне орай, оның маңызды жетістіктері мен бүгінгі күні сәтті жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларын атап өткім келеді. Статистика ғасырдан астам уақыт ішінде тек есепке алу құралы ғана емес, сонымен қатар шешім қабылдау, стратегиялық жоспарлау және елді дамыту негізіне айналды.

Бүгінгі таңда Қазақстан ашық және қоғамның қажеттіліктеріне бағытталған заманауи ұлттық деректер экожүйесін құру жолында сенімді қадамдар жасап келеді. Біздің күш-жігеріміз жетекші халықаралық ұйымдар – БҰҰ ЕЭК, ЭЫДҰ және басқа да серіктестердің қолдауына ие болды, бұл таңдалған бағыттың дұрыс екенін және жүргізіліп жатқан реформалардың стратегиялық маңыздылығын растайды.

Статистика енді тек цифрларды санаумен шектелмейді, ол ашықтықтың, сенім және болашақты құрудың символына айналды. Біз мемлекет, бизнес, ғылым және қоғамды біріктіретін деректер экожүйесін құрамыз. Бұл экожүйе тек өткенді есепке алып қана қоймай, білім мен фактілерге негізделген стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік бере отырып, болашақты қалыптастыруға да бағытталған.

Өмірін статистикаға арнаған барлық әріптестеріме ерекше алғысымды білдіремін. Сіздердің кәсібилігіңіз, тәуелсіздігіңіз және ісіңізге адалдығыңыздың арқасында деректер сенім мен құрметке лайықты қоғамдық құндылыққа айналууда.

Осы мереке күні біз болашаққа сеніммен қараймыз. Біз деректер – ұлттық құндылық және стратегиялық ресурсқа, ал Қазақстан сапалы және қолжетімді статистика үшін жаһандық қозғалыста көшбасшылардың біріне айналатын жаңа бетті ашып отырмыз.

Жандос Шаймарданов

II тарау. Қазақстан статистикасының даму тарихы

1920-1990: Қазақстан статистикасы – кеңес кезеңінде

Қазақстан тарихындағы кеңестік кезең қоғамдық және шаруашылық өмірдің барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістермен ерекшеленді. Жоспарлы экономика жағдайында халық шаруашылығын тиімді басқаруды қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі мемлекеттік статистика болды.

1920 жылдан 1990 жыл аралығындағы кезең Қазақстан тарихында қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құрылымын түбегейлі өзгерткен терең өзгерістермен ерекшеленді. Бұл онжылдықтар ұжымдастыру, индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі қалпына келтіру, ғылыми-техникалық прогресс, жетілген социализмге көшу және 1980 жылдардың аяғында реформалардың басталуы сияқты ауқымды жасампаз жобаларға да, драмалық сынақтарға да толы болды. Бұл процестердің барлығын сенімді және жан-жақты ресми статистикалық ақпаратсыз жүзеге асыру және бағалау мүмкін емес еді. Дәл осы уақытта Қазақстанның мемлекеттік статистикасының негізі жалпы одақтық жүйенің бөлігі ретінде, бірақ ұлттық ерекшеліктер мен өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып қаланды.

Статистика шындықты объективті бейнелеу жүйесі ретінде Кеңес Одағында ақпарат жинау тетігі ғана емес, жоспарлау, бақылау және басқарудың маңызды құралы болды. Ол әрбір қадам, әрбір өндіріс немесе әлеуметтік процесс мемлекет деңгейінде бекітілген жалпы жоспардың бөлігі болып табылатын директивалық типтегі экономикада шешуші рөл атқарды. Бұл жағдайда статистикадан тек нақтылық пен дәлдік ғана емес, сонымен қатар жеделдік, бүкіл ел бойынша ақпараттың үлкен ауқымын қамтып, оларды талдау және шешім қабылдау үшін орталыққа жеткізу талап етілді.

1920 жылы 26 тамызда РКФСР құрамында Қазақ Автономиялық Социалистік Республикасының құрылуына орай Қазақ АКСР Үкіметі 1920 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен «Қазақ АКСР-дегі мемлекеттік статистика туралы ережені» бекітіп, Қазақ АКСР-нің Статистика басқармасы құрылды.

1923 жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысына сәйкес халық комиссариаты құқығымен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан Орталық Статистика Басқармасы (КСРО ОСБ) құрылды. КСРО ОСБ-ға КСРО-дағы статистикалық есепке ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық ету жүктелді. Осылайша, КСРО ОСБ құрылуы бүкіл ел үшін бірыңғай әдіснаманы енгізудің және статистикалық есеп пен есептілікті ұйымдастырудың бастамасы болды.

Өз жұмысының алғашқы жылдарында ОСБ халық саны, еңбек ресурстарының құрамы, ауыл шаруашылығының жағдайы, өнеркәсіптің даму деңгейі туралы ақпарат жинай бастады. Бұл жағдайда барлық салалар мен өңірлерге қолданылатын бірыңғай есепке алу және есеп беру жүйесін құру және оны статистиканың одақтық құрылымына біріктіру өте маңызды болды.

Ресми түрде есепке алу жаңалық сияқты көрінгенімен, статистикалық тәсілдер аяқ астынан пайда болған жоқ. Төңкеріске дейінгі кезеңде Қазақстан аумағында экономикалық және демографиялық деректерді тіркеуге талпыныс жасалды. Осылайша, 1913 жылдан бастап өнеркәсіптік өндіріс, сол кезде негізінен қолөнер және ұсақ тауарлар өндірісі есепке алына бастады.

Ауыл шаруашылығы статистикасының көрсеткіштері 1916 жылдан бастап бақыланады. Осы кезеңнен бастап Қазақстанның ауыл шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы және экстенсивті егіншіліктен

индустрияландыру және қарқындату жолында дамып келе жатқан экономиканың ірі жоғары механикаландырылған саласына дейін орасан зор жолдан өтті.

1920 жылдардың ортасына қарай республикадағы статистика еңбек ресурстарының балансынан бастап өндірістік жабдықтарды түгендеуге дейінгі салаларды көбірек қамти бастады. Жылдар, салалар мен өңірлер бойынша көрсеткіштерге салыстырмалы талдау жүргізу мүмкіндігіне бағытталған әдіснамаларды әзірлеуге ерекше назар аударылды. Сонымен бірге кәсіпорындар, мекемелер мен ұжымшарлардың есеп беру жүйелері белсенді түрде қалыптасты. 1924-1926 жылдардан бастап Қазақстанда еңбек ресурстарының алғашқы баланстары қалыптасты, бұл жұмыспен қамтуды орталықтандырылған есепке алу мен кадр саясатын қалыптастыруға қарай жасалған маңызды қадам болды.

1930 жылдардың басында, ел ауқымды индустрияландыру мен ұжымдастыру кезеңіне енген кезде статистиканың рөлі едәуір өсті. Мемлекетке экономикалық реформалардың қалай жүріп жатқаны, ресурстардың қалай бөлінетіні, өндірістің нақты көлемі, жұмыс күшінің саны, қаржылық инвестициялық салымдардың тиімділігі туралы нақты ақпарат қажет болды. Осыған байланысты статистика өз алдына көрсеткіштерді әзірлеудің жаңа тәсілдерін енгізу, есепке алудың жан-жақты нысандарын қамтамасыз ету міндеттерін қойды, бұл өз кезегінде мемлекеттік статистика органдары қызметкерлері санының артуына себеп болды. Осы уақытта статистиканың демография, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, еңбек, көлік, қаржы сияқты негізгі бағыттары қалыптаса бастады.

Ұлы Отан соғысы кезеңі ерекше маңызды болды. Елдің барлық ресурстарын жұмылдыру жағдайында мемлекеттік статистика органдары майдан мен тылдың қажеттіліктерін қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарды. Соғыс жылдарында Қазақстанда жүзден астам жедел санақ жүргізілді, олардың ішінде

өнеркәсіп кәсіпорындары, ауыл шаруашылығы, эвакуацияланғандарды орналастыру, еңбек ресурстарын есепке алу бойынша санақтар бар. Бұл санақтар бірнеше күннен үш аптаға дейінгі қысқа мерзімде жүргізіліп, жұмыс күшін қайта бөлу, өнім жеткізу, еңбек батальондарын ұйымдастыру сияқты шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік берді. Дәл осы кезеңде ОСБ аппаратының «сағат сияқты дәл жұмыс істейтіні» туралы пікір қалыптасты. Соғыстың алғашқы кезеңінде ОСБ Үкіметке ұсынған баяндамалардың біріне И.В.Сталин «Бұл ақпараттың құндылығы – майдандағы үлкен жеңіске тең» деген резолюция қойған болатын.

Бұрынғы КСРО құрамында Қазақстанның соғыстан кейінгі халық санақтары 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдары өтті.

Соғыстан кейін қалпына келтіру және жаңа экономикалық өрлеу кезеңі басталды, бұл статистиканы одан әрі дамытуды қажет етті. Жойылған өндірістерді қалпына келтіруді, жаңа нысандар салуды, еңбек өнімділігін арттыруды бақылау міндеттері бірінші орынға шықты. Осы кезеңде статистикалық есеп беру нысандары кеңейтілді, әдіснама жетілдірілді, болжау элементтері енгізілді. 1940 жылдардың өзінде көрсеткіштерді салалық және аумақтық бөліністе әзірлеу басталды, бұл жекелеген өңірлердің ерекшеліктерін ескеруге, инвестициялардың тиімділігін талдауға мен ресурстарды бөлуге мүмкіндік берді.

1960 жылдардың ортасынан бастап қазақстандық статистикада автоматтандыру процесі басталды. Алғашқы электрондық есептеуіш машиналар ауқымды көлемдегі деректерді өңдеуді едәуір жеделдетіп, ақпараттың дәлдігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Есептілікті жинау мен өңдеудің автоматтандырылған жүйелері құрылып, бағдарламалық кешендер әзірленді, мамандар жаңа технологияларға оқытылды. Бұл статистиканың заманауи IT-инфрақұрылымын қалыптастыру негізі болды. 1980 жылдардың соңына қарай үлкен ЭЕМ-дерден (ЕС-1045, ЕС-1066) дербес компьютерлерге көшу басталып,

бұл кезең нағыз технологиялық төңкеріске айналды. FoxPro, MS Access және басқа ДҚБЖ (СУБД) негізінде жергілікті бағдарламалық кешендердің әзірленуі есептілікті өңдеуді икемді түрде реттеуге және деректерді жинау нысандарын нақты міндеттерге бейімдеуге мүмкіндік берді.

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында Қазақстанда статистикалық жүйені қайта құру басталды. Бұл нарықтық экономикаға көшу, бағаны ырықтандыру, жекешелендірудің басталуы және еңбек қатынастарын реформалау сияқты факторлармен байланысты болды. Мұндай жағдайда жоспарлы көрсеткіштерге, тұрақты бағаларға және орталықтандырылған есепке алуға негізделген бұрынғы әдістер шынайылықты көрсете алмады. Осыған байланысты 1994 жылы Қазақстан өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексіні табиғи көрсеткіштердің динамикасы негізінде және оларды алдыңғы жылдың орташа жылдық бағаларына қайта есептеу арқылы есептеуге көшті. Бұл шешім БҰҰ-ның халықаралық стандарттары мен әдіснамасына сәйкес келетін жаңа экономикалық статистика моделін қалыптастырудың бастауы болды.

Сонымен қатар, жаңа бағыттар қалыптасты. Іріктемелі зерттеулер әдістері, жасырын көлемдерді жете есептеу, көлеңкелі экономиканы талдау әдістері енгізілді. Мұның бәрі жаңа әлеуметтік-экономикалық шындыққа

бейімделудің жаһандық процесінің бөлігіне айналды.

Осылайша, 1920-1990 жылдар аралығында Қазақстанда өзінің қамтуы мен функционалдығы бойынша бірегей мемлекеттік статистика жүйесі құрылды. Ол экономика мен өндірістен бастап әлеуметтік сала мен демографияға дейін қоғамның барлық негізгі салаларын қамтыды. Жоспарлы экономика жағдайында статистика орталықтандырылған тетіктерге, директивті есепке алу әдістеріне және бақылау функцияларына сүйене отырып, басқару құралының маңызды функциясын орындады. Дегенмен, қатаңдыққа, идеологияға және жекелеген бағыттардың жабық болғанына қарамастан, Қазақстанның статистикасы біртіндеп дамып, жаңа әдістерді игерді, тәсілдерді жетілдірді және сол арқылы кейіннен нарықтық модельге көшу үшін берік негіз дайындады.

Кеңестік кезеңде жинақталған тәжірибе тәуелсіздік жағдайында аса маңызды ресурсқа айналды. Көптеген әдістемелер, ұйымдастыру қағидаттары мен есеп беру нысандары жаңа экономикалық шынайылыққа бейімделіп, қайта қаралып, қолданысқа енгізілді. ХХІ ғасырда статистикаға мүлде басқа талаптар қойылса да, оның сенімділігі, объективтілігі мен жүйелілігінің түп-тамыры статистика елдің бүкіл шаруашылық және әлеуметтік механизмінің тірегіне айналған дәл сол дәуірде қалыптасқан еді.

1991–2000: Тәуелсіздік алғаннан кейін статистикада орын алған алғашқы өзгерістер

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мемлекеттік статистика жүйесін трансформациялау үдерісін бастады. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау құрылымы мен әдістерін түбегейлі өзгерту қажеттілігін туындатты. Осы жылдары Қазақстан қарқынды өзгеріп жатқан экономика мен қоғамның сұраныстарына

жауап бере алатын жаңа статистикалық әдістемелерді әзірлеу қажеттілігімен бетпе-бет келді.

Қазақстанның статистика қызметінің негізгі міндеті – ұлттық статистиканы әлемдік тәжірибелермен үйлестіруге мүмкіндік беретін халықаралық стандарттар мен әдістемелерді енгізу болды. Атап айтқанда, 90-ыншы жылдардың басында Қазақстан

Еуростат, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Дүниежүзілік банк (ДБ) сияқты халықаралық ұйымдармен жобаларды белсенді түрде іске асыра бастады. 1991 жылдан 2008 жылға дейін Technical Assistance for the Commonwealth of Independent States (TACIS) шамамен 45 жобасы іске асырылды. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметі арасындағы статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы» қаулысы қабылданып, осы негізде келіссөздер жүргізіліп, аталған Келісімге қол қойылды. Нидерланды, Италия, Германия, Швеция, Норвегия және Латвияның статистика органдарынан келген халықаралық сарапшылармен бірлесіп, жаңа үлгідегі есеп беру және сауалнама нысандарын әзірлеу, іріктемелер және респонденттерді қамтудың, статистикалық ақпаратты талдаудың жаңа әдістері енгізілді. Бұл халық пен кәсіпорындарды қажетті мәліметтермен барынша қамтамасыз ете отырып, қаржылық және еңбек шығындарын азайтуға мүмкіндік берді. Осы жобалар аясында Қазақстан статистикалық ақпараттың сапасын едәуір жақсартып, іріктемелі зерттеулердің жаңа тәсілдерін енгізіп, есепке алу мен есептілік әдістерін қайта қарап, статистикалық үдерістерді автоматтандыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануды үйренді.

1991 жылы баға статистикасы құрылды, бұрын бағалар тұрақты болған кезде бұндай сала болған жоқ еді. Тұтыну бағаларының индексін, өндірушілердің бағаларын, содан кейін экспорттық – импорттық бағаларды, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағаларын және т.б. есептеу әдістемелері әзірленді.

1994 жылдың соңында Халықаралық валюта қорының ұсынымдарын ескере отырып және Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Н.К. Есенғариннің қолдауымен елдің статистика қызметін жүйелі реформалау басталды. Мемлекеттік статистика комитетіне

заманауи талаптар – ашықтық пен тиімділікке сай келетін жаңа Мемлекеттік статистика туралы заң жобасын әзірлеу тапсырылды. Қайта ұйымдастыру аясында Бас есептеу орталығы мен Қазақпараторталығын орталық аппаратпен біріктіру ұсынылды, бұл басқаруды орталықтандыруға және ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік берді. Іріктемелі зерттеулерге көшу – ескі әрі көп ресурсты қажет ететін жаппай байқауларды алмастырды, ал өңірлердегі штат санын оңтайландыру техникалық жаңғыртуға қаражат бөлуге жағдай жасады. Негізгі экономикалық институттар – Ұлттық банкпен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен өзара ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды. Бұл реформалар Қазақстанда экономикалық және әлеуметтік шынайылықты уақтылы әрі дәл көрсетуге қабілетті заманауи статистикалық жүйенің қалыптасуына берік негіз қалады.

Осы кезеңде компьютерлік техника мен бағдарламалық жасақтаманы жетілдіру жұмыстары жүргізілді, бұл статистикалық ақпаратты жинау мен өңдеудің тиімділігін айтарлықтай арттырды. Әсіресе, жаңа бағдарламалық өнімдердің енгізілуін атап өткен маңызды, олар деректерді өңдеу уақытын едәуір қысқартуға және компьютерлік жүйелердің жедел және физикалық жадысын тиімді пайдалануға ықпал етті.

Бұл уақыттың маңызды жетістігі аудандар мен өңірлер деңгейінде статистикалық ақпаратты жинау және өңдеу үшін пайдаланылған «жергілікті бағдарламалық кешендерді» (ЖБК) құру және дамыту болды. Бұл бағдарламалар деректерді бірнеше пайдаланушының қатар енгізуіне мүмкіндік берді, бұл ақпаратты өңдеу процесін едәуір жеделдетіп, оны тиімдірек етті. Аудандық және өңірлік деңгей үшін бірнеше қызметкердің бір нысандағы деректерді әртүрлі компьютерлерден параллель енгізуі бойынша көп пайдаланушы интерфейсі жасалды. ЖБК-де республикалық деңгейде мемлекеттік

статистикалық органның сайтына бюллетеньдер кестесін txt форматында автоматты түрде жіберуге арналған модуль әзірленді.

90-ыншы жылдардың соңында статистикалық ақпараттың толықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарған статистикалық тіркелімдерді құру бойынша белсенді жұмыстар басталды. Ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімін құру 1995 жылы АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі (United States Secretary of Agriculture (USDA)) мен TACIS бағдарламасының сарапшыларының жәрдем көрсетуімен басталды. Тіркелімнің алғашқы редакциясын 1996 жылы облыстық статистика басқармалары дайындады. Қазіргі уақытта ол шаруашылықтардың әртүрлі санаттары бойынша деректерді жинауды және талдауды қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы өндірушілерін есепке алудың негізгі құралы болып табылады. Статистиканы дамытудың маңызды кезеңі Еуропалық жіктеуішпен (NACE) үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес қызмет түрлері бойынша өнімдер мен қызметтерді есепке алуды енгізу болды. Бұл деректердің халықаралық деңгейдегі салғастырымдылығын қамтамасыз етті.

Еңбек нарығындағы статистиканы жақсарту да маңызды кезең болды. Нарықтық экономикаға көшу еңбек және халықты жұмыспен қамту саласында үлкен өзгерістерге әкелді. Қолайсыз факторлардың күшеюі (теріс демографиялық процестер, экономикалық құлдырау) 1992 жылдан басталған республиканың еңбек ресурстары санының қысқаруына әсер етті. Іс жүзінде толық жұмыспен қамтылудан нарықтық экономика критерийлеріне сәйкес келетін экономикалық белсенділік жүйесіне көшу орын алды. Кәсіби жұмыспен қамту дискретті және нақты жұмыс күшіне деген сұранысқа тәуелді болды. Еңбек ұтқырлығы мен көші-қондағы шектеулер 1990-2000 жылдардағы ауқымды жұмыссыздыққа себеп болды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда

жұмыспен қамтуды реттеудің әртүрлі тәсілдері қалыптасты: қысқартылған жұмыс кестелері, жұмыспен қамтудың уақытша түрлері қолданылды, ресми және бейресми жұмыспен қамту арасындағы шекаралар жойылды, жұмыспен қамтылғандардың жаңа санаты қалыптасты – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Халықтың табысы мен жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу бөлігінде жағдай өзгерді. Орталықтандырылған жалақы белгілеу орнына ең төменгі жалақы мөлшері белгіленді. Мемлекеттік статистика органдарына осы жағдайда еңбек нарығындағы істің шынайы жағдайы туралы деректерді қалыптастыру қажет болды. Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту туралы» Заңы қабылданғаннан кейін 1991 жылдан бастап республиканың Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің желісі бойынша әзірленетін тіркелген жұмыссыздық туралы ақпарат жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге өтініш білдірген жұмыссыздардың бөлігін қамтыды. Қазақстан жұмыссыздықтың өсуіне және уақытша, толық емес еңбек қатынастары сияқты жаңа жұмыспен қамту формаларының пайда болуына себеп болған еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың сәйкес келмеу мәселесіне тап болды. Осы жағдайда мемлекеттік статистика органдары еңбек нарығындағы нақты жағдайды көрсететін анық және егжей-тегжейлі көрсеткіштерді құру үшін белсенді жұмыс істей бастады. Бұл бағыттағы ең маңызды қадамдардың бірі еңбек статистикасының халықаралық стандарттарын енгізу болды, ол деректердің сапасы мен салыстырмалылығын халықаралық деңгейде арттыруға мүмкіндік берді.

Сауда саласында да елеулі өзгерістер болды, онда статистикалық байқаудың жаңа әдістері енгізілді, бұл сауда көлемін, тауар қорларын және басқа да экономикалық көрсеткіштерді бағалау дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді. Қазақстан ішкі және сыртқы сауда статистикасын жақсарту, сондай-ақ

коммерциялық қызметтер мен инвестициялар саласындағы статистиканы дамыту бойынша белсенді жұмыс істей бастады.

Қазақстанда мәдениет мекемелерін, театрларды, мұражайларды, кітапханаларды және басқа да нысандарды қоса алғанда, мәдениет және әлеуметтік қызметтер статистикасын жетілдіру бойынша қадамдар жасалды. Бұл өзгерістер нақтырақ көрсеткіштерді дамытуға және мәдениет және білім беру қызметтерін есепке алуды жақсартуға ықпал етті, бұл өз кезегінде Қазақстан Үкіметіне мәдениет саясатын басқару бойынша тиімді шешімдер қабылдауға және әртүрлі әлеуметтік-мәдени бастамаларды қолдауға мүмкіндік береді.

1994 жылы алғаш рет қатаң белгіленген тауарлар жиынтығы бойынша заттай көрсеткіштер динамикасы негізінде өнеркәсіптік өндірістің нақты көлем индекстерін есептеуге көшу, содан кейін тұтастай республика бойынша және өңірлік бөліністе экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерді біріктіру жүзеге асырылды. Одан кейінгі жылдары халықаралық стандарттарға сәйкес объективті және сенімді ақпарат алу үшін өндіріс статистикасын жетілдіру жұмыстары жалғасты.

Ұлттық шоттар жүйесін жаңғырту да маңызды кезең болды, бұл жалпы ішкі өнім, инвестициялар, сыртқы сауда көлемі және экономиканың басқа да маңызды көрсеткіштері сияқты елдің макроэкономикалық көрсеткіштерін дәл көрсетуге мүмкіндік берді. Ол үшін 1998 жылы күрделі салымдар, құрылыс көлемі және басқа да негізгі экономикалық көрсеткіштер туралы деректерді дәлірек жинауға және өңдеуге мүмкіндік беретін жаңа есепке алу және есеп беру жүйесі жасалды.

1999 жылы ел мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет Қазақстан Республикасында отандық статистика мен мемлекеттілік тарихындағы маңызды оқиға – Ұлттық халық санағы жүргізілді.

Халық санағын өткізу мерзімдерінің кезекті әлемдік раундтармен салыстырым-

дылығын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ халықаралық ұсынымдарды (БҰҰ ЕЭК) ескере отырып ұлттық санақтар кемінде он жылда бір рет өткізіледі.

Қазақстан Республикасында санақ жүргізудің белгіленген мерзімі халықты қамту және жиналатын деректердің сапасы тұрғысынан санақты неғұрлым табысты жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

1999 жылғы халық санағы статистикалық ғана емес, сонымен бірге терең әлеуметтік-саяси маңызға ие болды. Бұл одақтас құрылымдардың қатысуынсыз, тәуелсіз ұлттық мемлекеттік статистика органдарының күшімен жүзеге асырылған алғашқы ауқымды жоба болды, бұл демографиялық ақпаратты жинау мен талдауда толық дербестікке көшуді білдірді.

Санаққа дайындық ерте басталды: БҰҰ-ның халықаралық стандарттарына бағытталған заманауи әдіснамалық аппарат әзірленді, санақ персоналын оқыту мен сынақ санақтарын қоса алғанда, үлкен ұйымдастырушылық жұмыс жүргізілді. Есептеу орталықтарын қолдана отырып, сауалнамаларды кодтау мен сканерлеудің орталықтандырылған жүйесін қоса алғанда сол кездегі деректерді өңдеудің заманауи технологиялары қолданылды.

1999 жылғы халық санағы барысында халықтың саны, жыныс-жас құрылымы, білім деңгейі, этникалық құрамы, тілдері, көші-қоны, жұмыспен қамтылуы және басқа да сипаттамалары туралы мәліметтер жиналды. Санақ қорытындылары экономикалық реформалар, ауқымды көші-қон, туу мен өлім-жітім түріндегі халықтың табиғи қозғалысындағы өзгерістер аясында 1990-шы жылдардағы өтпелі кезеңде елде болып жатқан әлеуметтік және демографиялық процестердің объективті бейнесін алуға мүмкіндік берді.

Санақ нәтижелері мемлекеттік демографиялық және әлеуметтік саясатты әзірлеуге, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту және өңірлік даму салаларын жоспарлауға негіз болды. Сонымен қатар,

1999 жылғы Халық санағы деректері халықаралық салыстырулардың қайнар көзіне айналды және кейінгі санақтардың негізін қалады.

2000 жылы Қазақстанның мемлекеттік статистика органдары жаһандық стандарттарға сәйкестікке, халықаралық интеграцияға және экономиканың ашықтығын арттыруға маңызды қадам жасады. Кеңестік статистика мектебі үшін үйреншікті шартты отын тоннасында ғана емес, сонымен қатар Халықаралық энергетикалық агенттіктің (International Energy Agency (IEA)) талаптарына сәйкес келетін мұнай эквиваленті тоннасында орындалған, 1999 жылғы Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық теңгерімін әзірлеу басты жетістіктердің бірі болды. Бұл әдіснаманы қайта қарау Қазақстанға әлемнің жетекші энергетикалық ұйымдарымен бір тілде сөйлеуге мүмкіндік берді. Жұмыстың қорытындысы IEA сарапшыларымен кездесу өткізу және қазақстандық деректерді жаһандық энергетикалық деректер базасына енгізуді бастау болды, бұл елдің халықаралық ашықтығын арттырды. Алғаш рет жарияланған «Қазақстан Республикасының 1990 және 1999-2001 жылдардағы отын-энергетикалық балансы» басылымы да маңызды оқиға болды.

Ол тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы елдің энергетикалық секторындағы өзгерістердің серпінін айқын көрсетті.

Сол жылы ұлттық статистика үшін тағы бір инновациялық өнім – өндірістік – техникалық мақсаттағы тауарларды пайдалану мен ресурстардың теңгерімі әзірленді. Оның негізінде шикізаттың, өнімнің және тауарлардың негізгі түрлерін өндіру, импорттау, экспорттау және тұтыну көлемі туралы деректер жүйеленген статистикалық анықтамалық шығарылды. Қазақстанның тәжірибесі бойынша ТМД Статистикалық комитетінің сауалнамаларына жекелеген тауар нарықтарын қалыптастыру көрсеткіштері де енгізілді.

Осылайша, 90-шы жылдары Қазақстан нарықтық экономика талаптарына жауап беретін және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ұлттық статистиканы дамыту негізін құрды. Бұл жылдар статистика саласындағы ауқымды реформалардың уақыты болды, бұл елге деректерді жинау және өңдеу жүйесін құрып қана қоймай, табысты даму үшін қажетті экономикалық есептеулер мен болжамдардың сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

2001–2010: Қазақстанның статистикалық жүйесіндегі инновациялар: реформалар және жаңа тәсілдер

2001-2010 жылдар кезеңі Қазақстан үшін ұлттық статистикалық жүйенің халықаралық стандарттарға және тез өзгеріп жатқан экономика талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңару уақыты болды.

Еуростат, ХВҚ, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), БҰҰ Статистика комиссиясы және Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдардың бірлескен күш-жігерін біріктіретін Ұлттық шоттар бойынша секретариатаралық жұмыс тобының қолдауымен жаңартылған Ұлттық шоттар жүйесінің – ҰШЖ-2008 нұсқасы

әзірленіп, жарияланды. Оның қабылдануы төлем балансы, мемлекеттік қаржы және ақша-кредит статистикасы сияқты халықаралық статистикалық стандарттармен үйлесімділікке ұмтылумен байланысты болды. ҰШЖ-2008 тұжырымдамаларды, жіктеулерді және бағалау әдістерін үйлестіруді тереңдете отырып, ҰШЖ-1993-тің қисынды жалғасы болды. Жаңа редакцияда Халықаралық салыстыру бағдарламасының тәжірибесіне, сондай-ақ Тұтыну және өндірістік бағалар индекстері бойынша халықаралық нұсқаулықтарға сүйене отырып, бағалар мен көлемдердің динамикасын өлшеуге ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, жүйе салалық құрылымнан бастап мемлекеттік басқару функциялары мен тұтынушылық мақсаттарға дейін негізгі халықаралық жіктемелермен үйлестірілген. Әмбебап құрал бола отырып, ҰШЖ-2008 экономикалық даму деңгейлері әртүрлі елдерге бейімделген және жаһандық ауқымдағы макроэкономикалық көрсеткіштерді ашық және салыстырмалы бағалауға негіз болып қала береді.

2003 жылы 33-ші сессияда БҰҰ Статистикалық комиссиясы ресми түрде мақұлдаған және ҰШЖ-1993-ті алмастырған ҰШЖ-2008 халықаралық стандартын енгізу реформалардың негізгі бағыттарының бірі болды.

Бұл шешім жаһандық экономикалық өзгерістерге және жаһандану, қаржылық инновациялар және цифрлық экономика мәселелерін қоса алғанда, экономикалық белсенділікті өлшеудің дәлірек құралдарына қажеттіліктің өсуіне жауап болды.

Қазақстан бұл жағдайды үлкен сынтетеуірін ретінде және бір мезгілде мүмкіндік ретінде қабылдады: тәуелсіздік жылдарында алғаш рет жалпы ішкі өнімді, инвестицияларды, өндірісті, тұтынуды және халықтың табысын есепке алу бөлігінде статистиканың барлық әдіснамалық базасын толыққанды жаңарту басталды. Ұлттық шоттар дәлірек, ашық және халықаралық деректермен салыстырылатын болды, бұл шетелдік әріптестер, халықаралық ұйымдар мен инвесторлар тарапынан қазақстандық статистикаға деген сенімді айтарлықтай арттырды.

Осы кезеңде статистикалық қызмет тек бар әдістерді бейімдеп қана қоймай, деректерді жинау және өңдеудің инновациялық тәсілдерін енгізді. Әкімшілік дереккөздердің деректерін белсенді пайдалану басталып, іріктемелі зерттеу тәжірибесі кеңейтілді, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдармен, әсіресе макроэкономикалық модельдеу мен болжау мәселелерінде өзара іс-қимыл күшейді.

Қазақстан экономиканың жай-күйі туралы уақтылы, толық және шынайы деректерді

ұсына отырып, өз алдына мемлекеттік құрылымдарға, бизнес-қоғамдастыққа және халықаралық әріптестерге тиімді қызмет көрсетуге қабілетті заманауи статистиканы құру міндетін қойды. Жұмыспен қамту, инвестициялар, инновациялар, сыртқы экономикалық қызмет және баға динамикасы статистикасы айтарлықтай жаңартылды, ал сапалық көрсеткіштер аналитикалық материалдармен толықтырылды.

2000-2001 жылдары Қазақстанда TACIS бағдарламасы аясында және Германияның Федералды статистика қызметі сарапшыларының қатысуымен «Еңбек нарығы» жобасы іске асырылды. Осы жұмыстың нәтижесінде 2001 жылдан бастап елде жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері бойынша тұрақты негізде жүргізілетін, халықты көп нысаналы зерттеу енгізілді. Зерттеу әдіснамасы қазақстандық ерекшелікті ескере отырып, Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) әзірлеген және Еңбек статистиктерінің конференцияларында бекітілген халықаралық стандарттарға негізделген. Зерттеу республиканың бүкіл аумағын қамтиды, іріктеме әдісімен жүргізіледі және үй шаруашылықтары мен 15 жастағы және одан үлкен адамдарды қамтиды, жоғары жас шектеуі жоқ. Бұл халықтың экономикалық белсенділігінің құрылымы мен динамикасын жан-жақты бағалауға, жұмыссыздықтың себептері мен ұзақтығын анықтауға, сондай-ақ жұмыспен қамтуды жыныс, жас, білім және басқа да әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша талдауға мүмкіндік береді. Алынған деректер мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бақылауындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірі – жұмыссыздық деңгейін есептеу үшін негіз болады.

2002 жылдан бастап Қазақстанда ХЕҰ ұсынымдарына сәйкес №2-Т (ПРОФ) нысаны шеңберінде жекелеген кәсіптер мен лауазымдар бойынша жалақы мөлшерін статистикалық есепке алу енгізілді. Жалақы туралы мәліметтер негізінде Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес экономиканың түрлі салаларындағы ақпаратты жүйелеуге мүмкіндік туды.

2004 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ) бекітілді, ол елдің әкімшілік-аумақтық бірліктерін жіктеудің маңызды құралына айналды. 2006 жылы ӘАОЖ жіктеуіштің негізінде алғаш рет Этнодемографиялық статистикалық жылнама шығарылды, ол Қазақстанда да, ТМД елдерінде де пайдаланушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Бұл жылнама елдің этникалық және демографиялық құрылымын түсінуге ықпал ететін ғылыми зерттеулер, аналитикалық есептер мен үкіметтік бағдарламалар үшін маңызды ақпарат көзі болды.

2004 жылдан бастап Қазақстан инновациялар статистикасының көрсеткіштерін жүйелі түрде есепке ала бастады, бұл технологиялар мен жаңа бизнес-процестердің дамуынан туындаған экономикадағы өзгерістерді есепке алуға бағытталған ұлттық статистикалық жүйені жаңғыртудағы маңызды қадам болды. Инновациялар статистикасы халықаралық ұсынымдарға, атап айтқанда «Ослоның инновациялар бойынша деректерді жинау және талдау жөніндегі нұсқаулығына» негізделген, бұл қазақстандық тәжірибені әлемдік стандарттармен біріктіруге мүмкіндік берді. Осы деректер арқылы Қазақстан инновациялық әлеуетті ішкі бағалауды арттырып қана қоймай, халықаралық ұйымдармен өзара байланысын нығайтып, әлемдік аренадағы статистикалық беделін көтерді.

ФАО айқындаған халықаралық стандарттарға сәйкес ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы статистикалық ақпараттың сапасы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін елдер ауыл шаруашылығы санағын кемінде он жылда бір рет жүргізеді және ауыл шаруашылығы санақтарының жаһандық раундтарымен синхрондалады. Бұл деректердің халықаралық салыстырылуын және елдің жаһандық аналитикалық контекстке тартылуын қамта-

масыз етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты 2006-2007 жылдары Қазақстанда Алғашқы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізілді. Бұл санақ АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің (United States Secretary of Agriculture (USDA)) Ұлттық ауыл шаруашылығы статистикалық қызметінің (National Agricultural Statistics Service (NASS)), сондай-ақ Түркия статистика институтының ұсынымы аясында өсімдік шаруашылығы (2006) және мал шаруашылығы (2007) салалары бойынша бөлек-бөлек жүргізілді. Санақ қағаз жеткізгіштерді пайдалана отырып, классикалық әдіспен жүзеге асырылды және тәуелсіз Қазақстан жағдайында аграрлық статистиканы дамыту негізі болды.

Бұл процесте Мемлекеттік агроөнеркәсіптік азық-түлік бағдарламасы және Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әрбір ауылдық (селолық) округте енгізілген ауылдық статистик мамандар ерекше рөл атқарды. Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы туралы егжей-тегжейлі ақпарат жинау арқылы елдің агроөнеркәсіптік кешеніндегі процестердің нақты көрінісі қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, осы кезеңде Қазақстан дәнді дақылдардың өнімділігін зерттеу бойынша жаңа тәсілдерді зерттеді. Мұндай зерттеулер АҚШ-та, Германия, Италия, Англия сияқты ЕО елдерінде сәтті жүргізілді. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арнайы зерттеу практикасын енгізу ауыл шаруашылығы дақылдарының (бидай мен күріштің) нақты түрлері бойынша астық көлемі туралы неғұрлым сенімді және сапалы бастапқы статистикалық ақпаратты алуға мүмкіндік берді. 2004 жылы зерттелген тәжірибе негізінде, жалпы астық жинау бойынша респонденттер ұсынатын деректердің сапасын бақылау мақсатында статистика органдары «Дәнді дақылдар түсімділігін зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемесін» әзірлеп, енгізді. 2006 жылдан бастап республиканың

бидай өсірумен айналысқан барлық өңірлері бидайдың түсімділігін арнайы зерттеумен қамтылды, ал 3 жылдан кейін бидаймен қатар республиканың 3 оңтүстік өңірінде күріш түсімділігін байқау ұйымдастырылды.

2009 жылдан бастап БҰҰ Статистикалық Комиссиясының 40-шы сессиясының материалдарын зерделеуден бастап Ауыл шаруашылығы және ауыл статистикасын жетілдірудің жаһандық стратегиясы (бұдан әрі – Жаһандық стратегия) мәселелері бойынша жұмыс жүргізіле бастады, онда алғаш рет ауыл шаруашылығы және ауыл статистикасының сапасын жақсарту жөніндегі жаһандық бастамалар туралы баяндама ұсынылды. Жаһандық стратегия шеңберінде ауыл шаруашылығы статистикасын жетілдіру бағыттарының бірі ретінде азық-түлік қауіпсіздігін өлшеу үшін жаңа көрсеткіштерді енгізу көзделген. Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында республикада негізгі стратегиялық өнім – астықтың болуы ай сайын бақыланады.

2005 жылы Қазақстан ЮНИСЕФ-тің әйелдер мен балалардың жағдайын бағалауға бағытталған Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКЗ) жүргізу жөніндегі халықаралық бағдарламасына алғаш рет қосылды. ЮНИСЕФ өкілдігімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоя отырып, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі МИКЗ-дің үшінші раундын сәтті жүзеге асырды, оның нәтижелері Қазақстан Республикасы Парламент Сенатында таныстырылып, жоғары бағаланды. Сол кезден бастап бұл сауалнама тұрақты түрде өткізіліп келеді, ал алынған деректер балалар құқықтарын қорғау және теңдік саласындағы ұлттық және халықаралық міндеттемелердің орындалуын бағалау үшін қолданылады.

Сол 2005 жылы TACIS бағдарламасы шеңберінде инвестициялар мен құрылыс статистикасын жаңғырту бойынша жұмыс жалғастырылды: құрылысқа рұқсаттар мен материалдық емес инвестицияларды есепке

алудың жаңа тәсілдері әзірленіп енгізілді, бұл статистикалық ақпараттың толықтығы мен халықаралық салыстырмалылығын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Рұқсат алудан бастап объектілерді пайдалануға беруге дейін құрылыстың толық циклін бақылауға ерекше назар аударылды. Кейін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылы Инвестициялар тарту жөніндегі кеңес құрылды, бұл инвестициялар саласындағы нақты және жедел деректердің стратегиялық маңыздылығын көрсетті. Бүгінгі таңда инвестициялар статистикасы Қазақстан экономикасының орнықты экономикалық өсуіне және әртараптандырылуына ықпал ете отырып, мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдау үшін сұранысқа ие құрал болып табылады.

Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның орталық аппаратының елорда – Астана қаласына көшірілуі ұйымдық тұрғыдан күрделі сынақ болды. Көшірудің бірінші кезеңі 2006 жылдың желтоқсанында, ал екінші кезеңі 2007 жылдың маусымында ұйымдастырылды. Салалық бөлімшелерден небәрі бір-екі маман ғана көшіп келген, шектеулі кадрлық ресурстар жағдайында статистикалық ақпаратты уақтылы әрі сапалы қалыптастыру сарапшылардың жоғары кәсібилігінің арқасында мүмкін болды. Олардың цифрлық формализациялау, деректерді жинау және өңдеу бойынша бағдарламалық кешендерді әзірлеу және сүйемелдеу саласындағы білімі, сондай-ақ аумақтық деңгейден бастап орталық аппаратқа дейінгі барлық деңгейлерде қателерді жылдам анықтап, жою қабілеті жүйе тұрақтылығының кепілі болды.

Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуы және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінің шекарасында кедендік бақылаудың жойылуы жағдайында Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары өзара сауда статистикасының дәлдігі мен сапасын қамтамасыз ету міндетімен бетпесте келді. Өзара сауда статистикасын кеден

органдары жүргізетін ЕАЭО-ның басқа елдерінен айырмашылығы, Қазақстанда бұл функция мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға берілді. Қазақстан алғашқы жылдың өзінде өзара сауда деректерінің жоғары дәлдігін қамтамасыз етіп, Ресей Федерациясымен деректердегі алшақтықты 0,2-0,4%-ға дейін төмендетті. Экспорт және импортпен айналысатын респонденттерді сапалы қамту, сондай-ақ әріптес елдермен деректерді «айналы» талдау арқылы осы нәтижеге қол жеткізілді. Бұдан басқа, деректерді мұқият салыстырудың арқасында Қазақстан жалған кәсіпкерлік жағдайларын, оның ішінде шетелдік компаниялар арасында анықтады, бұл осы елдердің уәкілетті органдары тарапынан валюталық бақылауды күшейту үшін сыртқы экономикалық қызметтің әріптес елдерімен олар бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Айта кетейік, бұл жұмыс бүгінгі күнге дейін жүргізілуде, статистика сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, бизнес-құрылымдарға жүктемені азайту мақсатында балама дереккөздерді іздеу жүзеге асырылуда.

2009 жылы екінші ұлттық халық санағы жүргізілді. Бұл кезде Қазақстанда реформалар жүргізу қажеттілігі азайып, экономика тұрақтанды, саяси жүйе нығайды. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай туудың өсуіне және оң көші-қон балансының қалыптасуына ықпал етті. Халықтың табыс деңгейі артып, азаматтардың тұрмыс жағдайы

мен әлеуметтік жағдайы жақсарды. Санақ қорытындысы бойынша халық саны 16 009,6 мың адамға жетті.

1999 және 2009 жылдардағы санақ деректерін салыстыру маңызды демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді. Біріншіден, халықтың жалпы санының шамамен 1,1 миллион адамға өсуі байқалды. Екіншіден, қала тұрғындарының үлесі артты, бұл урбанизацияның жалғасып жатқанын көрсетті. Үшіншіден, этникалық құрылым айтарлықтай өзгерді: халық құрамындағы қазақтардың үлесі өсті, бұл отандастардың табиғи өсімін де, шетелден (қандастар) оралуын да көрсетеді.

Сонымен қатар, 2009 жылғы санақ кезінде жиналатын ақпарат тізбесі, оның ішінде тілдік тиістілігі, мүгедектігі, көші-қон белсенділігі және басқа да әлеуметтік маңызды сипаттамалар кеңейтілгенін атап өткен жөн.

Осылайша, 2001-2010 жылдар аралығында Қазақстан халықаралық стандарттарды интеграциялай отырып, деректерді жинау мен өңдеудің жаңа әдістерін енгізумен және неғұрлым ашық әрі қолжетімді статистикалық инфрақұрылымды құрумен өзінің статистикалық жүйесін айтарлықтай жақсартты. Бұл қадамдар статистикалық ақпараттың дәлдігін, жеделдігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде ел экономикасын тиімдірек басқаруға және оны әлемдік экономикаға біріктіруге ықпал етті.

2011–2020: Статистикалық қызмет процестерін автоматтандыру

2011 жылдан 2020 жылға дейінгі кезең Қазақстанның заманауи статистикалық жүйесінің қалыптасуының маңызды кезеңі болды. Онжылдықтың басы институционалдық іргетасты нығайту бойынша белсенді әрекеттермен ерекшеленді: Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен 2011 жылы «ҚАЗСТАТ» жобасын іске асыруға бастау болған Дүниежүзілік банкпен қарыз

туралы келісімге қол қойылды. 2012 жылдан бастап ұлттық статистиканы жан-жақты нығайтуға бағытталған осы жобаны іс жүзінде іске асыру басталды. Жетекші халықаралық сарапшылар тартылып, Германия Статистика басқармасының басшылығымен консорциум құрылды. Қазақстандық мамандар Еуропа одағы (ЕО) елдерінің статистикалық ведомстволарында оқытылды, ал шетелдік

консультанттар мемлекеттік статистиканың орталық және аумақтық органдарында көптеген миссиялар өткізді.

Жоба шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық шоттар жүйесінен бастап баға статистикасы, жұмыспен қамту, инвестициялар, ғылым, көлік, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы және туризмге дейінгі негізгі бағыттар бойынша ұлттық әдіснаманы ауқымды қайта қарау жүргізілді. Статистикалық құралдарды жетілдіруге көп көңіл бөлінді: есеп беру нысандары мен олардың нұсқаулықтары қайталануды болдырмау және респонденттерге жүктемені азайту тұрғысынан тексерілді. Еуропа елдерінің статистикалық тәжірибесін қолдана отырып, алғаш рет бастапқы статистикалық ақпаратты жинаудың балама әдісі ретінде телефон арқылы сауалнама жүргізу әдістемесі әзірленді.

Осы уақытта Қазақстан 2008 жылғы ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес қаржы шотының есептеулерін жақсартуға кірісті. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп, ипотекалық ұйымдар, сақтандыру компаниялары, Қазақстанның Даму Банкі және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша деректерді интеграциялау қамтамасыз етілді, бұл есептеулердің дәлдігін едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, 2011 жылдан бастап пән-аралық статистика мәселелеріне – Мың-жылдықтың даму мақсаттарына (кейінірек Орнықты даму мақсаттары), гендерлік статистикаға, балалардың, мүгедектігі бар адамдардың жағдайы туралы статистикаға ерекше назар аударылады. Халықаралық міндеттемелерді орындау үшін деректерді жинау мен есептілікті ұсынуға ведомство-аралық үйлестіру жақсартылды, сайтта арнайы кіші бөлімдер ашылды (МДМ/ОДМ статистикасы, гендерлік статистика, балалар туралы статистика), әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, ұрпақ арасындағы қатынастар, мүгедектігі бар адамдардың тұрмыс сапасы бойынша алғашқы зерттеулер жүргізілді.

Қазақстан алғаш рет мүгедектігі бар адамдардың тұрмыс сапасы бойынша зерттеу қорытындыларын қолжетімді форматта – Брайль шрифтіне және аудиокітап түрінде шығарды, оларды мүгедектігі бар адамдардың қоғамдарына таратты.

2012 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысы бойынша статистика органдары «Ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптық құрамы» біржолғы статистикалық байқауын жүргізді. Алынған деректер республикадағы селекцияның жағдайы мен дамуын талдау үшін пайдаланылды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының неғұрлым өнімді және орнықты сұрыптарын өсіруді қамтамасыз етті, бұл өз кезегінде елдегі өсімдік шаруашылығының әлеуетін арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етті.

2013 жылдан бастап ұлттық практикаға туризм бойынша қосалқы шоттарды қалыптастырудың халықаралық тәсілдері енгізілді, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында ұқсас шотты әзірлеу басталды. Бұл бастамалар әлеуметтік саладағы статистикалық көрсеткіштердің салыстырымдылығын қамтамасыз етті және мемлекеттік статистиканың аналитикалық құрамдас бөлігін нығайтты.

Сонымен қатар, экологиялық статистика дамыды. Орнықты даму, экология және климаттың өзгеру көрсеткіштеріне өсіп жатқан қызығушылықты ескере отырып, Қазақстан БҰҰ ЕЭК және ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес орнықты даму және жасыл өсу индикаторларын енгізуді бастады. Осылайша, Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының Табиғи-экономикалық есепке алу жүйесін (ТЭЕЖ) енгізді. ТЭЕЖ шоттарын жариялау ресми статистика шеңберінде жүзеге асырылады, бұл ретте олардың тізбесі біртіндеп кеңеюде. 2015 жылы қоршаған орта статистикасын қалыптастыру әдістемесі бекітілді. Бұл экологиялық және экономикалық деректер арасындағы өзара

іс-қимылды қамтамасыз етуге және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті өлшеуге көшуге мүмкіндік берді.

Инфрақұрылымды жаңғырту процестерді цифрландырумен қатар жүрді. 2012 жылдан бастап Бірыңғай цифрлық контурда деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды біріктіретін «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін белсенді енгізу басталды. 2015 жылдан бастап «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесі жіктелімдер мен метадеректерден бастап бастапқы деректерді жинауға, оларды өңдеуге және таратуға дейін статистикалық өндірістің барлық кезеңдерін автоматтандыруды қамтитын әмбебап платформаға айналды. Бұл көптеген жергілікті бағдарламалық компоненттерден бас тартуға мүмкіндік беріп, статистикалық үдерістердің бірізділігі мен сенімділігін арттырды. «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді, ол пайдаланушыларға 2000 жылдан бастап ретроспективамен интерактивті нысанда 3500-ден астам статистикалық көрсеткішке қол жеткізуді қамтамасыз етті. 2018-2019 жылдары халық санағын online режимінде өткізу үдерістерін автоматтандыру, деректерді өңдеудің жоғары жылдамдығын қамтамасыз ету, әкімшілік дереккөздердің деректерін пайдалану арқылы деректердің сапасын арттыру жүзеге асырылды.

2017 жылы статистикалық есептілікті электронды түрде ұсыну үшін жаңартылған «Респонденттің кабинеті» іске қосылды, ол мемлекеттік статистиканың уәкілетті органымен өзара іс-қимыл процесін едәуір жеңілдетті. Сол жылы Халықаралық энергетикалық агенттігі (International Energy Agency (IEA)) мен Еуропалық серіктестердің қатысуымен үй шаруашылықтарын отын мен энергияны тұтынуы бойынша зерттеу сауалнамасы енгізілді, бұл IEA энергетикалық сауалнамаларын толтыру сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

2018 жылы Қазақстанда түрлі салаларда ақпараттық-коммуникациялық техно-

логияларды (АКТ) пайдалануды жүйелі статистикалық бағалау басталды. «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы» және «Үй шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы» статистикалық байқаулардың сапасы туралы есептер әзірленді. Үй шаруашылықтарын зерттеу жыныс-жас құрылымы, білім деңгейі, компьютерлік және цифрлық сауаттылық деңгейі, пайдаланушының қалауы бойынша АКТ қолдану ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Кәсіпорындар бойынша деректер АКТ енгізу деңгейін, компьютерлер мен есептеу желілерінің болуын, Интернет желісін пайдалану мақсаттарын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға шығындарды, IT-мамандардың санын көрсетеді.

Сонымен қатар, ЕАЭО шеңберінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен және басқа да уәкілетті органдармен үйлестіру арқылы сыртқы және өзара сауда статистикасы дамыды. Мониторинг құралдары, оның ішінде көрсеткіштер тізбесін кеңейту арқылы күшейтілді.

Қазақстан озық халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, 2020 жылы жекелеген ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен егіс алқаптарын бағалау үшін ғарыштан мониторингтеу деректерін зерттеп, талдауға кірісті. Бұл деректер тәуелсіз ақпарат көзі болып табылады, респонденттерге әкімшілік қысым жоқ және заманауи жинау әдістерін қолданумен алынған. Польшаның статистикалық қызметі мен АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің (United States Secretary of Agriculture day (USDA)) тәжірибесі зерттелді.

2020 жылға қарай Қазақстанның статистикалық жүйесі кешенді, цифрлық, әдіснамалық тұрақты және пайдаланушыларға бағдарланған құрылым болды. «ҚАЗСТАТ» жобасын іске асыру, цифрлық платформаларға

көшу, салалық бағыттарды дамыту және халықаралық ынтымақтастық ұлттық статистиканы дамытуда сапалы серпілісті қамтамасыз етті. Нәтижесінде басқару шешімдерін қабылдау

және елдің тұрақты дамуын бағалау үшін қажетті уақтылы, сенімді және халықаралық салыстырмалы ақпаратты қамтамасыз етуге қабілетті жүйе пайда болды.

2021–2025: Қазақстанның мемлекеттік статистикасы – бүгін

Осы кезеңде Қазақстан халықаралық жүйелермен ауқымды интеграцияға және жасанды интеллект пен машиналық оқыту сияқты жаңа технологияларды пайдалануға баса назар аудара отырып, өзінің статистикалық мүмкіндіктерін дамытуды жалғастыруда.

2021 жылы Қазақстанда БҰҰ қамқорлығымен 2020 раундтың Дүниежүзілік халық санағы және тұрғын үй қоры бағдарламасы шеңберінде үшінші ұлттық халық санағы жүргізілді. Ел тарихында ол алғаш рет заманауи цифрлық технологияларды – sanaq.gov.kz веб-порталындағы онлайн-нысандарды және планшеттерді қолдана отырып ұйымдастырылды, бұл статистикалық операцияларды модернизациялаудың маңызды кезеңі болды.

Деректерді жинау екі тәсілмен жүзеге асырылды (азаматтардың өздеріне және отбасы мүшелеріне санақ парақтарын дербес толтыруы) және офлайн (интервьюерлердің қағаз жеткізгіштерді пайдаланбай, планшетті пайдалану арқылы сауалнама жүргізуі).

Тіркелім тәсілінің элементтерін қолдану маңызды жаңалық болды: негізгі мәліметтер (ТАӘ, жынысы) Халықтың статистикалық тіркелімінен автоматты түрде жүктелді, бұл респонденттерге жүктемені азайтты, дәлдік пен ресми дереккөздерге сәйкестікті арттырды. Жұмыспен қамту, көші-қон, тілдер, тұрғын үй жағдайлары туралы қалған ақпарат сауалнама барысында нақтыланды.

Онлайн және офлайн әдістердің үйлесімі халықты кеңінен қамтуды қамтамасыз етті. Онлайн сауалнама қала тұрғындары мен жастар арасында танымал болды, ал дәстүрлі аралау осал және шалғайда тұратын топтарды

қамтуға мүмкіндік берді. Планшеттерді пайдалану жұмыстардың барысын, деректердің сапасын нақты уақыт режимінде бақылауға және қателерді азайтуға мүмкіндік берді.

Салыстыру үшін, 2009 жылғы халық санағы толығымен қағаз жүзінде жүргізілді: интервьюерлер парақтарды қолмен толтырды, содан кейін олар ABBYY FormReader және FoxPro-дағы жергілікті жүйелер арқылы сканерленді және өңделді.

2021 жылы цифрлық және ішінара тіркелім форматына көшу санақты нақты, жедел және үнемді етті, нәтижелерге сенім артты және статистикалық ақпараттың сапасы жақсарды.

Халық санағын жүргізу кезінде алынған тәжірибе 2025 жылы екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде пайдаланылды. Санақ алғаш рет деректерді жинаудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, цифрлық форматта өтті:

- sanaq.gov.kz мамандандырылған порталы арқылы онлайн режимде;

- интервьюерлердің планшеттік құрылғыны қолдануымен жеке сұхбат жүргізуі арқылы.

Санақ жүргізудің алдында ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілді:

- халықаралық және ұлттық статистика басқармаларымен (Латвия, АҚШ, Польша, Ресей, Өзбекстан, Ұлыбритания, Грузия) консультациялар ұйымдастырылды;

- пилоттық санақ сәтті жүргізілді, оның аясында далалық кезеңдердің әдіснамасы, цифрлық платформасы және логистикасы сыналды.

Мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы саласында

ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары санақ субъектілері болды.

Цифрлық шешімдерге ерекше назар аударылды:

- респонденттерге консультациялық қолдау көрсету үшін жасанды интеллект негізінде виртуалды көмекші іске қосылды;

- санақтың белсенді кезеңінде Ұлттық статистика бюросының 1446 Бірыңғай байланыс орталығы тәулік бойы жұмыс істеу режиміне ауыстырылды;

- Data Literacy Hub оқыту платформасы негізінде 4600-ден астам санақ персоналын, соның ішінде 3700 интервьюерді оқытуға арналған модуль құрылды.

Ауыл шаруашылығы қызметінің барлық спектрі: жер және егіс алқаптарынан бастап мал шаруашылығы кешендері, техника, қоймалар, өндірістік инфрақұрылым және еңбек ресурстары есепке алу объектілерінің қатарына кірді.

Сонымен қатар, технологиялардың қарқынды дамуы және жедел және нақты деректерге деген қажеттіліктің артуы жағдайында статистиканы цифрлық трансформациялау стратегиялық міндетке айналды. Осы тұрғыда, 2023 жылы Digital Bridge форумында Мемлекет басшысы Ұлттық статистика бюросына ауқымды реформа жүргізуді және заманауи цифрлық ведомство форматына көшуді тапсырды.

Ұлттық статистика бюросының алдына қойылған міндетті іске асыру үшін «Мемлекеттік статистиканы және деректердің ұлттық экожүйесін дамыту тұжырымдамасында» және Мемлекеттік статистиканы және ұлттық деректер экожүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған бекітілген жол картасында көрініс тапқан статистикалық жүйені реформалаудың негізгі бағыттары әзірленді.

Мемлекеттік статистиканы дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар статистикалық өндірістің барлық кезеңдерінде үйлестіруді күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының және статистикалық қызметті немесе деректермен жұмысты жүзеге асыратын ұйымдардың нормативтік құқықтық базасына өзгерістер енгізуден басталды.

Деректердің сапасын арттыруға және респонденттерге жүктемені азайтуға бағытталған негізгі заңнамалық бастамалар қабылданды.

Алғаш рет үш жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспары әзірленді, оған 187 атау бойынша 36 әкімшілік дереккөздің және 4 балама дереккөздің әкімшілік деректері енгізілді.

Статистикалық және әкімшілік көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде әдіснамалық тәсілдерді біріздендіру және қайталанатын есептілікті болдырмау мақсатында мемлекеттік органдардың есептілік нысандары мен көрсеткіштеріне ревизия жүргізілді. Қорытындысында 1,6 мың нысанды қамтитын Есептіліктің бірыңғай тізілімі және 13 мың әкімшілік көрсеткіштен тұратын Бірыңғай анықтамалық бекітілді.

Бірыңғай жүйе шеңберінде мемлекеттік дерекқорларда пайдаланылатын жіктеуіштер мен анықтамалықтарды құрылымдауға мүмкіндік беретін «Ұлттық анықтамалық ақпарат» цифрлық сервисі әзірленді.

Статистикалық байқаудың дәстүрлі нысанынан әкімшілік және балама ақпарат көздерін (фискалдық операторлардың, цифрлық тіркелімдердің, ЭШФ жүйелерінің, жұмыспен қамту трекерлерінің деректері және міндетті зейнетақы жарналары, екінші деңгейдегі банктердің транзакциялары және басқа да құралдар негізінде кірістер туралы деректер) пайдалануға көшу жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып мобильді позициялау деректерін ресми статистикаға енгізді.

Осы шаралар есебінен 35 статистикалық нысан қысқартылды (146-дан 111-ге дейін немесе 24%).

Сондай-ақ, Ұлттық статистика бюросы дәстүрлі тәсілдерден озып, деректерді жинау мен талдауда жаңа көкжиектер ашуға бағытталған эксперименттік статистика бағытын белсенді дамытуда. Инфляцияны дәлірек және жедел есептеу үшін бақылау-касса машиналарынан алынған фискалдық деректерді қоса алғанда, инновациялық ақпарат көздерін пайдалануға ерекше назар аударылады. Бағыт шеңберінде пилоттық жобалар іске қосылады, эксперименттік көрсеткіштер қалыптастырылады, статистикалық байқаудың заманауи цифрлық құралдары мен әдістері енгізіледі. Алынған нәтижелер алғаш рет ашық қолжетімділікте – Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсында дашборд және талдамалық жазба форматында ұсынылды, бұл Қазақстандағы статистиканың ашықтығын, сенімін және ғылыми дұрыстығын арттыруға қарай жасалған маңызды қадам болды.

Осы кезеңде Қазақстанда халықаралық стандарттар мен цифрлық технологияларды енгізуге бағытталған салалық статистиканы ауқымды жаңғырту жүргізілді.

Энергетика статистикасында Халықаралық энергетикалық агенттіктің әдіснамасы бойынша отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыруға көшу жүзеге асырылды, бұл есептеулердің дәлдігі мен шетелдік статистикамен салыстырымдылығын арттырды.

Көлік саласында Дүниежүзілік банктің және Данияның статистикалық кеңсесінің қолдауымен жеке тасымалдаушылардың қызметін бағалау әдістері жаңартылды, зерттеудің жаңа нысандары енгізілді және жалпы шығарылым қайта есептелді.

Ауыл шаруашылығы статистикасында Жерді қашықтан зондтау, спутниктік мониторинг және электрондық есепке алу технологиялары қолданылады, бұл егіс алқаптарын, өнімділікті, жайылымдардың жай-

күйін, жылыжай өнімдері мен мал басын есепке алуды дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Бағаларды мониторингтеу үшін тауарлар мен қызметтердің 60 атауын қамтитын мобильді қосымшалар мен талдау технологиялары енгізілді. Деректер stat.gov.kz интернет-ресурсында және «Талдау» жүйесінде жарияланады. Е-commerce саласында АДБ-мен бірлесіп 46 саладағы ірі маркетплейстер мен кәсіпорындарды қамтитын жаңа статистикалық нысан әзірленді, бұл сату көлемін, тапсырыстар санын және орташа чекті талдауға мүмкіндік берді.

Ұлттық шоттарда есептеулер автоматтандырылды, 2010-2023 жылдардағы деректер ҰШЖ-2008 стандарты бойынша қайта есептелді және ведомствоаралық макро көрсеткіштерді үйлестіру іске асырылды. Бенчмаркинг әдістерін, XLPBM БЖ қолданумен және JDemetra+-да ЖІӨ-ні маусымдық тегістеуді енгізе отырып, эксперименттік тоқсандық шоттар құрылды.

Өнеркәсіптік статистиканы дамыту мақсатында Қазақстан ЮНИДО жобасының II кезеңіне қатысады, оның шеңберінде деректерді жинау әдістері жаңғыртылады және мамандарды оқыту жүргізіледі.

2024 жылы Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесін жаһандық бағалау шеңберінде шетелдік сарапшылар тобы қоршаған орта статистикасы бойынша секторалдық шолу жүргізді, ол күшті институционалдық қатысуды және экологиялық деректерді кеңінен қамтуды атап өтті, нәтижесінде шетелдік сарапшылар тарапынан экологиялық статистикаға жоғары баға берілді.

Туризм статистикасы дамуда: QR-кодтар арқылы қонақүйлерде цифрлық сауалнамалар және туристік ағындарды есепке алу үшін «eQonaq» жүйесімен интеграция енгізілді.

Осы қайта құрулардың нәтижесінде елдің статистикалық жүйесі неғұрлым технологиялық, дәл және ашық болып, ресми деректерге деген сенімді нығайтып, шешім қабылдау үшін олардың құндылығы артты.

Сондай-ақ, Ұлттық статистика бюросы басымдықтарының бірі пайдаланушыларды өзекті, сенімді және тәуелсіз статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ оған қолжетімділікті кеңейту болып табылады. Деректерді таратудың негізгі арнасы stat.gov.kz интернет-ресурсы болып табылады, онда Тарату кестесіне сәйкес барлық көрсеткіштер әртүрлі форматта жарияланады.

Дәстүрлі жарияланымдарға қоса, деректерге жылдам және көрнекі қол жеткізуді қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштер бойынша интерактивті дашбордтар енгізілді. «Пайдаланушы кабинетінің» авторизациядан өткен пайдаланушылары үшін мамандандырылған сервистер: БСН/ЖСН және ЭҚЖЖ бойынша іздеу, таратылымға жазылу, сәйкестендірілмеген дерекқорларды алу (оның ішінде Астана мен Алматыдағы «Зерттеуші кабинеттері» арқылы), сондай-ақ өтеулі негізде статистикалық ақпаратқа өтінім қолжетімді.

Жедел кері байланыс үшін Ұлттық статистика бюросында күніне 500-ге дейін жолданымды өңдейтін және ТМД-дағы осындай алғашқы сервистердің бірі болып табылатын 1446 Бірыңғай байланыс орталығы құрылды.

Ұлттық статистика бюросы қызметкерлерінің құзыреттерін дамыту бойынша бастамалар шеңберінде халықаралық серіктестермен бірлесіп визуалды талдау, болжамды статистика, бағдарламалау тілдерімен жұмыс (Python, BI-платформалар) құралдарына оқыту ұйымдастырылды.

Статистикалық сауаттылықты дамыту үшін пайдаланушылардың кең ауқымына бағдарланған және деректер негізінде шешім қабылдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған Data Literacy бағдарламасы енгізілді. Data Literacy бағдарламасымен жаппай қамту үшін dataliteracyhub.stat.gov.kz білім беру платформасы құрылды. Платформада Ұлттық статистика бюросы және серіктестер курстары орналастырылған. Олар ресми статистикалық ақпараттың барлық пайдаланушылары үшін қолжетімді.

Әкімшілік деректердің сапасын арттыру мақсатында функцияларына мемлекеттік органдардың дерекқорларының сапасын бағалау, сапасыз деректерді анықтау, инциденттер туралы хабардар ету және ақпараттық жүйелердің мониторингін жүргізу кіретін деректерді бақылаушылар институты құрылды.

Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша мемлекеттік секторда қалыптастырылатын деректердің сапа критерийлері қайта қаралып, мемлекеттік органдардың деректерді басқару менеджерлері мен Ұлттық статистика бюросының деректерді бақылаушыларының функцияларының ара-жігі нақты ажыратылды. Бұл өзгерістер Деректерді басқару жөніндегі талаптарда (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қарашадағы №925 қаулысы) көрсетілді.

Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі базасында деректерді бақылаушылар институтының құрылуы мемлекеттік органдардың түрлі ақпараттық жүйелерінде жинақталатын әкімшілік деректердің сапасын бағалау жүргізуге, жүргізуге, оны орталықтандырылған, объективті әрі тәуелсіз етуге мүмкіндік берді.

Деректерді бақылаушылар сапасыз деректерді анықтайды, инциденттер туралы хабарлайды және өздеріне бекітілген ақпараттандыру объектілеріне тұрақты бақылау жүргізеді, мемлекеттік бақылауға қатысады және қолданыстағы статистикалық байқауларды ықтимал алмастыру мақсатында деректерді пайдалану орындылығын талдайды.

Мемлекеттік бақылау аясында әкімшілік деректердің сапасын бағалау деректермен алмасуға арналған интеграциялық процестерді қолдануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде деректерді верификациялауға және респонденттерге түсетін жүктемені азайтуға, деректерді құрылымдауға, әлеуметтік-экономикалық салаларды басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді және түптеп келгенде ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыруды

цифрлық экономиканың толыққанды сегментіне айналдыруға жол ашады.

Жалпы, Қазақстан жасанды интеллект, машиналық оқыту және деректерді жинау процестерін цифрландыру сияқты заманауи технологияларды енгізуге баса назар аудара отырып, өзінің статистикалық жүйесін реформалау жолында белсенді ілгерілеуде. Халықаралық статистикалық

желілерге белсенді бірігу деректердің жоғары салыстырмалылығын қамтамасыз етеді. Спутниктік бақылау, деректерді жинау процесін цифрландыру және балама дереккөздердің деректерін пайдалану сияқты озық әдістерді енгізу мемлекеттік саясат саласында тиімді шешім қабылдау үшін қажет статистикалық ақпараттың дәлдігі мен жеделдігін айтарлықтай жақсартады.

Қазақстанның мемлекеттік статистикасының даму перспективалары

Қазақстанның статистикалық жүйесін дамытудың таяудағы бес жылға арналған негізгі бағыты заманауи цифрлық технологияларға сай келетін және барлық статистикалық ақпаратты жинауға, сақтауға, интеграциялауға және талдауға кешенді және сапалы тәсілді қамтамасыз ететін статистикалық өндірістің барлық процесін одан әрі цифрландыру болып табылады.

Статистикалық ақпараттың ашықтығын, қолжетімділігін және нақтылығын қамтамасыз ететін цифрлық шешімдер мен платформаларды дамыту, әсіресе болжау және модельдеу контекстінде маңызды бағыт болуда. Нақтырақ деректер алу үшін әкімшілік және балама дереккөздермен ынтымақтастықты кеңейту маңызды рөл атқарады. Қазақстан халықаралық стандарттар мен әдіснамаларға бағдар ала отырып, деректерді жинау және талдау жүйесін жетілдіруді жалғастыруда.

Осыған байланысты 2025 Ұлттық шоттар жүйесінің жаңа халықаралық стандартын енгізу маңызды кезең болып табылады. ҰШЖ жаңа нұсқасы цифрлық және экологиялық тұрғыдан осал әлемде экономиканың қалай жұмыс істейтінін көрсетеді, цифрлық экономика, жаһандану, экологиялық және әлеуметтік аспектілерге баса назар аудару, орнықты даму, адами капитал сияқты маңызды аспектілерді есепке алуды көздейді. Экономикалық өсуді санау ғана емес, тұрмыс сапасы, әл-ауқат, денсаулық басты назарда.

Стандарттың жаңа нұсқасына сәйкес ұлттық шоттардың көрсеткіштерін қалыптастыру пайдаланушыларға жылдам технологиялық және климаттық өзгерістер дәуірінде халықаралық деңгейде салыстырылатын өзекті, сапалы статистикалық ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді.

БҰҰДБ-мен жоба шеңберінде ЖІӨ-нің энергия тиімділігі мен энергия сыйымдылығының жаңа көрсеткіштерін енгізу жоспарлануда, бұл өнеркәсіп, көлік, үй шаруашылығы және қызмет көрсету секторы сияқты экономиканың әртүрлі секторлары бойынша өзгерістерді қадағалауға мүмкіндік береді. Болашақта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша мониторинг және есеп беру жүйесі дамитынын атап өту маңызды. Мұндай деректерді энергетикалық теңгерімге енгізу Қазақстанның орнықты дамудың жаһандық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін нақтырақ бағалауға және елдің көміртегі ізін азайтуға көмектеседі.

Көлемді деректерді өңдеуге арналған open source шешімдер негізіндегі архитектураны енгізу жоспарлануда. Бұл параллельді есептеулер базасында деректерді өңдеу үдерісін жеделдетуге және статистика өндірісінде көлемді деректерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерді өңдеу жүйесін қайта іске қосу және статистикалық, әкімшілік әрі балама деректерді орталық деректер қоймасына көшіру жоспарлануда.

Мемлекет басшысының экономикалық жаңғырту және халықтың әл-ауқатын жақсарту, сондай-ақ мемлекеттік аппарат қызметін бизнес-процестерді цифрлық трансформациялау және реинжинирингтеу арқылы жетілдіру жөніндегі бастамаларын іске асыру мақсатында бастапқы статистикалық деректер мен мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік дерекқорлардағы деректер негізінде аналитикалық шешімдер іске асырылатын болады.

Жасанды интеллектіні және өзекті әлеуметтік-экономикалық тақырыптар бойынша көлемді деректерді қолданумен зерттеулерді жүзеге асыратын Мінез-құлық экономикасы мен үлкен деректерді талдау орталығы мінез-құлықтық экономика бойынша жаңа кейстерді іске қосуды және банк деректері мен фискалдық чектер негізінде тұтыну паттерндерін талдауды жоспарлауда.

«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту аясында деректерді тиімді басқаруды қамтамасыз етуге және оның өнімділігін дашборд конструкторының функционалымен арттыруға қабілетті заманауи технологияларды интеграциялай отырып, «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесін жаңғыртуды жүзеге асыру жоспарлануда, бұл пайдаланушыларға «көлемді» кестелермен жұмыс істеуде икемді баптауларды қолдану мүмкіндігін береді. Зерттеушілерге «икемді» жиынтық кестелер түрінде деректердің егжей-

тегжейлі жиынтықтары ұсынылатын болады, сондай-ақ деректерді әртүрлі, оның ішінде машинамен оқылатын форматтарда жүктеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Кеңістіктік деректерді ұсынумен ресми статистикалық ақпаратты Цифрлық картографиялық платформада визуализациялау үшін өзінің ГИЖ әзірлеу және енгізу жұмысы жалғасын табады.

Пайдаланушылармен байланыс арналарына, сондай-ақ статистикалық және аналитикалық ақпаратты қалыптастыру үшін жасанды интеллект енгізу бойынша жобалар жоспарланған. Бұл жобаларды іске асыру пайдаланушы тәжірибесін айтарлықтай жақсартуға, статистикалық ақпаратқа қол жеткізуді жеделдетуге және оның пайдаланушылардың барлық санаттары үшін қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы бастамалардың барлығы Қазақстанның аналитикалық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік беріп, экономикалық өсу факторларын жақсы түсінуге ықпал етеді, деректердің ашықтығын арттырады және орнықты даму саласындағы жетістіктерді дәлірек бақылауға мүмкіндік береді. Болашақта Қазақстан деректерді жинау әдістерін жетілдіруді және оларды халықаралық стандарттарға назар аудара отырып талдауды жалғастырады, бұл өз кезегінде тұрмыс сапасын жақсартуға және тұтастай алғанда елдің дамуына ықпал ететін болады.

QAZSTAT

III тарау. Мемлекеттік статистикалық қызмет

Мемлекеттік статистиканың негізгі қағидаттары: этика, сенім, кәсібилік

Ресми статистика – бұл тек сандар мен кестелер жиынтығы ғана емес. Бұл экономика, әлеуметтік сала, экология және демографияның шынайы көрінісі, мемлекеттік шешімдер қабылдаудың платформасы және мемлекет, бизнес, ғылым мен азаматтардың мүдделерінің тоғысқан нүктесі. Осы маңызды рөлді атқару үшін ресми статистика жүйесі әлемдік статистикалық қауымдастық қабылдаған әмбебап қағидаттарға негізделеді.

1992 жылы 15 сәуірде БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының 47-ші сессиясында Женевадағы Ұлттар Сарайында Ресми статистиканың негізгі қағидаттары қабылданды. Олар ұлттық статистикалық жүйелердің қызметі үшін халықаралық құқықтық және этикалық негізге айналды және бүгінде БҰҰ-ға мүше барлық елдерде қолданылады. Бұл қағидаттар тек кәсіби стандарттарды ғана емес, сонымен бірге демократиялық қоғамның құндылықтары – ашықтықты, есеп беруді, азаматтардың құқықтарын құрметтеуді, объективтілік пен тәуелсіздікті бекітеді.

Құжатта баяндалған қағидаттар әмбебап болып табылады және барлық ресми статистикалық органдар үшін міндетті. Қазақстан Республикасында бұл қағидаттар «Мемлекеттік статистика туралы» Заңда заңнамалық тұрғыда бекітілген және Ұлттық статистика бюросының практикалық қызметінде іске асырылып келеді. Төменде осы қағидаттардың мазмұны Қазақстанның статистикалық жүйесінің контекстінде түсіндірмелермен бірге келтірілген.

1. Өзектілігі, объективтілігі және қолжетімділігі

Ресми статистика барлық пайдаланушыларға – азаматтардан бастап мемлекеттік деңгейдегі басшыларға дейін қолжетімді болуы керек. Ол қоғамдық өмірдің барлық

негізгі салалары: экономика, әлеуметтік сала, экология және демографияны қамти отырып, объективті негізде жиналады және жарияланады. Қазақстанда бұл қағидатты сақтау «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі және ашық деректер порталы сияқты интерактивті платформалар арқылы барлық пайдаланушылардың деректерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы іске асырылады.

2. Кәсіби стандарттар және этика

Деректерді жинау, өңдеу және ұсыну үдерістері тек ғылыми негізде, кәсіби этиканы сақтай отырып құрылуы тиіс. Ұлттық статистика бюросы салалық әдіснама бойынша халықаралық ұсынымдарды ұстанады. Әрбір статистикалық жарияланымның артында ашықтық, қайта жаңғырту, сондай-ақ деректердің құпиялылығын міндетті түрде қамтамасыз ету қағидаттары жатыр.

3. Есеп берушілік және ашықтық

Статистикаға деген сенім әдістер мен дереккөздердің ашықтығынсыз мүмкін емес. Қазақстан статистикасы әрбір деректі әдіснамалық түсіндірмелермен сүйемелдейді, қолданылатын жіктеуіштер мен әдістемелерді жариялап отырады. Бұл пайдаланушыларға деректердің сапасы мен шығу тегін өз бетінше бағалауға, шектеулерін түсінуге және статистиканы саналы түрде қолдануға мүмкіндік береді.

4. Теріс пайдаланудың алдын алу

Уәкілетті органдар статистиканың бұрмалануы мен дұрыс түсіндірілмеуіне жария түрде әрекет етуге құқылы. Ұлттық статистика бюросы үнемі түсіндірмелер жариялайды, шығарылымдарды негізгі трендтерді түсіндіру арқылы түсіндіреді және медиа, аналитикалық қоғамдастықпен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

5. Әртүрлі дереккөздерді пайдалану

Ресми статистика өзі жүргізетін байқаулар негізінде де, әкімшілік және балама дереккөздер деректерінің негізінде де қалыптастырылуы мүмкін. Ұлттық статистика бюросы мемлекеттік органдардан, мобильді операторлардан деректерді интеграциялау бойынша жүйелі жұмысты жүзеге асыруда, осылайша респонденттерге жүктемені азайтады және деректердің жеделдігін арттырады.

6. Құпиялылық

Респонденттерден алынған барлық бастапқы деректер Заңмен қорғалады және тек жалпыланған түрде қолданылады. Қазақстан заңнамасы ақпаратты қорғау бойынша қатаң кепілдіктерді бекіткен, ал Ұлттық статистика бюросының техникалық инфрақұрылымы ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және деректерді қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

7. Заңнамалық база

Статистиканың құқықтық негізі ашық және түсінікті болуы керек. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және заңға тәуелді актілер құқықтық базаларда жарияланған және Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында қолжетімді. Бұл статистикалық процестің барлық қатысушылары үшін ашық нормативтік ортаны қамтамасыз етеді.

8. Ұлттық үйлестіру

Статистикалық жүйенің сәтті жұмыс істеуі статистикалық деректерді түзетін

барлық органдар арасында үйлестіруді қажет етеді. Қазақстанда орталықтандыру қағидаты Ұлттық статистика бюросы тарапынан әдіснамалық басшылық ету және «е-Статистика» бірыңғай цифрлық платформасы арқылы іске асырылады.

9. Халықаралық стандарттарды қолдану

Деректердің салыстырмалылығы халықаралық жіктелімдерді, тұжырымдамалар мен әдістемелерді қолдану есебінен қамтамасыз етіледі. Қазақстан ҰШЖ 2008, Халықаралық стандартты салалық жіктеу (МСОК), сондай-ақ ЭЫДҰ, БҰҰ ЕЭК, ХВҚ және басқа да ұйымдардың нұсқаулығы сияқты стандарттарды қолданады. Бұл жаһандық салыстыруларға қатысуға және халықаралық статистика жүйесіне кіруге мүмкіндік береді.

10. Халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық және өңірлік статистикалық бастамаларға белсенді қатысу құзыреттілікті нығайтады және үздік тәжірибелерді таратуға ықпал етеді.

Бұл он қағида ресми статистиканың кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар қоғамның сенімін қалыптастырады, деректердің сапасын қамтамасыз етеді және статистикалық жүйені мемлекеттік басқарудың маңызды институттарының бірі ретінде нығайтуға ықпал етеді. Қазақстан статистикасының 105 жылдық тарихы аясында бұл қағидаттар өткенде де, болашақта да өзгермейтін бағдар болып қала береді.

Мемлекеттік статистика саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру

1990 жылдардың басында посткеңестік орталықтандырылған есепке алу жүйесі өзектілігін жоғалта бастағаны айқын көрінді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік статистиканы заңнамалық тұрғыдан рәсімдеу жұмыстары бірден басталды. 1992 жылы алғашқы «Мемлекеттік

статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, деректерді жинау мен талдаудың жаңа жүйесіне көшуге негіз қаланды. Алайда уақыттың шынайылығы статистиканың тек формалды құрал емес, тиімді басқару тетігі болып қалуы үшін оны үнемі дамытып отыру қажеттігін көрсетті.

1997 жылы ұлттық заңнамаға БҰҰ ЕЭК қабылдаған Ресми статистиканың негізгі қағидаттарын енгізу басталды. Алайда ол кезеңде бұл қағидаттарды толыққанды қолдануға статистикалық жүйе де, мамандар да әлі дайын емес еді. Сондықтан бұл реформа практикалық қадамнан гөрі декларативтік сипатта болды.

2010 жылы қабылданған Заң өзгерістердің бастауы болды, онда статистикалық қызметтің шекаралары нақты айқындалып, әкімшілік деректерді пайдалану ауқымы кеңейтілді және респонденттерге есептілік жүктемесі азайтылды. Бұл мәжбүрлі есеп беру нысандары арқылы емес, қолданыстағы ақпараттық ағындармен интеграциялау арқылы жүргізілетін «ақылды» статистикаға қарай жасалған маңызды қадам болды. Сонымен қатар, ақпараттың дәлдігі мен уақтылы ұсынылуына жауапкершілік мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жүктеліп, бұл бүкіл жүйе үшін маңызды белгіге айналды.

2018 жылы әкімшілік-құқық бұзушылық заңнамасын гуманизациялау аясында Мемлекеттік статистика туралы заңға респонденттерге қатысты профилактикалық бақылау тетігі енгізілді. Оның мәні – бұзушылық үшін жауапқа тартпау, респондентке оны өз еркімен түзету мүмкіндігін беру еді. Алайда іс жүзінде бұл тәртіптің әлсіреуіне әкелді: респонденттер бірінші рет ескерту жасалатынын біліп, жиі қате жіберіп немесе есеп тапсыру мерзімдерін мүлде елемейді бастады. Соның салдарынан статистиканың негізгі сипаттарының бірі – жеделдікке елеулі түрде нұқсан келді.

Осыған байланысты 2024 жылғы маусымда Мемлекеттік статистика туралы заңға өзгерістер енгізіліп, респонденттер бастапқы статистикалық деректерді ұсынбаған немесе бұрмалаған жағдайда оларға қатысты қайтадан әкімшілік жауапкершілік шаралары қолданылатын болды. Қазіргі уақытта Мемлекеттік статистика туралы заң респонденттерге қателерді түзету үшін бір жұмыс күні мерзім береді, ал жеткілікті негіз

болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалады. Бұл шешім қатаңдату шарасы ретінде қабылданғанымен, оның шынайы мақсаты – ресми статистикалық ақпаратқа деген сенімді қалпына келтіру және статистиканы институт ретінде сапалық тұрғыдан нығайту.

Статистиканың рөлін түсінуде түбегейлі өзгеріс 2024 жылы орын алды. 2024 жылғы 5 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының заңнамасына тұжырымдамалық өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерді «есепке алудан» – «деректерді басқаруға» көшу кезеңі деп атауға болады.

Біріншіден, «деректердің сапасы», «балама деректер», «деректерді бақылаушы», «деректер өнімі», «ұлттық тіркелім» және басқа да жаңа ұғымдар заңнамалық түрде бекітілді. Бұл деректермен жұмысқа тек мемлекеттік органдарды ғана емес, сонымен қатар жекеменшік компаниялар, банктер, байланыс операторлары сияқты сыртқы дереккөздерді де тартуға мүмкіндік берді. Мұның бәрі түрлі ақпараттық жүйелерде сақталған ақпаратты көп мәрте пайдалануға арналған құқықтық алаңның қалыптасуы және балама деректерді өтеусіз негізде ұсыну туралы келісімдер жасасу арқылы мүмкін болды.

Екіншіден, әкімшілік деректердің сапасын бақылау функциялары институционалдандырылды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне деректер сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті орган ұғымы енгізілді, ол енді әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге қашықтан мониторинг, бағалау және салыстырмалы талдау жүргізу құқығына ие. Бұл бақылауды тұрақты етіп қана қоймай, оның тиімділігін де айтарлықтай арттырды.

Маңызды практикалық өзгерістердің бірі – жоспарлау жүйесінің реформалануы болды. Бұрын статистикалық жұмыстар жоспары бір жыл бұрын жасалатын болса, енді олар үш жыл бұрын қалыптастырылып, мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ағымдағы қажеттіліктері мен ұсыныстарын ескере отырып, жылына бір рет жаңартылып отырады. Бұл статистиканың жылдам өзгеретін экономикалық және әлеуметтік жағдайларға икемділігін арттырды.

Сонымен қатар, әкімшілік реформаның аясында Мемлекеттік статистика туралы заңнан уәкілетті органның жекелеген құзыреттері алып тасталып, олар заңға тәуелді актілер деңгейіне ауыстырылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір функцияларын тікелей статистикалық ведомство құзыретіне беру шешім қабылдау жеделдігін арттыруға және заңнамалық реттеудің шамадан тыс жүктемесін азайтуға мүмкіндік берді.

Аналитикалық функцияға ерекше назар аударылды. Енді ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген аналитикалық ақпаратты қалыптастыру мемлекеттік монополияға жатқызылды. Мұндай ақпаратты қалыптастыру қосымша шығын-

дарды қажет ететін жағдайда, ол бизнес пен жеке тұлғаларға ақылы негізде ұсынылуы мүмкін.

Бұл статистикалық өнімдер нарығын дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекет пен жекеменшік ақпарат жеткізушілер арасындағы ынтымақтастықты нығайтады.

Мемлекеттік статистика саласындағы заңнаманы реформалау – бұл жай ғана нормаларды жаңарту емес, бұл – тұтас философияның ауысуы. Есептілік үшін ғана жүргізілетін есептен стратегиялық ресурс ретінде деректерді басқару жүйесіне көшу жүзеге асырылуда. Деректердің сапасы, өзектілігі, аналитикалық тереңдігі мен сенімділігіне ерекше мән беріледі. Бұл тұрғыда Қазақстан жаһандық үрдістермен қатар қадам басуда: ашықтық, деректерді қайталап пайдалану, цифрлық трансформация және проактивтілік – мұның барлығы ұлттық статистика үшін жаңа шынайылыққа айналды.

Дәл осындай модель мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін ғана емес, сонымен қатар нақты, уақтылы және түсінікті ақпарат негізінде қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады.

Деректерді таратудың халықаралық стандарттары (ДТХС, СДТЖ)

Қазақстанның статистикалық жүйесін дамытудағы маңызды кезең халықаралық қоғамдастыққа интеграциялануға және статистика саласындағы үздік тәжірибелерді сақтауға ұмтылыс болды. Бұл тұрғыда Қазақстанның статистикасы БҰҰ және ЕЭК БҰҰ сияқты беделді ұйымдар ұсынған Ресми статистика қағидаттары мен Статистикалық деректерді тарату жүйесін (СДТЖ) қоса алғанда, деректерді таратудың халықаралық стандарттарын белсенді түрде басшылыққа алады. Бұл стандарттар елдің статистикасы тек объективті және сенімді ғана емес, сонымен қатар барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді, түсінікті және уақтылы болуы үшін негіз болады.

Деректерді тарату стандарттары статистикалық ақпараттың ашықтығы, қолжетімділігі мен дәйектілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанда бұл қағидаттар жаңа стандарттарды қалыптастырудан бастап, қоғам үшін деректердің ашықтығына дейін мемлекеттік статистика саясатында көрініс тапты. Қазақстан үшін осы бағыттағы негізгі бағдарлар:

Объективтілік және тәуелсіздік

Қазақстанның статистикасы өз органдарының саяси ықпалдан тәуелсіздігі қағидатын негізге алады. Бұл әсіресе статистикалық деректерге сенімділікті қалыптастыру үшін өте маңызды.

Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, инфляция деңгейі, жұмыссыздық туралы деректер сияқты статистикалық ақпарат халықаралық және ішкі пайдаланушылар арасында сенімді нығайтатын абсолютті объективті және саяси жағдайдан тәуелсіз болып табылады.

Ашықтық және қолжетімділік

Қазақстан жұртшылық үшін статистикалық деректердің қолжетімділігін дәйекті түрде арттырып келеді. Жалпы ішкі өнім, баға индекстері, демографиялық ахуал және басқа да әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер сияқты барлық негізгі статистикалық көрсеткіштер Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсы мен мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасын қоса алғанда, ресми интернет-платформаларда жарияланады. Бұл ашықтық мемлекеттік органдарға ғана емес, ғылыми қауымдастыққа, бизнеске және қоғамға статистикалық деректерді талдау және шешім қабылдау үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Уақтылылық

Қазақстан тұрақты есептер арқылы өзекті ақпаратты ұсына отырып, деректерді таратуда уақтылық қағидатын сақтауға тырысады. Мысалы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша ай сайынғы және тоқсандық деректер қысқа мерзімде

жарияланады, бұл кез келген уақытта экономика мен әлеуметтік саланың жай-күйі туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік органдар тарапынан да, бизнес пен азаматтар тарапынан да жедел ден қою мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Құпиялылық

Қазақстанда дербес деректерді қорғауға көп көңіл бөлінеді. Елдің мемлекеттік статистика органдары азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау үшін ақпаратты қорғаудың озық технологияларын, соның ішінде деректерді шифрлауды және көп деңгейлі қауіпсіздік жүйелерін пайдаланады. Деректердің құпиялылығы статистикалық мақсаттар үшін ақпарат беретін респонденттердің өз деректерінің қауіпсіздігіне сенімді болуының кепілі болып табылады.

Халықаралық стандарттарды қолдану

Қазақстан статистикада халықаралық жіктелімдер мен стандарттарды белсенді қолданады, бұл деректердің халықаралық деңгейде салыстырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Елдер арасында деректерді салыстыруға және жаһандық зерттеулерге қатысуға мүмкіндік беретін Ұлттық шоттар жүйесін (ҰШЖ), сондай-ақ басқа да халықаралық әдіснамалық ұсыныстарды пайдалану осының мысалы болып табылады.

Халықаралық статистикалық ынтымақтастық

БҰҰ ресми статистикасының негізгі қағидаттарының бірі «Халықаралық ынтымақтастық» 10 қағидаты болып табылады, ол «Статистика саласындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастық барлық елдерде ресми статистика жүйелерін жетілдіруге жәрдемдеседі» деп атап көрсетеді.

Ұлттық статистика бюросы жаһандық және өңірлік деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатыса отырып, басқа статистикалық

офистермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа маңызды мән береді.

Ұлттық статистика бюросының халықаралық ынтымақтастық саласындағы басым міндеттері:

– ұлттық статистикалық жүйенің әлеуетін арттыру және оның халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге сәйкестігін қамтамасыз ету;

– басқа елдермен тәжірибе алмасу;

– деректердің халықаралық салыстырмалылығын қамтамасыз ету;

– статистикалық тұжырымдамалар мен әдіснаманы дамытуға жәрдемдесу.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ)

Қазақстанның ЭЫДҰ-мен белсенді өзара іс-қимыл жасауға ұмтылысына сәйкес Ұлттық статистика бюросы ұлттық статистикалық жүйені жетілдіру жұмысын жалғастыруда. Осы бағыт шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 11 шілдедегі №551 қаулысымен бекітілген «Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесіне шолу» жобасын іске асыру туралы ҚР Үкіметі мен ЭЫДҰ арасында келісімге қол қойылды.

Осылайша, ЭЫДҰ 2023 жылдан бастап Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесіне шолу жасап, оның ЭЫДҰ-ға қатысушы елдер арасындағы статистика саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін нығайтуға ықпал етеді.

Осы Шолудың алдын ала қорытындылары бойынша ЭЫДҰ сарапшылары Қазақстан статистикасының даму деңгейін жоғары бағалады және ЭЫДҰ Кеңесінің 2025 жылғы 22 шілдедегі шешімімен Қазақстан ТМД елдерінің ішінен бірінші болып ЭЫДҰ-ның статистика саласындағы бірінші құқықтық құралы – ЭЫДҰ Кеңесінің тиісті статистикалық практика жөніндегі ұсынымына қосылды. Бұл қадам Ұлттық статистика бюросына ЭЫДҰ Статистика және статистикалық саясат комитетінің құрамына Қауымдастырылған мүше ретінде кіруге мүмкіндік береді, қазіргі уақытта Ұлттық статистика бюросы осы Комитеттің қатысушысы болып табылады.

БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК)

2023 жылы БҰҰ ЕЭК сарапшылары ЭЫДҰ, Еуростат және Еуропалық еркін сауда қауымдастығымен бірлесіп Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесін жаһандық бағалаудың кезекті раундын өткізді (бірнеше

жылда бір рет өткізіледі, алдыңғы бағалаулар 2008 және 2017 жылдары өткізілді). Бағалау нәтижелері бойынша ұсынымдар алынды және одан арғы қадамдар айқындалды, Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесін жаһандық бағалаудың 2023-2026 жылдарға арналған ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

2023 жылы Қазақстанның ҰСЖ-сына Жаһандық бағалау жүргізілгеннен және оны одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар берілгеннен кейін БҰҰ ЕЭК статистикалық әлеуетті арттыруда қолдау көрсетуді жалғастыруда және Қазақстан Грузия, Молдова және басқа елдермен қатар өңірлік жобаға қатысушы елдердің қатарына енді.

Жоба 2023 жылғы Жаһандық бағалау қорытындылары бойынша ұсынымдарды іске асыруға бағытталған және ауыл шаруашылығы санағын жүргізу, экологиялық статистиканы және табиғи-экономикалық есепке алу жүйесін жетілдіру, климаттың өзгеруі бойынша статистиканы және ГАЗ енгізу сияқты бағыттарды қамтиды.

БҰҰ ЕЭК-пен ынтымақтастықта көпөлшемді кедейлік индекcін енгізу жобасы табысты іске асырылды.

Азия Даму Банкі (АДБ)

2019-2025 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Азия даму банкінің Азия – Тынық мұхиты өңіріндегі ұлттық статистикалық офистердің әлеуетін нығайтуға арналған өңірлік техникалық көмек жобаларына қатысты.

АДБ-ның техникалық көмегі шеңберінде 2019-2022 жылдар кезеңінде Ұлттық шоттар жүйесінің әлеуетін арттыруда қолдау көрсетілді – алдыңғы жыл бағаларындағы «ресурстар-пайдалану» кестелерін (РПК) қос дефляция әдісімен қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Бұдан әрі, 2023-2025 жылдар аралығында мынадай тақырыптар қамтылды:

- ағымдағы бағамен РПК жетілдіру және өткен жылдың бағасымен РПК қалыптастыру;
- қаржылық емес активтерді есепке алу және активтер мен пассивтер балансын құру;

– үздіксіз түгендеу әдісімен негізгі капиталды тұтыну бойынша есептеулер;

– тауар-материалдық қорларды құндық бағалау (тауарлардың түрлері бойынша, холдингтік пайданы бағалау);

– маусымдық тегістеу.

2023-2024 жылдары Ұлттық статистика бюросы Азия даму банкімен бірлесіп «Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесіне» және «Заңсыз қызмет көлемін бағалау әдістемесіне» шолу жүргізді, жетілдіру жөнінде ұсынымдар алынды.

2022 жылғы желтоқсаннан бастап 2023 жылғы сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Азия даму банкі (ПОЗО) Білім және тәжірибемен алмасу жөніндегі бірлескен бағдарлама шеңберінде Ұлттық статистика бюросы деректерін талдау бойынша талдамалық әлеует пен құзыреттерді нығайту үшін Ұлттық статистика бюросының 50 қызметкері BI-құралдар негізінде визуалды талдаумен жұмыс істеу дағдыларына оқытылды. 2023 жылдың сәуірі мен шілдесі аралығында Python бағдарламалау тілінде болжамды аналитика және деректерді басқаруға 30 қызметкер оқытылды.

Ұлыбританияның Ұлттық статистика қызметі (ONS)

2023 жылы Ұлыбританияның Сыртқы істер министрлігімен «Экономикалық даму мүддесі үшін тиімді басқару» бағдарламасы бойынша қол қойылған меморандум аясында Ұлыбританияның Ұлттық статистика қызметімен (ONS) табысты ынтымақтастық жолға қойылды.

Ауыл шаруашылығы санағы, сканерлер мен ұялы байланыс операторларының деректерін пайдалану, ОДМ бойынша есеп беру платформалары сияқты статистиканың өзекті бағыттары бойынша тәлімгерлік бағдарламасы іске асырылды. ONS қызметкерлері Ұлттық статистика бюросы мен оның аумақтық бөлімшелерінің басшылық құрамының көшбасшылық қасиеттерін арттыру мәселелері бойынша оқыту тренингін өткізді.

Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания Елшілігінің және Дүниежүзілік банктің қолдауымен Ұлттық статистика бюросының пайдаланушылардың сауаттылығын арттыру бойынша бастамасы (Data literacy) Орталық Азия өңірі үшін белсенді түрде ілгерілеуде және барлық тілдерде қолжетімді.

АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігінің (United States Secretary of Agriculture (USDA)) Ұлттық ауыл шаруашылығы статистикасы қызметі (United States Secretary of Agriculture (USDA))

Қазақстан Республикасындағы АҚШ Елшілігінің қолдауымен АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігінің (United States Secretary of Agriculture (USDA)) Ұлттық ауыл шаруашылығы статистикасы қызметімен (United States Secretary of Agriculture (USDA)) табысты ынтымақтастық жүзеге асырылды. 2023-2025 жылдар аралығында NASS сарапшылары Ұлттық статистика бюросы қызметкерлеріне Ауыл шаруашылығы статистикасын жетілдіру мәселелері бойынша әдіснамалық көмек көрсетті, бұл әсіресе 2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағы қарсаңында маңыз зор.

Өзара түсіністік туралы келісімдер мен меморандумдар

Ұлттық статистика бюросы халықаралық ұйымдармен және ұлттық статистикалық басқармалармен ынтымақтастықты кеңейтуге әрдайым ашық, соның арқасында тәжірибе алмасу жүзеге асырылады және ұлттық статистикалық әлеует өседі.

Мәселен, соңғы жылдары бірқатар келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды, 2023 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ЭЫДҰ арасында «Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесіне шолу» жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойылды. 2024 жылы Қытайдың статистикалық офисімен, СЕСРИК халықаралық ұйымымен өзара түсіністік туралы меморандумдарға, сондай-ақ «2023-2025 жылдардағы көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу (МИКС)» жобасын

іске асыру мақсатында БҰҰ Балалар қорының Қазақстан Республикасындағы (ЮНИСЕФ) елдік өкілдігімен келісімге қол қойылды. 2025 жылы Сербия статистикалық офісімен

өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды, Корея Республикасы мен Әзербайжан Республикасының статистикалық офістерімен қол қою сатысында.



IV тарау. Статистика ардагерлерінің естеліктері

«Статистика органдары объективті әрі нақты ақпарат қалыптастыра отырып, реформалардың жүргізілу барысын талдаудың, тиімді саяси шешімдер қабылдаудың басты негізін қалайды»

(Н.Ә.Назарбаев)

Менің еңбек жолым 1958 жылы Қостанай облыстық статистика басқармасында басталды. 1970 жылғы қараша айында мен Қазақ КСР-інің Орталық статистика басқармасы (ОСБ) бастығының орынбасары болып тағайындалдым, 1975 жылғы шілде айында ОСБ бастығының бірінші орынбасары, ал 1980 жылғы қазанда Қазақ КСР-інің ОСБ бастығы қызметіне тағайындалдым.

1987 жылғы қыркүйекте мені Қазақ КСР-інің Мемлекеттік статистика комитетінің төрағасы, ал 1991 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындады.

1960-70 жылдары мемлекеттік статистика органдарына қойылатын талаптар айтарлықтай артты, статистикалық көрсеткіштер жүйесін жетілдіру, статистикалық ақпарат көлемін ұлғайту, экономикалық талдау сапасы мен әдістерін жақсарту, барлық деңгейдегі басшылық органдарды халық шаруашылығын басқаруға қажетті статистикалық материалдармен жедел қамтамасыз ету міндеттері жүктелді. Жүктеменің күн санап артуына қарамастан, Қазақстанның мемлекеттік статистика органдары жыл сайынғы санақтарды, оның ішінде 1970 және 1979 жылдары Бүкілодақтық халық санағын сәтті жүргізді.

Қазақ КСР ОСБ әдіснамалық тұрғыдан күрделі әрі ауқымды зерттеу жұмыстары мен басқа да біржолғы статистикалық жұмыстарды жүргізді. Сонымен 1960-1962 және 1972-1973 жылдары статистика органдары бүкіл халық шаруашылығы бойынша негізгі қорларды екінші рет жаппай түгендеу және қайта бағалауға дайындалып, сәтті өткізді. Бұл

жұмыстар көлемі мен күрделілігі жағынан халық санағымен тең еді.

70-інші жылдардан бастап Қазақ КСР ОСБ статистикалық басылымдарды шығаруға айрықша көңіл бөлді, сондай-ақ газет беттерінде статистикалық ақпаратты мерзімді жариялау тәжірибесі қолданылды. Атап айтқанда, республика экономикасы мен мәдениетінің дамуы көрсеткіштері қорытындыланған арнайы статистикалық жинақтар мерейтойлық даталар мен партия съездеріне орай шығарылып отырды.

Алматы халық шаруашылығы институты мен Қазақ политехникалық институтында статистика органдары үшін жоғары білікті кадрларды даярлау кеңінен жүргізілді.

1980-інші жылдары КСРО мен Қазақстанның басшылық органдары тарапынан мемлекеттік статистика жүйесіне қойылатын талаптар күшейтіліп, күрделі міндеттер қойылды, бұл ел мен республика экономикасының дамуындағы мәселелердің күрделене түсуіне байланысты болды. Бұл әсіресе 80-жылдардың екінші жартысында, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету бағытын іске асыру және «горбачевтік қайта құруды» жүзеге асыру кезеңінде күрделене түсті. Осыған байланысты республиканың халық шаруашылығын басқару құрылымына кезекті өзгерістер енгізу барысында, атап айтқанда, 1987 жылы Қазақ КСР ОСБ Қазақ КСР-інің Мемлекеттік статистика комитеті (Қазақ КСР-і Мемстаткомы) болып қайта құрылды.

1986-1990 жылдары мемлекеттік комитеттер, министрліктер мен ведомстволардың, соның ішінде мемлекеттік статистика органдарының қызметін тереңінен жаңғырту және қайта ұйымдастыру талпыныстары

жасалды. Мемлекеттік статистика органдарынан сан мен көлемді барынша ұлғайту, жедел статистикалық ақпараттың сапасын жақсарту, экономикалық талдау деңгейін арттыру, есептілікті одан әрі ретке келтіру және оның шынайылығын қамтамасыз ету талап етілді.

Мемлекеттік статистиканы қайта құрудағы жаңа бағыттардың бірі – статистикалық ақпараттың жариялылығын кеңейту қажеттілігі болды. Бұл мәселе кеңестік қоғамды демократияландырудың маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылды.

Аналитикалық қызмет, яғни статистикалық материалдарды талдау, статистиканың пайда болу кезеңінен бастап оған тән сипат және ол көптеген статистикалық зерттеулердің соңғы кезеңі болып табылатын. Республика өміріндегі әлеуметтік-экономикалық үдерістерді тереңірек талдауға деген сұраныстың артуы, сондай-ақ статистика органдарының рөлінің және маңызының өсуі

нәтижесінде, 1991 жылғы 1 наурыздан бастап Мемстаткомға аса маңызды функция ресми түрде жүктеліп, ол Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті болып, ал облыстық және Алматы қалалық статистика басқармалары – статистика және талдау басқармалары болып қайта құрылды.

Сонымен қатар республикада халықаралық тәжірибеде қабылданған статистикалық көрсеткіштермен салыстыруға келетін өзге де көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу бойынша әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру, бүкіл халық шаруашылығында бастапқы есепке алуды одан әрі жетілдіру, мемлекеттік статистикалық есептіліктің нысандарын әзірлеу, оларды тапсыру мерзімдері мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ республикадағы бастапқы есепке алу мен есептілікті бекіту және жетілдіру жұмыстарын үйлестіру сияқты мүлде жаңа міндеттер қойылды.

Төлеубай Жұмасұлтанов

Статистика – өмірімнің бақытты кезеңі. Бастау

Мен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап республиканың Мемлекеттік статистика комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалдым. Ол кезде Мемлекеттік статистика комитетінің бұрынғы төрағасы, Экономика министрлігі жанындағы Мемлекеттік баға комитетінің төрағасы болып тағайындалған Т.Ж. Жұмасұлтанов дайындаған Қазақстан Республикасының статистиканы, халық шаруашылығындағы бастапқы және бухгалтерлік есепті қайта құру бойынша алғашқы мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып жатқан еді. Т.Ж. Жұмасұлтановтың орнына бұрын Мемстатком төрағасының бірінші орынбасары болған В.И. Горячковский тағайындалды. Төрағаның басқа орынбасарлары болып С.А. Веретельников, У.М. Исаков, А.А. Сәрсенбаев тағайындалды.

Мемлекеттік статистика комитетінің басшылығы Президент пен Үкімет жанындағы көптеген жұмыс топтарына түгелдей дерлік тартылды. Атап айтқанда, 1994 жылы біз «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру жөніндегі дайындық шаралары туралы» Президент Жарлығын әзірлеуге қатыстық, осының шеңберінде Н.М. Макиевский басқарған мемлекеттік комиссия құрылды.

Сол 1994 жылы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің қаулысы қабылданды, оның негізінде В.И. Горячковскийге келіссөздер жүргізіп, Келісімге қол қою тапсырылды.

1994 жылдың соңында ХВҚ-ның Қазақстан статистикасын жетілдіру туралы хаты негізінде Премьер-Министрдің бірінші орын-

басары Н.Қ. Есенғарин Мемлекеттік статистика комитетіне Экономика және Қаржы министрліктерімен келісілген жаңа Мемлекет статистика туралы заң жобасы бойынша ұсыныстар дайындауды, Бас есептеу орталығын (БЕО) және ҚазАқпарат орталығын Мемлекеттік статистика комитетінің орталық аппаратымен біріктіру арқылы Мемлекеттік статистика комитетінің құрылымын қайта ұйымдастыруды, іріктемелі зерттеулер жүйесіне көшуді, облыстық және аудандық статистика басқармаларының штатын оңтайландыруды және үнемделген қаражатты техникалық қайта жарақтандыруға бағыттауды, басқа мекемелермен, атап айтқанда Ұлттық банкпен және Қаржы министрлігімен байланыстарды дамытуды тапсырды.

1994 жыл есептеу техникасын пайдалана отырып, деректерді өңдеу мүмкіндігі тұрғысынан сындарлы жыл болды. БЖ сериялы үлкен ЭЕМ-дар істен шығып жатты, өйткені қосалқы бөлшектері болмады, ал дербес компьютерлер жеткіліксіз еді. Осындай жағдайда TACIS бағдарламасы шеңберінде 1994 жылы шілдеде Люксембургте ТМД елдерінің статистика қызметтері басшылары үшін «ТМД елдерінің статистикасында есептеу техникасын пайдалану стратегиясы» атты 5 күндік семинар өткізілді, оған В.И. Горячковский қатысып, ол TACIS бағдарламасының жобалары шеңберінде есептеу техникасын қаржыландыру қажеттілігі туралы мәселе қойды. Атап айтқанда, ол Мемлекеттік статистикалық комитет Еуростат пен Германияның ФСБ-ға 1994-1995 жылдары одан әрі оқыту бағдарламасына біздің мамандарды енгізу үшін статистиканы дамытудың негізгі бағыттарын ұсынғанын және «бес заманауи компьютерді сатып алуға және жоспарланған жеткізуде Еуростат көрсетіп отырған көмекті ерекше бағалайтынымызды» атап өтті. Әрине бізге бұл өте аз еді.

Мемлекеттік статистика комитетінің төрағасының семинардағы баяндамасы үшін халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Д.У. Кравчук дайындаған анықтамаға

сәйкес республиканың статистика қызметінің қалыптасуында Еуростат, ХВҚ, ЭЫДҰ, ХЕҰ, ДБ және басқа да халықаралық ұйымдардың техникалық көмегі маңызды рөл атқарды. 2,5 жыл ішінде Мемстатком жүйесінің 43 басшысы мен бас маманы біліктілігін арттырды, ал 1993-1994 жылдары Мемстатком халықаралық ұйымдар сарапшыларының 22 миссиясына қатысты.

Осының нәтижесінде баға мен тарифтерді тіркеу жүйесі құрылды, баға статистикасы дами бастады, сыртқы экономикалық байланыстар, соның ішінде кеден статистикасы дамытылды, қаржы, банк және ақша статистикасы көрсеткіштері жүйелене бастады, жаңа нарықтық құрылымдар (шағын кәсіпорындар, кооперативтер, қауымдастықтар, ЖШҚ, фермер (шаруа) қожалықтары) бойынша статистикалық байқаулар енгізілді, зерттеудің іріктемелі әдістемесіне көшіп, халықтың жұмыспен қамтылуы туралы жедел мәліметтерді жинау жолға қойылды, ЖІӨ және басқа жаңа макроэкономикалық көрсеткіштер есептеу енгізілді, төлем балансын құру әдіснамасы меңгерілді, Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тіркелімі жасала бастады, ауыл шаруашылығы статистикасы бойынша іріктемелі зерттеулер әдісіне көшу жүзеге асты, отбасылық бюджетті статистикалық зерттеу жүйесі жетілдірілді, ауа бассейнін ластау және оны қорғау көрсеткіштері мен олардың есептеу әдіснамасы дамытылды.

Сол кезде (1994 жылға дейін) электронды ақпарат өңдеу кешендері (ЭАӨК) статистикалық ақпаратты өңдеудің технологиялық негізі болды. ЭАӨК-тың саны 100-ден астам болды. Олардың 20-сы Мемстаткомның Бас есептеу орталығында орталықтандырылған, 80-нен астамы облыстық статистика басқармаларында орталықтандырылмаған түрде іске асырылып, республика бойынша қорытынды алу үшін қорытынды нәтижелері магнитті таспалармен Бас есептеу орталығына жіберілді. Алматы облысы мен Алматы қаласының статбасқармаларының деректері тікелей Бас

есептеу орталығында өңделді. Жезқазған облысының деректері Қарағанды облысының статбасқармасында өңделді, өйткені бұл облыстық статистика басқармаларында деректерді өңдеу ЭЕМ БЖ-да жүргізілді.

ЭАӨ кешендері негізінен отандық есептеу техникасында әзірленді. Барлық облыстық статистика басқармаларында (Жезқазған мен Алматыдан басқа) 32 бірлік ЕС ЭЕМ орнатылған еді. Сонымен қатар, Мемстатком жүйесінде СМ-1600 – 21, ЕС-1840 – 242, Роботрон-1715 – 132, Роботрон-1720 – 53, Нева-501 – 114 бірлік пайдаланылды. Байланыс арналары арқылы деректерді жеткізу үшін 132 телетайп аппараты және 2 мультимплексор қолданылды.

1994 жылдың соңында статистикалық ақпаратты ЕС-1035, ЕС-1036, ЕС-1066 типті үлкен ЭЕМ-да өңдеудің толық тоқтатылуына байланысты олар пайдаланудан алынып, олардың орнына IBM-үйлесімді компьютерлер келді. 1994 жылғы 1 маусымда Мемстатком бекіткен жылдық ЭАӨК өңдеуді ЭЕМ БЖ-дан ДЭЕМ-ге көшіру бағдарламасына сәйкес жылдық статистикалық есептерді өңдеу үшін ЭАӨ 25 кешені бойынша бағдарламалық жасақтама әзірленді.

Кейін статистиканың барлық салалары бойынша айлық, тоқсандық және жарты-жылдық статистика ДЭЕМ-ге ауыстырылды. 1995 жылдың соңында IBM-үйлесімді компьютерлерді қолдана отырып, статистика органдарының жүйесінде 120 статистикалық нысан өңделді.

ЭАӨК бағдарламалық құралдарын пайдалану негізінде статистиканы өңдеу үшін, сондай-ақ республиканың статистика органдары жүйесінде ДҚ жүргізу үшін 1995 жылы облыс деңгейінде әртүрлі типтегі 407 ДЭЕМ, оның ішінде IBM PC AT – 134, ЕС-1840, 1841 – 273 пайдаланылды. Мемстаткомның орталық аппаратында 130 ДЭЕМ болды, оның ішінде: PENTIUM – 21, IBM 486 – 26, IBM 386 – 55, IBM 286 – 9, IBM XT – 7, ЕС 1840 – 5, ЕС 1841 – 7 дана.

1995 жылғы ақпанда В.И. Горячковский ҚР Министрлер кабинетінің Президиумында Мемстаткомның жұмысы туралы есеп берді. Есеп 33 беттен тұрды, ҰСЖ, төлем балансы, баға статистикасы, сыртқы экономикалық байланыстар мен қызмет көрсету статистикасы, сауда статистикасы, кеден статистикасы, ТКШ және тұрмыстық қызмет көрсету статистикасы, үй шаруашылықтарын зерттеу, мемлекеттік бюджет статистикасы, мемлекеттік қарыз, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қоршаған ортаны қорғау, күрделі құрылыс статистикасы, әлеуметтік статистика, халық санағы, еңбек және жұмыспен қамту статистикасы, талдау жұмыстары, Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тіркелімі, TACIS бағдарламасы, ТЭЗ-ді жіктеу мен кодтаудың мемлекеттік жүйесі, статистика органдарын техникалық жарақтандыру, статистиканы халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып қайта құру, статистика органдарын техникалық қайта жарақтандыру қажеттілігі, қызметкерлерді халықаралық курстарда оқыту сияқты тақырыптарды қамтыды.

Отырыс қорытындысы бойынша есеп назарға алынды, ал Мемлекеттік статистика комитетіне жұмысты жалғастыру және республиканың мемлекеттік статистика органдары жүйесін құрылымдық қайта құру туралы ұсыныстар енгізу тапсырылды. Мемлекеттік статистика комитетіне министрліктердің, ведомстволардың және басқа да бюджеттік ұйымдардың қажетті статистиканы алуға қаражат қарастыруы туралы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің шешімінің жобасын дайындау жеке тармақта тапсырылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Мемлекеттік статистика комитетіне есептеу техникасын, полиграфиялық жабдықтар мен байланыс құралдарын сатып алуға республикалық валюта қорынан 567,8 мың АҚШ долларын бөлу туралы тапсырма берілді.

1994 жылдың соңында мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінің шақыруымен «Нарықтық экономика статистикасы» пәні бойынша дәрістер курсын оқыдым, оған статистиканың республика үшін жаңа бөлімдері – ҰСЖ, баға статистикасы, сыртқы экономикалық қызмет статистикасы, төлем балансы кірді.

1995 жылы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесі Атқару комитетінің хаты негізінде Ташкентте «Болжау және статистика әдіснамасы, қатысушы мемлекеттердің ұлттық экономикасын дамытудың басым бағыттары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Мен бірінші күні «Нарықтық экономикаға көшу және интеграциялық процестерді жаңа негізде дамыту жағдайында статистиканы реформалаудың кейбір проблемалары» тақырыбында сөз сөйледім, сондай-ақ «Бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі өндірушілер бағасының жылжу проблемасы туралы» тақырыбында тағы бір баяндама жасадым.

Міне, менің Қазақстан статистика жүйесіндегі жұмысым осылай басталды.

2013 жылы Мәскеудегі Жоғары экономика мектебі ұлттық статистика қызметі басшыларынан, халықаралық ұйымдар қызметкерлерінен, белгілі ғалымдардан үш қарапайым сұраққа жауап беруін сұрады.

Бірінші сұрақ: «Сіз статистиканы таңдадыңыз ба, әлде статистика сізді таңдады ма?». Статистика жүйесінде атқарған жұмысымды зерделей отырып, мен статистиканы емес, статистика мені таңдады деп қорытындыладым.

Екінші сұрақ: «Сіздің үмітіңіз шындыққа сай келді ме?». Мен статистика саласында еңбек еткеніме қуаныштымын деп жауап бердім, өйткені мен Қазақстан статистикасына өз үлесімді қосқым келді және қолданыстағы әдіснаманы зерделеуге және статистиканы жетілдіру үшін қабылданған бағдарламалар шеңберінде оны жетілдіруге қуана кірістім.

Үшінші сұрақ: «Бүгінде статистиканы оқып жүрген студенттерге не тілейсіз?». Мен статистиканың теориялық негіздерін – философияны, логиканы, экономикалық теорияны, статистиканың математикалық негіздерін жақсылап үйрену керек деп жауап бердім.

Нақтысында, статистик маман үш нәрсені: зерттеу жүргізетін пәндік саласын, статистикалық әдістерді және деректерге өңдеу жүргізу үшін заманауи ақпараттық технологияларды жақсы білуі керек. Сондықтан статистика саласында жұмыс істейтін кез келген маман осы үшеуін толық меңгергені жөн. Өйткені орнықтылықты сақтау үшін статистикада осы үш тұғырға сенім арту қажет.

Юрий Камирович Шокаманов

Белсенді даму құралы

Мен статистика саласында 32 жыл қызмет атқардым, оның ішінде 1978-1998 жылдары Жамбыл облысының статистика басқармасында экономист, басқарма басшысының орынбасары, 1998-1999 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігінде төрағаның халық санағы жөніндегі орынбасары, 1999-2010 жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Оңтүстік

Қазақстан облысының статистика басқармасын басқардым.

Ешқандай маман, басшы бәрін жетік білемін деп айтпайды ғой, бірақ осы жылдары статистика саласындағы қызметімде біраз кәсіптік білім, тәжірибе жинадым.

1992 жылы Қазақстан Республикасында реформа басталды. Мемлекеттік статистика органдары Біріккен Ұлттар Ұйымының

Еуропалық экономикалық комиссиясы бекіткен ресми статистиканың 10 негізгі қағидатын қолдана бастады. Бұл принциптер статистиканың үш негізгі аспектісін анықтады: өзектілік, дәлдік және тарату міндеттері. Статистика басқармасы деректерді жинастыру, оларды талдаудан басқа, бұрын жүргізілмеген басқа жұмыстарды қолға алып, статистикалық байқау тәсілдерін жетілдіре түсті.

Атап айтқанда, аудан орталықтарында және қалалық әкімдіктерде тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасын, тарифтерді тіркеу, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу, өңірлер бойынша халықтың табысын бағалау қолға алынды. Еңбек нарығы мен жұмыспен қамту туралы ауқымды деректерді алу үшін тоқсан сайын 2000-ға жуық үй шаруашылығына іріктемелі зерттеу жүргізілді, бұл еңбек индикаторлары бойынша көрсеткіштер алуға мүмкіндік берді. Зерттеулер халықаралық стандарттар мен Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) әдіснамасына сәйкес жүргізілді.

Статистиканы жетілдіру және жоспарланған жұмыстарды қамтамасыз ету үшін статистика басқармасы, сондай-ақ аудандық және қалалық статистика бөлімдері есептеу және ұйымдастыру техникасымен жеткілікті қамтамасыз етілді.

Ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және таратуға көп көңіл бөлінді. Бұқаралық ақпарат құралдарының қолдауымен статистикалық ақпарат қалың бұқараға қолжетімді болды.

Журналистер тарапынан статистикалық ақпараттың бұрмалануы туралы сұрақтар туындағанын атап өткен жөн. Кейде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми статистикаға сәйкес келмейтін статистикалық ақпарат жарияланды.

Мұндай жағдайда біз: «Егер газеттерде өзгертілген цифрлар, ойдан шығарылған деректер шығып жатса, оны жариялап отырғандардың ісі, біз араласпаймыз. Мемлекеттік статистика туралы заң бар және біз оның ережелеріне сәйкес әрекет етеміз. Бұл ақпарат

ресми түрде еш жерде жарияланған жоқ» деп жауап беретінбіз.

Аудан әкімдіктері ауылдардағы мал саны азайтылып көрсетіледі деп айтқан кездерде болды. Ауылдық әкімдіктер шаруашылық бойынша есеке алу кітаптарын жүргізеді, онда халық саны, үй шаруашылықтары, мал, жер учаскелері және т.б. деректер есепке алынады. Бұл деректер статистика үшін пайдаланылды және аудан әкімдігінің берген деректері шаруашылық кітаптарындағы деректермен сәйкес келмесе, олар назарға алынбады. Ауыл әкімдіктері шаруашылық бойынша кітаптарды дұрыс толтыруы керек екенін түсіндіретінбіз.

Облыс әкімдігі 2009 жылғы Халық санағында көрсетілген халық санына қатысты наразылық білдірді. Олардың мәліметінше, облыста үш миллион адам тұрады, оның миллионнан астамы Шымкентте. Осыған байланысты олар қосымша санақ жүргізу үшін санаққа кірмеген адамдардың тізімін беруді ұсынды. Біз бұл процеске қалалық округтер әкімдіктерінің қызметкерлерін тартуды ұсындық.

Тізімге кіргізілген 5 мыңдай адамның үшеуі ғана санақтан өтпейті, олар санақ жүргізілген уақытта шетелге демалысқа кетіпті, қалғандары табылған жоқ себебі тізім ойдан құрастырылған.

Сол кезде облысқа «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары келді. «Южный Казахстан» газетінің үшінші бетінде «В Шымкенте нужно провести повторную перепись» деген тақырыппен мақала жарияланды, алайда мақалада санақ туралы 4-5 жол ғана жазылған. «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасарына егжей-тегжейлі түсіндірме хат жолдадық. Осыдан кейін санақ туралы сұрақтар тоқтады.

Қалай болғанда да, жұмыстың мерзімінде және тиісті деңгейде орындалуы ұйымдағы кадрларға байланысты. Мамандарға жоғары кәсіби талаптар қойылды. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарын орындау үшін мекеменің кәсіподақ ұйымымен

бірлесіп, қызметкерлердің құқығын қорғау жұмыстары жүргізілді.

Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мақсатында басқарма ғимаратында медициналық кабинет, асхана, жұмыстан тыс уақытында ойнау үшін бильярд және теннис залы ұйымдастырылды. Облыстық кәсіподақтың

көмегімен қызметкерлерге жеңілдікпен демалуға жолдама берілді.

Қорыта айтқанда, ұсынылған статистикалық деректердің нақтылығы мен сенімділігі стратегиялық және тактикалық дұрыс шешімдерді қабылдауға, нәтижесінде еліміздің экономикасының дамуына ықпалын тигізеді.

Бағдат Шайманов

Есте сақталатын ерекше есімдер...

1961 жылы КСРО халық шаруашылығындағы жалған есептілікпен күресу мақсатында КОКП Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің, Бүкілодақтық кәсіподақтар кеңесінің және БЛКЖО Орталық Комитетінің Қаулысы қабылданды.

Осы Қаулыға сәйкес, 12-тармақта КОКП Орталық Комитеті бөлімінің есепке алу-бақылау номенклатурасына Кеңес Одағы құрамындағы автономды республикалар, өлкелер мен облыстардың жаңадан тағайындалған басшыларын енгізу көзделген. Осыған байланысты мен Алматы облыстық статистика басқармасының басшысы болып тағайындалған кезде Мәскеуге, КОКП Орталық Комитетінің жоспарлау-қаржы жұмыстар бөліміне әңгімелесуге шақырылдым. Осы әңгімелесуден кейін олар мені облыстық статистика басқармасының басшысы лауазымына бекітуге ұсынып, тиісті құжаттарды жолдады (Мәскеуден Қазстат басшысы Т.Ж. Жұмасұлтановтың атына жолданған жеделхат және КСРО Мемстатының басшысы Л.М. Володарский қол қойған, мені Алматы облысы бойынша статистика басқармасының бастығы етіп тағайындау туралы 1982 жылғы 8 қаңтардағы бұйрықтың көшірмесі). КОКП Орталық Комитетінің белгілі қаулысынан кейін КСРО Мемстат органдары айтарлықтай нығайғанын атап өткен жөн.

Осы жылы 1940-1975 жылдары Кеңес Одағының Мемлекеттік статистика жүйесін 35 жыл басқарған мемлекеттік қайраткер В.Н. Старовскийдің туғанына (1905 жылдың

3 мамырында өмірге келген) 120 жыл толады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында статистика органдары жедел санақ жүргізді. Жалпы саны 142 жедел санақ жүргізілді, оның 105-і соғыс кезінде өткізілген. 29 санақ бес күн ішінде, 49 санақ 6-9 күн аралығында, 19 санақ 10-15 күн, 10 санақ 16-20 күн және 35 санақ 20 күннен аса мерзімде жүргізілді. ОСБ аппаратының тынымсыз еңбегі атап көрсетілді.

Соғыстың алғашқы кезеңінде ОСБ Үкіметке ұсынған, жедел санақтардың қорытындылары туралы баяндамалардың бірінде Сталин: «Бұл ақпараттың құндылығы майдандағы үлкен жеңіске тең» деп жазды.

КСРО-дағы үй құстары бойынша санақ кезінде жұмыртқаларды есептегенде, олардың саны мүмкін болатын максималды санынан үш есе асып кетті.

Санақ нәтижелері И.В. Сталинге көрсетіледі. И.В. Сталин «Жолдас Старовский, бұл қалай болғаны?» деп сұрапты. Бұған В.Н. Старовский: «Жабайы құстардың жұмыртқаларын есепке алғанда осылай шықты. Жолдас Сталин, аштықтың кесірінен халық оларды үйретіп, үй құстарына айналдырып алған» деп жауап берген.

В.Н. Старовский статистиканың басты заңын орындауды әзілмен былайша түсіндірген: «Бәрінен көп болмауы керек, бірақ бәрінен кем болмауы керек». Оның есте сақтау қабілеті керемет болатын, әсіресе сандарды жақсы жаттайтын.

1988 жылы Мәскеуде КСРО Мемлекеттік статистика комитеті қызметкерлерінің партиялық-шаруашылық активі өтті. Мемлекеттік статистика комитеті басшылығының тапсырмасы бойынша АКСР өлкелері мен облыстары басшыларының атынан осы активте маған сөз сөйлеу тапсырылды.

Бұл жоғары толқынысты және орасан жауапкершілікті сәт еді. Мен бұл тапсырманы орындадым. Бұл сәтті әлі күнге дейін есіме аламын. Активте КСРО Коммунистік партиясы Орталық комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, КСРО Халықтық бақылау комитетінің жауапты қызметкерлері, Мәскеу қалалық партия комитетінің қызметкерлері және Одақтас республикалардың статистика қызметінің жетекшілері қатысқан болатын.

Менің тақырыбым: «КСРО Мемлекеттік статистика комитетінің жоғарғы органдарының жұмысына сын». Менің тарапымнан осы кезең үшін бұл өте батыл қадам болды деп есептеймін.

1947 жылы 20 қазанда БҰҰ статистика бөлімін құрды. Бұны тағдыр ма дерсің!

1947 жылы 20 қазанда Алматы облысы Кеген ауданы Алғабас ауылында дүниеге келдім. 1964 жылы Мәскеудегі Экономика және статистика институтына (МЭСИ) оқуға түстім. 1968 жылы институтты аяқтағаннан кейін мені Қазақ ССР-інің Орталық статистика басқармасына (ОСБ) жұмысқа жіберді. Сол кезден бастап мен статистикаға ең жарқын жылдарымды арнап, әлі де статистика саласына өз үлесімді қосып келемін.

Қазақстан статистикасы тарихында З.П. Троценко, Г.Ж. Жұмасұлтанов, В.И. Горячковский, Ж.А. Күлекеев., Ә.А. Смайылов және басқа да жетекшілер айтарлықтай із қалдырды. Сондай-ақ Қазақ КСР Мемстат аппаратының басшы қызметкерлері Т.В Волков., Т. Увалиев, А.Н. Часовникова, А.Ж. Жанғабылов, А.О. Оңғарбаев, М.П. Осипов, К.У. Ундяшев, А.К. Гавирилин, Ж.Б. Қабылбековтің есімдері ұмытылмауы тиіс.

Бегім Төлепбаев

Менің мемлекеттік статистика жүйесіндегі жұмысым туралы естеліктерім

Қазақстандағы статистика ғылымы мен тәжірибе 105 жылдан бері республиканың экономикасын басқарудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Аса мол ақпарат ағынында бағдар ала білу – кез келген заманауи адам үшін қажетті дағды. Бірақ мұндай мәліметтер ауқымын бәрінен сауатты қолданатындар және талдайтындар – статистика қызметкерлері.

Мен кәсіби қызметімді осы салада бастау бақытына ие болғандардың бірімін және мемлекеттік статистика жүйесіндегі жұмыс туралы естеліктеріммен бөліскім келеді.

Мен тоқсаныншы жылдардың соңында, ел үшін өте қиын, бірақ қызықты уақытта мемлекеттік статистика құрылымында жұмыс істей бастадым. Менің алғашқы лауазымым және алғашқы жұмыс тәжірибем Шығыс

Қазақстан облысы Статистика басқармасы бастығының орынбасары қызметінен басталды. Кейін Шығыс Қазақстан облысы Статистика басқармасының бастығы болып тағайындалдым.

Әрине, тоқсаныншы жылдары деректерді өңдеу жұмыстары бүгінгі күннен айтарлықтай ерекшеленді. Статистикалық деректердің үлкен ауқымы MS DOS операциялық жүйесі ортасында FoxPro-да әзірленген бағдарламалық қосымшаларда өңделді, қол еңбегі көп болды, барлық статистикалық процестерді автоматтандыру кейінірек жүзеге асырылды.

2002 жылы мен Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалдым. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы Статистика агент-

тігінде көптеген қызықты жобалар жүзеге асырылды.

1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің жүйесінде деректерді берудің жаңа желісі енгізілді, оның негізінде статистикалық ақпаратты жинау, беру, өңдеу, жинақтау және ұсынудың өтпелі технологиясына көшу жүзеге асырылды. Республикалық және өңірлік деңгейлерде статистика салалары мен республиканың облыстары бойынша бөлінген интеграцияланған дерекқорлар құрылды.

2004 жылы статистикалық деректерді өңдеудің мамандандырылған жүйелерін құру кезінде «клиент-сервер» архитектурасының технологиясы іске асырылды. Бұл жүйелердің өнімділігін едәуір арттыруға және бастапқы және жиынтық базалардан деректерді ерікті түрде іріктеу үшін стандартты сұрауларды орындауға мүмкіндік берді.

Ақпараттық қойма идеологиясы бойынша құрылған «Статистикалық көрсеткіштер динамикасы» талдамалық жүйесінің мүмкіндіктері кеңейтілді, ол экономиканың барлық салалары бойынша жинақталған статистикалық көрсеткіштерді тұрақты толтыруды және сенімді сақтауды қамтамасыз етті және әлі де уақыт кезеңдері бойынша талдамалық есептерді құру үшін кеңінен қолданылады.

Қазақстанда 2006-2007 жылдары жүргізілген алғашқы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Санақ тәуелсіз Қазақстан жағдайында аграрлық статистиканы дамыту негізіне айналды.

Мемлекеттік статистиканы жетілдіру шеңберінде жіктеуіштердің автоматтандырылған банкі, әкімшілік және статистикалық тіркелімдер, дара кәсіпкерлер тізілімі, сондай-ақ статистикалық көрсеткіштер каталогты қамтитын нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай қоры құрылды. 2004 жылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік-аумақтық объектілерінің мемлекеттік жіктеуіші (ӘАОЖ) бекітілді, ол елдің әкімшілік-аумақтық

бірліктерін жіктеудің маңызды құралына айналды.

Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның орталық аппаратын елорда – Астана қаласына көшіру ұйымдастырушылық тұрғыдан маңызды сын-тегеурін болды. Кадр ресурсының шектеулі болғанына қарамастан, сарапшылардың жоғары кәсібилігінің арқасында статистикалық ақпаратты уақтылы және сапалы қалыптастыру қамтамасыз етілді.

Осылайша, тоқсаныншы жылдардың соңы мен екі мыңыншы жылдардың басында статистиканы реформалау тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне сәйкес келетін ұлттық статистикалық жүйені қалыптастыруға, негізгі халықаралық стандарттар мен жіктелімдерді, көрсеткіштердің жаңа жүйелерін және статистикалық байқау әдістерін енгізуге мүмкіндік берді. Отандық статистиканың бастауында тұрған және оны жетілдіруге және реформалауға зор үлес қосқан, сол жылдары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің басшылары болған, бүгіндегі ірі саяси қайраткерлер Ж.А. Күлекеев пен Ә.А. Смайыловтың ұлттық статистиканың дамуына қосқан елеулі үлесін атап өткім келеді.

Әрине, заманауи статистикадағы автоматтандыру технологиясы және ауқымы мен жұмыс істеген кезеңдегі статистикадан айтарлықтай ерекшеленеді. Инновациялық технологияларды енгізу, компьютерлік және цифрлық техникамен жарақтандыру және жасанды интеллект саласындағы жекелеген әзірлемелерді енгізу арқасында ол халықаралық стандарттарға сәйкес кемелденіп, пайдаланушылар үшін ашық және қолжетімді бола түсті.

Қазір көп нәрсе өзгерді. Статистикалық практиканың кейбір бағыттары қысқарды, басқалары айтарлықтай кеңейтілді және халықаралық тәжірибеге сәйкестендірілді. Бірақ статистиканың мәні өзгеріссіз қалады – мемлекеттік құрылымдарды, бизнесті, халықты сапалы және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету.

Статистиканы дамытудың барлық кезеңдерінде мен көлемді деректер жиынымен жұмыс істеу, оларды дұрыс түсіндіру және талдаумен байланысты бірегей практикалық тәжірибе жинадым. Статистикадағы жұмыс тәжірибем кейін атқарған қызметтерімде жетекшілік ететін салаларда жекелеген басқару шешімдерін қабылдауда пайдасын тигізді.

Әр мамандықтың қозғаушы күші – адамдар! Әріптестерімді шын жүректен

құттықтап, статистика саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған ардагерлерімізге ерекше алғыс білдіргім келеді. Баршаңызға денсаулық, отбасыларыңызға амандық және қаржылық бақуаттылық, кәсіби қызметте табыс, жаңа қызықты перспективалар мен жетістіктер тілеймін. Бүгінгі буын статистиктеріне статистиканы одан әрі дамытуда табыс тілеп, оның сапасы мен шынайылығына нық сенім артамыз.

Бауыржан Қадірұлы Тортаев

Әрбір санның мәні бар

Қазақстан статистикасына 105 жыл! Бұл маңызды мерейтойды статистика органдары дамудың жоғары сатысында қарсы алып отыр деп ойлаймын, себебі өз негізі қаланған кезден бастап үнемі ілгері жылжып келеді. Мен Қазақстанның мемлекеттік статистикасының дамуына он бес жыл бойы тікелей қатысу мүмкіндігіне ие болғанымға мақтанамын.

2009 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің басшылық құрамы толық жаңарып, мен Төрағаның орынбасары лауазымына шақырту алдым. Сөйтіп, 2010 жылдан бастап Қазақстан мемлекеттік статистикасының дамуында жаңа белсенді кезең басталды деуге болады.

Кез келген статистикалық жүйе үшін құқықтық негіздің маңызы зор. Сондықтан 2010 жылы «Мемлекеттік статистика туралы» заңның жаңа редакциясы қабылданып, бұрынғы нұсқасына қарағанда едәуір жетілдірілді. БҰҰ-ның Ресми статистиканың іргелі қағидаттары негізге алынып, негізгі ұғымдар, статистикалық жүйеге қатысушылар мен респонденттердің құқықтары мен міндеттері нақты айқындалды. Жаңа заң Қазақстанда статистикалық қызметті халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізуге, статистикалық ақпараттың сапасын арттыруға және пайдаланушылардың қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік берді. Кейін Қазақстан Республикасының

мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасы халықаралық ұсынымдар мен ағымдағы үрдістерге сай бірнеше рет жетілдірілді. БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы әзірлеген Үлгілік статистика туралы заң – заңнаманы жетілдіруде үлкен көмек болды, оның көптеген ережелері Мемлекеттік статистика туралы заңға соңғы өзгерістер енгізу кезінде ескерілді. Бүгінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасы, жалпы алғанда, үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді деп айта аламыз. Әсіресе, әкімшілік дереккөздерді бақылау және әкімшілік деректердің сапасын қамтамасыз етуге қатысты ережелер басқа елдерге үлгі бола алады.

Қазақстан статистикасының сапалы серпінмен дамуы үшін халықаралық сарапшылардың көмегі қажет екені айқын болды. Қазақстан статистикасы үшін «ҚАЗСТАТ» жобасы айтулы оқиға болды. 2010 жылы Дүниежүзілік банкпен Қазақстан статистика жүйесінің әлеуетін арттыру жобасы бойынша қарыз алу туралы келіссөздер жүргізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен 2011 жылы Дүниежүзілік банкпен құны 20 миллион АҚШ долларынан асатын қарыз туралы келісімге қол қойылып, 2012 жылдан бастап «ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистикалық жүйені нығайту жобасы» іске аса бастады. Жобаны жүзеге асыру үшін Германияның

статистика қызметі бастаған жетекші шетелдік статистикалық органдардан құралған Консорциум конкурс арқылы таңдалды. Жобаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын басқару маған бұйырды. Бұл бес жылдық жоба көптеген қазақстандық мамандардың үздік шетелдік статистикалық органдарға танысу сапарларымен баруына, статистикалық құралдар мен әдістемелерді жетілдіруге, статистикалық инфрақұрылымды дамытуға зор мүмкіндік берді. «ҚАЗСТАТ» жобасының табысты іске асуы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді жұмысының арқасында мүмкін болды.

Мен өз жұмысымда әрдайым статистикалық деректер сапасын басты назарда ұстадым. Айтарлықтай жетістіктердің бірі 2010–2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар аясында Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерін ISO 9001:2008 халықаралық сапа стандартына сәйкес сертификаттау болды. Жүргізілген мұқият жұмыстың нәтижесінде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен барлық аумақтық бөлімшелер халықаралық сертификаттарға ие болды. Бұл ретте жоғары халықаралық деңгейдегі сертификаттауға дайындық жұмысын тамаша атқарғаны үшін статистикалық үдерістерді дамыту басқармасының басшысы Н.В. Тарасова мен бүкіл басқарма қызметкерлерін ерекше атап өткім келеді. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінде сапа менеджменті жүйесін енгізу мен дамыту барлық қызметкерлерге үдерістік тәсілді тереңірек түсінуге, статистикалық деректер сапасын қамтамасыз ету ісін жүйелеуге мүмкіндік берді. Осы орайда, GSBPM халықаралық үлгілік моделіне негізделген сапа менеджменті жүйесін одан әрі дамыту жұмысын жалғастыру қажет.

Статистика саласына келген кезде мен макроэкономика және болжау саласында мол тәжірибем болды. Пайдаланушы ретінде кейбір макроэкономикалық көрсеткіштердің

қисынсыздығы мен дәл еместігі, деректердің теңгерімсіздігі мәселесі жиі кездесетін. Осыған байланысты мен ұлттық шоттар жүйесін жетілдіруге ерекше көңіл бөлдім. Ең алдымен, 1993 жылғы ҰШЖ енгізу жұмыстары аяқталды, 2008 жылғы ҰШЖ негізгі ережелері іс жүзінде енгізілді. ЖІӨ есептеудің әртүрлі тәсілдері арасындағы тепе-теңдік, нақты, фискалдық, экономиканың сыртқы және монетарлық секторларының көрсеткіштері арасындағы үйлесімділік, ұлттық байлықты есептеулер едәуір жақсартылды. ХВҚ мамандарымен бірлесіп жүргізілген жылдық, тоқсандық және айлық нақты көлем индексі көрсеткіштерін ҰШЖ деректерімен байланыстыру жұмыстары аса маңызды болды. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, Қазақстан ҰШЖ көрсеткіштерінің қамтылуы мен сапасы жағынан өңірдегі көптеген елдерден алда келеді. Алда ҰШЖ 2025 жылғы жаңа стандартының ережелерін енгізу жұмысы тұр.

Кез келген статистикалық жүйенің негізгі бағыты – кадр дайындау. Өкінішке қарай, Қазақстанда жоғары оқу орындары статистика мамандарын дайындауға жеткілікті көңіл бөлмей келді. Келіссөздердің нәтижесінде 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы жанынан «Статистика» мамандығы бойынша магистратура ашылды. Бұл бағдарлама бойынша Агенттіктің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері оқыды. Алайда қаржыландырудың болмауына байланысты бұл бағдарлама жабылып қалды. Басқа елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, статистик мамандар даярлау және статистика әдіснамасы саласында зерттеулер жүргізу үшін арнайы оқу-зерттеу орталығын ашу мәселесі де талқыланды. Мұндай орталықтың халықаралық ұйымдармен бірлесіп құру мүмкіндіктері қарастырылды. Бұл идея сол күйінде жүзеге аспаса да, басқа түрде іске асты. Біріншіден, Адами ресурстарды дамыту департаменті құрылды. Бұл құрылымның пайда болуы –

мамандар даярлау, оқу курстарын ұйымдастыру, ЖОО-мен ынтымақтастықты кеңейту және әр маманмен жеке жұмыс істеу бағыты бойынша жұмысты айтарлықтай күшейтті. Екіншіден, «Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК жанынан Аналитикалық шешімдер қалыптастыру департаментінің құрылуы жоғары білікті аналитик мамандарды тартуға және көлемді деректерді пайдалану бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік берді.

Халықаралық ынтымақтастық – статистика саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Бүкіл әлемнің статистиктері бір үлкен достық және өзара құрметке негізделген отбасына ұқсайды. БҰҰ Статистикалық комиссиясының отырыстарына, Еуропа статистиктерінің конференцияларына, ЭЫДҰ статистика комитетінің, Еуразиялық экономикалық кеңестің статистика жөніндегі консультативтік комитетінің отырыстарына қатысқаным есімде қалды. Халықаралық іс-шараларға қатысу әрдайым тәжірибе алмасуға, жұмысты жетілдіруге бағытталған жаңа идеялар қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік статистика жүйесінде жұмыс істей жүріп, бұл саланың қаншалықты

маңызды әрі көп қырлы екенін түсіндім. Мемлекеттік басқару мен жеке бизнес саласындағы маңызды шешімдер ресми статистикалық деректерге негізделеді. Сондықтан, статистикалық ақпарат сапасына қойылатын талаптар өте жоғары. Барлық статистика салалары деректерінің өзара байланыстылығы қолда бар ақпаратты кешенді талдауды, статистикалық модельдеу әдістерін қолдануды талап етеді. Деректер көлемінің артуы мен дереккөздер санының көбеюіне байланысты статистик мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар үнемі артып келеді.

Осыған байланысты жас статистик мамандарға өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыруды тілеймін, қол жеткізген нәтижемен тоқтап қалмаңыздар дегім келеді. Әрбір санның пайдаланушылар үшін маңызы зор екенін, сондықтан деректер сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету қажет екенін ұмытпау керек.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, барша әріптестерімді Қазақстан статистикасы тарихындағы айтулы мерейтоймен құттықтаймын! Алда жаңа белестер мен жетістіктер көп болсын!

Жасер Әзімханұлы Жарқынбаев

Статистика – экономика мен бағдарламалау саласындағы білімімді «бір арнаға тоғыстырған» сала

Қазақстан статистикасы өз тарихындағы маңызды белес – 105 жылдық мерейтойын атап өтуде. Маған статистиканың жекелеген салаларының қалыптасуын жетілдіруге және жаңа бағыттарды әзірлеуге үлес қосу бақыты бұйырыпты. Бұл – Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, халықаралық стандарттарға сәйкес статистикалық деректерді жинау мен қалыптастыру әдіснамасының толық жаңартылған кезеңі болды.

Менің статистика саласындағы еңбек жолым 1998 жылдың қаңтарынан бастап 1999 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақстан

Республикасы Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы бөлімінің бастығы лауазымынан басталды. 1999 жылдың қазанынан бастап 2002 жылға дейін, сондай-ақ 2004-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінде басқарма бастығынан департамент директоры қызметіне дейін еңбек еттім.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика органдарына жұмысқа келген сәттен бастап, менің экономика және бағдарламалау саласындағы кәсіби білімім мен тәжірибем осы жерде ерекше қажет екенін түсіндім. Бүгінде жиі айтылып жүрген

«цифрлық экономика» элементтері сол кездің өзінде менің жұмысымда қолданылды деуге болады.

Қазақстан статистикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, ел мен экономиканың дамуы үшін қажетті статистикалық деректерді қалыптастырудың жаңа әдістемелерін әзірлеуді мақсат етіп қойды.

Осы кезеңде статистикалық деректерді жинау және өңдеу процестерін жетілдіру мен автоматтандыру жұмыстары белсенді жүргізілді. Компьютерлік техника мен бағдарламалық жасақтама жылдам қарқынмен жаңартылды. Статистикалық деректерді өңдеу уақытын қысқартуға және компьютерлік техниканың жедел әрі физикалық жадын оңтайландыруға бағытталған бағдарламалық өнімдерге ерекше назар аударылды.

Статистиканың барлық бағыттары бойынша дерлік халықаралық ұйымдармен бірлесіп, статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және тарату саласындағы әлемдік тәжірибені енгізуге бағытталған жобалар іске асырылды. 1991 жылдан 2008 жылға дейін TACIS бағдарламасы аясында шамамен 45 жоба жүзеге асырылды.

Менің статистика органдарындағы қызметім Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағалары – Ж.Ә. Күлекеев, Ә.А. Смайылов, Қ.С. Әбдиев, Б.Т. Сұлтановтың басшылығымен өтті.

1999 жылдан 2007 жылдар аралығында мен қызмет барысында статистика саласы бойынша 6 TACIS жобасын басқардым. Олар: қызмет көрсету, сауда, көлік, сыртқы сауда статистикасы, конъюнктуралық зерттеулер (кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі), сондай-ақ статистикалық ақпаратты тарату және жариялау.

Нидерланды, Италия, Германия, Швеция, Норвегия және Латвия елдерінің статистикалық органдарынан келген халықаралық сарапшылармен бірлесіп, зерттеу нысандары мен сауалнамаларын әзірлеудің, іріктемелер мен респонденттерді қамтудың, статистикалық

деректерді талдаудың жаңа тәсілдері енгізілді. Бұл халық пен кәсіпорындарды статистикалық ақпаратпен барынша қамтамасыз ете отырып, қаржылық және еңбек шығындарын азайтуға мүмкіндік берді.

2000 жылы Қызмет көрсету статистикасы департаментінің директоры лауазымында болған кезде, халықаралық талаптарға сәйкес 1999 жылға Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансын әзірлеу жұмыстары жүргізілді. Ол тек шартты отын тоннасында (бұрынғы КСРО тәжірибесі) ғана емес, сонымен қатар мұнай эквивалентіндегі тоннамен де есептелді. Осы жұмыстың нәтижесінде талқылау және деректерді Халықаралық энергетикалық агенттіктің (International Energy Agency (IEA)) базасына енгізу үшін IEA сарапшыларымен кездесулер өткізілді. Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет «Қазақстан Республикасының 1990 және 1999–2001 жылдардағы отын-энергетикалық балансы» атты статистикалық жинақ жарық көрді.

Сондай-ақ, 2000 жылы алғаш рет өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың ресурстары мен пайдалану балансы әзірленді. Оның негізінде «Қазақстан Республикасы бойынша 2000 жылға негізгі шикізат түрлері, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер ресурстары мен пайдалану баланстары» атты статистикалық анықтамалық шығарылды.

Аталған баланс көлеңкелі экономика көлемін – яғни заңсыз өндіріс не импорт нәтижесінде қалыптасқан тауар көлемін анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, бензиннің шамамен 30% көлеңкелі импорты анықталды. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша кеден органдары статистика органдарының деректеріне сүйене отырып, аталған жағдайды зерделеу жұмыстарын жүргізді.

2006 жылы Швецияның Ұлттық экономикалық зерттеулер институтында кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі бойынша конъюнктуралық зерттеулер жүргізу тәжірибесі зерделенді. Нәтижесінде, Қазақстан

кәсіпорындарының композиттік индикаторлары жетілдірілді.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес стационарлық және жылжымалы сауда орындарын қамти отырып, сауда нүктелерінің санағы жүргізілді. Осы санақтың деректері мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер үшін басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз болды. Мәселен, «Қазмұнайгаз» АҚ мамандары жанармай құю станциялары бойынша деректер негізінде сату көлемін талдап, жаңа АЖС нүктелерін орналастыру бойынша жұмыс жүргізді.

Статистикалық деректердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік статистика органдары мүдделі мемлекеттік органдармен тығыз өзара іс-қимыл жасады.

Мысалы, бөлшек тауар айналымының статистикасы салық органдарының нақты жұмыс істейтін сауда кәсіпорындары мен салық түсімдері жөніндегі деректерімен салыстырылды. Көлік статистикасы ІІМ-нің МАИ базасымен сәйкестендірілді. Қызмет көрсету статистикасы департаментінің директоры ретінде мен Ішкі істер министрлігінің мамандарымен автокөлік құралдарының болуы туралы деректермен алмасу мәселесі бойынша кездесу ұйымдастырдым.

Статистика органдарының әлемдік тәжірибесін зерттей отырып, біз отандық

статистиканы жетілдіруге ерекше жауапкершілікпен және ынтымақтастықпен қарадық. Себебі, статистикалық деректерді қалыптастыру арқылы қосқан біздің үлесіміз мен жұмысымыздың нәтижесі – мемлекеттік бағдарламалар мен елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын әзірлеудің басты құралы.

Статистика саласында жинаған білім мен тәжірибем кейін басқа мемлекеттік органдардағы жұмысымда да пайдасын тигізді. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде Макроэкономикалық талдау және болжау департаментінің директоры, ал Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінде Талдау, бақылау бөлімдерінің басшысы және Есеп комитетінің мүшесі қызметтерін атқардым.

Осы айтулы күні еліміздегі барлық статистиктерді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге шығармашылық табыс, зор денсаулық және статистикалық деректерді одан әрі жетілдіру жолында толағай табыс тілеймін!

Жас статистик мамандарға – сарқылмас оптимизм мен өз кәсібіне деген сүйіспеншілік тілеймін!

Халида Мурдуновна Қамбарова

Ғасыр басындағы Қазақстан статистикасы

2025 жылы Қазақстан статистикасы елеулі күн – құрылғанына 105 жыл толуын атап өтеді. 105 жыл – бұл тек өткенге көз жүгірту ғана емес, болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік. Ғаламдық сын-қатерлер мен жедел технологиялық прогресс жағдайында статистика алдында «көлемді деректерді» дамыту, халықаралық стандарттармен үйлестіру, ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру міндеттері тұр.

Менің статистика органдарындағы кәсіби қызметім 1999 жылы басталды, оған дейін еліміздің мемлекеттік органдарында мол жұмыс тәжірибем болды.

Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесінің дамуы мемлекеттік статистиканың халықаралық стандарттармен, жіктеулермен және әдістемелермен үйлесімділігі мен салыстырмалылығын үнемі қамтамасыз ету негізінде жүргізіліп келеді.

Бұл бағыттағы ерекше үлес Еуропалық Одақ пен әлемнің алдыңғы қатарлы статистикалық органдарының тәжірибесін TACIS және ҚАЗСТАТ халықаралық жобаларын іске асыру аясында зерделеу арқылы енгізілді.

Халықаралық жобалардың арқасында Қазақстанның ұлттық статистикалық практикасына жаһандық деңгейде салыстырмалы деректерді қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі, атап айтқанда, қызметтер мен энергетика статистикасы бойынша табысты енгізілді. Бүгінгі күні Қазақстанда ішкі сауда, көлік, коммерциялық қызметтер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инновациялар, энергетика және туризм статистикасы бойынша көрсеткіштер БҰҰ, Еуростат және әлемнің алдыңғы қатарлы статистикалық органдардың ресми статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және тарату бойынша халықаралық стандарттарын қолдану негізінде қалыптастырылады.

Халықаралық жобалар аясында статистиканы жетілдіру бағыттарының бірін басқара отырып, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі сарапшыларымен бірлесіп жобаларға қатысқан жетекші халықаралық сарапшылармен ынтымақтаса отырып, әдіснамалық тәсілдерді, статистикалық құралдарды және сапа жөніндегі есептерді әзірлеуді ұйымдастыруға мүмкіндік туды.

ҚАЗСТАТ жобасын іске асыру аясында халықаралық сарапшылардың Қазақстанда (астанада және өңірлерде) өткізген семинарларына, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен әлемнің дамыған елдерінің статистикалық органдарында өткен оқыту шараларына қатысу арқылы орталық аппарат пен аумақтық статистика органдарының мамандары қызмет көрсету және энергетика статистикасы бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес оқытылды.

БҰҰ-ның халықаралық стандарттары мен ЕАЭО Сауда статистикасы жөніндегі әдіснамасын енгізу Еуразиялық экономикалық

одақ елдерінде Бірыңғай экономикалық кеңістік құрып, шекарадағы кедендік бақылауды жою шартымен өзара сауда статистикасы деректерінің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметі сарапшыларының үйлесімді жұмысы (Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымының негізгі бөлігі Ресей Федерациясына тиесілі) Қазақстан статистика органдары деректерді қалыптастыра бастаған бірінші жылдың өзінде-ақ Ресей Федерациясының деректерімен жоғары деңгейдегі үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл респонденттер тарапынан анық емес есептілік фактілерін анықтап, оларды жоюға жол ашып, ресми статистикаға деген сенімді нығайту жолындағы маңызды қадам болды.

Статистика органдарында 20 жыл бойы қызмет ете жүріп, балама дереккөздерді пайдаланудың маңыздылығын ерекше сезінесің, өйткені бұл респонденттерге түсетін жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік статистика қағидаттарына сәйкес Қазақстан статистикасының одан әрі дамуы ел экономикасының жалпы цифрлық трансформациясымен тығыз байланысты жүзеге асырылатын болады.

Негізгі бағыттардың бірі әкімшілік дереккөздер деректерін статистикалық процестерге интеграциялау болады. Бұл статистикалық ақпараттың сапасын жан-жақты едәуір арттырып, оны халықаралық стандарттармен салыстырмалы етуге, сондай-ақ респонденттерге түсетін жүктемені азайта отырып, деректерді ұсыну жеделдігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы мерейтой жаңа жетістіктерге шабыт берсін, ал Қазақстан статистикасы елді тиімді басқару мен тұрақты дамыту жолында әрдайым сенімді тірек болып қала берсін!

Зифа Рафиковна Якупова

**Перебирая документы в архиве памяти моей,
Я вижу лучшие фрагменты и замечательных людей...
И будто годы – не помеха, но я давно не видел их,
Кто потерялся, кто уехал, кого-то вовсе нет в живых.
(Өлеңнен үзінді. Авторы Олег Нечаянный)**

Мемлекеттік статистика жүйесіндегі еңбек жолымды 1978 жылы Алматы қалалық Статистика басқармасында экономист қызметінен бастадым. Үш жылдан кейін Статистика басқармасының басшылығы маған Фрунзе (қазіргі Медеу) ауданының статистика бөліміне инспектор қызметін сеніп тапсырды. Ал 1997 жылдан 1999 жылға дейін Алматы қаласының Алмалы ауданының статистика бөлімінде бас маман болып жұмыс істедім.

1986 жылы мен Алматы қаласының статистика басқармасының басшысы А.Д. Пакпен таныстым. Оның басшылығымен біздің ұжым 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағын (КСРО кезіндегі соңғы) және 1999 жылы Қазақстан Республикасындағы алғашқы Ұлттық халық санағын сәтті өткізді.

1999 жылдың соңында мені Алматы қаласының Статистика басқармасы басшысының орынбасары – халық санағы бөлімінің басшысы қызметіне тағайындады. Осы қызметте жүріп мен Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің (Агенттік) орталық аппаратындағы әріптестерімен, «Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК (АЕО), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметтері, сондай-ақ өңірлік статистика органдарының қызметкерлерімен жиі кездесетін болдым.

2000 жылдан бастап менің барлық кәсіби қызметім демографиялық статистика саласымен тығыз байланысты болды. Бұл саланы Агенттікте Әлеуметтік-демографиялық статистика департаменті (ӘДСД) директорының орынбасары Е.Н. Мұсабек қадағалады. Ол демографиялық есептеулердің жекелеген аспектілерін әріптестеріне мұқият әрі сабырмен түсіндіріп, демографиялық көрсеткіштерді,

олардың өзара байланысын және олардың статистиканың басқа салаларындағы көрсеткіштерге әсерін талдауға үйрететін. 2003 жылдан бастап мен Агенттіктің орталық аппаратына жұмысқа ауыстым және Е.Н. Мұсабектің жетекшілігімен 2002-2003 жылдары Қазақстан Республикасының статистикалық әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуші (ӘАОЖ) әзірленіп, ол 2004 жылдың соңында мемлекеттік жіктеуш ретінде бекітілді. 2006 жылы алғаш рет «Этно-демографиялық статистикалық жылнама» жарық көрді, ол тек елімізде ғана емес, ТМД елдері мен халықаралық ұйымдар тарапынан да үлкен қызығушылық тудырды. Бұл жинақтың келесі шығарылымы 2013 жылы жарияланды.

2005 жылы Агенттік Қазақстан атынан ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілдігімен (БҰҰ Балалар қоры) «Өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойып, алғаш рет «Қазақстан Республикасындағы әйелдер мен балалардың жағдайы» туралы Мультииндикаторлық кластерлік зерттеудің (МИКЗ-3) үшінші раундын өткізуге қатысты. Бұл зерттеуді Е.Н. Мұсабек басқарды. Зерттеудің барлық ұйымдастырушылық және практикалық шаралары аумақтық статистика департаменттерін тарта отырып, ӘДСД-нің халық статистикасы бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен және З.А. Жұманбаева басшылық еткен «Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК мамандарының елеулі қолдауымен бірлесіп жүргізілді.

Аталған зерттеуді ұйымдастыру барысында маған өңірлік командаларды қалыптастыру мен оқыту, сондай-ақ олардың зерттеудің әдіснамалық ережелерін сақтауын бақылау бойынша бірқатар ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыру

жүктелді. Зерттеу қорытындысы бойынша «Қазақстан Республикасындағы әйелдер мен балалардың жағдайы» есебінің елеулі бөлігін мен жаздым. МИКЗ-3 нәтижелері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында таныстырылып, депутаттар жоғары бағалады. Агенттікке бұл зерттеуді әр 5 жыл сайын өткізу ұсынылды. Бүгінгі таңда 4 зерттеу жүргізілді (МИКЗ-2005/2006, МИКЗ-2010/2011, МИКЗ-2015, МИКЗ -2023/2024). Алғашқы екі МИКЗ-да мен Жобаның тең орындаушысы ретінде тікелей қатыстым, ал 2015 жылы ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілдігі атынан ұлттық консультант ретінде жұмыс атқардым. Сонымен қатар, мен МИКО-2015 нәтижелері бойынша «Қазақстан Республикасындағы әйелдер мен балалардың жағдайы» есебінің құрастырушысымын.

2009 жылғы Халық санағының қорытындыларын шығаруда Е.Н. Мұсабектің сіңірген зор еңбегін ерекше атап өткім келеді. Санақ дерекқорын өңдеу барысында әдіснамалық және техникалық сипаттағы қателер анықталды. Алайда бірнеше ай бойы АЕО қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген мұқият жұмыстың нәтижесінде бұл кемшіліктер жойылып, 2010 жылдың соңында санақтың негізгі қорытындылары жұртшылыққа ұсынылды.

Е.Н. Мұсабек отандық демографиялық статистика тарихы мен дамуына сөзсіз зор үлес қосқан, жарқын із қалдырған тұлға болды. Ол ТМД елдері мен алыс шет мемлекеттердің демограф-ғалымдары мен әріптестері арасында зор беделге ие болып, үлкен құрметке бөленді. Ол бастамашыл, ашық-жарқын, мақсатшыл адам болатын, жан-жақты қызығушылықтары бар еді; өз ісіне шын берілген, нағыз отаншыл демограф-статистик әрі бағдарламашы болатын.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің (ПӘ) тапсырмасы бойынша Агенттікке қысқа мерзім ішінде «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына сенім деңгейі» тақырыбында біржолғы

статистикалық зерттеу жүргізу міндеті жүктелді. Бізде бұл тақырып бойынша деректерді жинау мен өңдеудің әдіснамасы да, мұндай зерттеулерді жүргізу тәжірибесі де болмағандықтан, біз ТМД Статистика комитеті мен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясынан (ЕЭК) қолдау сұрадық. Біз БҰҰ ЕЭК-тен «Қылмыс статистикасы саласындағы әдіснама» алдық және осы негізде біздің зерттеуімізге арналған әдістеме әзірленді. Бұл істе Е.Н. Мұсабек басқаруындағы департаменттің қызметкерлері – М.М. Мадиева мен Н. Әлқуатова айрықша үлес қосты.

Мемлекеттік статистика жүйесінде қызмет атқарған жылдар ішінде соңғы 4 халық санағына қатысу мүмкіндігіне ие болдым: 1989 жылғы (Кеңес дәуіріндегі соңғы), сондай-ақ 1999, 2009 және 2021 жылдардағы санақтар.

1988-1989 жылдары мен алғаш рет ауқымды іс-шара – Фрунзе ауданы аумағында 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағын ұйымдастыру мен өткізуге қатыстым. Бұл менің статистика саласындағы қызметімдегі баға жетпес тәжірибе болды! Санаққа дайындық пен өткізуге белсенді қатысқаным үшін мен КСРО Мемстаткомының Құрмет грамотасымен марапатталдым, бұл мен үшін ең қымбат әрі маңызды марапат болды!

1999 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдің статистика органдары Қазақстан Республикасындағы алғашқы Ұлттық халық санағын өткізді. Осы маңызды оқиғаға мен де тікелей қатысып, барлық ұйымдастырушылық және дайындық шараларына атсалысу бақыты бұйырды. Санақты Алматы қаласының Алмалы ауданы аумағында сәтті өткізуге үлес қостым.

Мен 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халық санағына дайындық пен өткізуге тікелей қатыспасам да, менің Әлеуметтік-демографиялық статистика департаментін басқарған алғашқы екі жыл (2010-2011 жылдары) осы санақтың қорытындыларын шығару бойынша аса маңызды статистикалық жұмыстарға тұспа-тұс келді. Бұл кезеңде

санақтың негізгі нәтижелері бойынша 16 тақырыптық жинақ сериясын және еліміздің әрбір өңірі бойынша 48 жинақты дайындау мен жариялау жұмыстары атқарылды. Бұл өте ауқымды әрі еңбекқорлықты талап ететін жұмыс болды және Департамент оны қысқа мерзімде табысты жүзеге асырды! Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы Ұлттық халық санағының 2009 жылғы қорытындылары» атты талдамалық есеп дайындалып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік органдар, ҰЕҰ, халықаралық ұйымдар және БАҚ өкілдері сияқты кең аудиторияға таныстырылды.

2021 жылғы Қазақстан Республикасы Халық санағына дайындық және өткізу барысында мен «Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК-де консультант ретінде жұмыс істеп, санақты ұйымдастыру бойынша негізгі мәселелерді, оның ішінде санақтық аудандастыру әдістемесін, санақ персоналының санын есептеу мен оған орташа жүктемені айқындау, онлайн-санақты ұйымдастыру мәселелерін талқылау жөніндегі Жұмыс тобына қатысып, санақ парақтарының форматын, оларға арналған әдістемелік және нұсқаулық материалдарды, шығу кестелерінің шаблондарын, сынақ санақты өткізу тәртібін әзірлеуге және Ұлттық статистика бюросы мен АЕО қызметкерлерімен бірлесіп санақ нәтижелері бойынша шығу кестелерін қалыптастыруға тікелей атсалыстым.

Өткенге көз жүгіртсем, зейнеткерлік жастағы еңбек қызметімді есепке алғанда, статистика саласында 40 жылға жуық еңбек атқарыппын, сол уақыттың рухы мен оқиғаларына деген сағыныш сезімі

көкірегімді кернейді... Әрине, бұл жолда үміт пен түңілу, өрлеу мен құлдырау, жетістіктер мен сәтсіздіктер қатар жүрді, алайда дәл осындай жағдайларда адам болмысы қалыптасып, шыңдалады, күйзеліске төзімділік пен кәсіби жарамдылығы сыналады. Осы жылдар ішінде мен ұжыммен де, халықпен де жұмыс істеуді үйрендім, біржолғы зерттеулер мен санақтарды, семинарлар мен кеңестерді ұйымдастырып, өткізуді меңгердім, персоналға оқыту жүргіздім; БАҚ өкілдерімен қарым-қатынас орнату тәжірибесін жинақтап, кәсіби қызметім аясында түрлі мәселелер бойынша жауапты шешімдер қабылдауға дағдыландым. Бұл – менің жеке тұлға ретінде қалыптасуым мен кәсіби өсуімнің жылдары болды. Мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, ҰЕҰ, БАҚ және барлық деңгейдегі өңірлік статистика органдарының өкілдерімен таныстықтар және әлеуметтік-демографиялық статистика мәселелері талқыланған кездесулердің саны ұшан-теңіз болды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистикасының 105 жылдық мерейтойы қарсаңында еліміздегі барлық статистиктерді осы айтулы оқиғамен шын жүректен құттықтаймын! Статистика ардагерлеріне зор денсаулық, сергектік пен белсенді ұзақ өмір тілеймін!

Қазіргі таңда саласында еңбек етіп жүрген, құрметті статистик әріптестеріме шығармашылықпен жұмыс істеуді, кәсіби және мансаптық өсу, молшылық пен рухани байлық, өмірдің барлық салаларында амандық пен өркендеу тілеймін!

Баршамызға жақсылық пен бейбіт өмір тілеймін!

Гүлнара Жақайқызы Қоқанова

Есептеу орталықтарын құру, техникалық базаны нығайту, деректерді қорғау жүйелерін әзірлеу...

Еңбек жолымды аудандық деңгейдегі жоспарлау органдарында экономист, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы болып бастап, кейін жарты ғасырдан астам өмірімді елдің статистикалық қызметін дамытуға, оның техникалық базасын нығайтуға және кәсіби кадрлар даярлауға арнадым.

Экономист, бөлім бастығы, басқарма бастығы, Қазақстан статистикалық органдары алқасының мүшесі қызметтерін атқардым. Халық санағын және ауыл шаруашылығы санақтарын ұйымдастыруға белсене қатыстым, есеп беру жұмыстарын тексеруді басқардым.

Менің басшылығымен есептеу орталықтары құрылып, статистика қажеттіліктері үшін ғимараттар салынды, деректерді қорғау жүйелері әзірленді. Оның ішінде деректерді сақтау және өңдеу сенімділігін қамтамасыз етуді ескере отырып, есептеу орталығының ғимараты (Алматы қаласы, Абай көшесі 125) салынды. Есептеу орталықтарының бөлмелерінің қабырғалары ақпаратты қорғау мақсатында қорғасын плиталармен күшейтілді, жалған едендер төселді, заманауи техника қолданылды.

Басқа республикалардың (Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан) статистиканы есептеу орталықтары біздің ғимараттың жобасын негізге алды. Қазақстан тәжірибесі Мәскеу, Беларусь, Эстония әріптестерінің де назарын аударды. Біз одақтас республикалардың статистика қызметі басшыларымен жылы қарым-қатынаста болып, тәжірибе алмасып

отырдық. Әсіресе, Эстониядағы әріптестерімен іскерлік қарым-қатынас ерекше есте қалды.

Кадр даярлауға ерекше көңіл бөліп, мамандардың бірнеше буынын тәрбиелеп шығардым. Қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту үшін көп еңбек сіңірдім. Менің бастамашылық етуіммен операторларға аэробика сабақтары ұйымдастырылып, концерттер мен спорттық жарыстар өткізілді. Қызметкерлер үшін жұмыс орнында үйдегідей жайлы орта құруды мақсат еттім. Таңертеңмен музыка қою, жастарға арналған мерекелер, ведомстволық асханада өткізілген үйлену тойлары — мұның бәрі жақсы дәстүрге айналды. Менің жобам бойынша қызметкерлер балаларына арнап балабақша салуға жер телімі бөлінген еді, өкінішке қарай, бұл жоба жүзеге аспай қалды.

Көпжылдық адал еңбегім үшін ордендермен, медальдармен, Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамоталарымен марапатталдым, Құрмет кітабына ендім. Әріптестер мен ел басшылығы менің еңбегімді жоғары бағалады.

Жас ұрпаққа статистика атына кір келтірмеуге, адал еңбек етуді, іске де, адамдарға да құрметпен қарауды тілеймін. Еңбектеріңіз мемлекет пен қоғамға пайдалы болсын. Ұжымның жетістіктеріне қуана біліңіздер, әріптестеріңізді қадірлеңіздер, әрбір күннің қадірін біліңіздер. Болашақтарыңыз жарқын, еңбектеріңіз елге қажетті, құрметті болсын.

Суният Жүзбайұлы Исабеков

Статистикалық деректерді өңдеу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы

Мен статистикаға қиындығы мен қызығы қатар жүрген 1998 жылдың ақпанында АЕО «Халық санағының автоматтандырылған өңдеу» бөлімінің бастығы болып келдім. Біріншіден: Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 12 қарашадағы №1552 қаулысымен 1995 жылы қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің Бас есептеу орталығының орнына «Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» РМК (АЕО) құрылды. АЕО бөлімдері әлі де толықтай жасақталмаған болатын. Есептеу техникасы жеткіліксіз еді, қаржыландыру жағдайы да көңіл көншітпейтін. Салалық статистика деректері FoxPro 2.0 бағдарламалық қосымшаларында, MS DOS операциялық жүйесінің ортасында өңделді, қол еңбегі де әлі көптеп талап етілді. Екіншіден, Қазақстан алғаш рет халық санағын өз бетінше өткізді. Бұған дейін халық санағын Қазақ КСР-інің Орталық статистикалық басқармасы (ЦСУ) жүргізіп, барлық деректер өңдеу жүргізу үшін Мәскеуге, КСРО-ның Орталық статистикалық басқармасына (ЦСУ СССР) жіберілетін еді. Бұл халық санақтарының қорытындылары тек басылған жинақтар түрінде сақталды. АЕО-ға халық санағының материалдарын жаңа технология бойынша өңдеу тапсырылды, яғни, деректерді санақ парақтарынан сканер арқылы енгізу. ScanStar 5045C түрлі-түсті сканерлері және BUSY, Image Port, JobScan, RecoStar бағдарламалық құралдары қолданылды, олар CGK (Computer Gesellschaft Konstanz) фирмасының өнімдері болатын, бұл фирма Siemens Nixdorf-тың Германиядағы еншілес компаниясы еді. Бағдарламалық қосымшалар Ethernet желісінде Windows NT Server басқаруымен жұмыс істеді. Қосымшаларды әзірлеу үшін жаңа жүйелер Image Port, JobScan, Recostar, BUSY-мен жұмыс істей алатын, сонымен қатар Visual C++ пакетімен және желілік операциялық жүйелермен

жұмыс істеу дағдыларын алған мамандар даярланды. А.Б. Косьяненко басқарған бағдарламашылардың жанқияр еңбегін ерекше атап өту қажет, олар тек BUSY ортасында қосымшаларды түзетіп қана қоймай, ұйғарынды есептерді бақылау және қалыптастыру үшін бағдарламалық қосымшаларды да әзірледі.

Санақ материалдарын енгізу және өңдеу жұмысына жеке тоқталғым келеді. Санақ деректерін енгізу үшін 5 өңірлік орталық құрылды:

- Алматы (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі АЕО) – Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстары мен Алматы қаласының деректерін өңдеу үшін;

- Ақтөбе (Ақтөбе қаласы) – Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының деректерін өңдеу үшін;

- Шығыс Қазақстан (Өскемен қаласы) – Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының деректерін өңдеу үшін;

- Қарағанды (Қарағанды қаласы) – Қарағанды, Ақмола, Қостанай облыстары мен Астана қаласының деректерін өңдеу үшін;

- Оңтүстік Қазақстан (Шымкент қаласы) – Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының деректерін өңдеу үшін.

АЕО-дағы орталық сонымен қатар республикалық орталықтың рөлін атқарды, яғни барлық өңірлік орталықтардан алынған деректер кейінгі өңдеу үшін АЕО-ға жеткізілді.

Әрбір орталықта жергілікті есептеу желілері (ЖЕЖ) ұйымдастырылды. Олардың тиімді жұмыс істеуі үшін сегменттер құрылды, әрбір сегментте 1 сервер, 1 сканер, 1 сканерлеуге арналған дербес компьютер (ДК), оқуға арналған 1ДК және түзету үшін 10 ДК болды. Осылайша, әрбір ЖЕЖ құрамында 2 сервер, 2 сканер және 24 ДК болды, ал АЕО-да ЖЕЖ 3 сервер, 3 сканер және 36 ДК болды.

Қысқа мерзімде деректерді енгізу және түзету үшін жұмыскерлер жинап, оларды оқыту қажет болды.

Техниканы тиімді пайдалану үшін 2 ауысыммен жұмыс істеу туралы шешім қабылданды, АЕО мен ДГП-ның оқытылған мамандары ауысым жетекшілері болып тағайындалды. Барлық орталықтарда жұмыс ауыр болды, бірақ Алматы орталығында (АЕО) қиындықтар көп болды, себебі мұнда басқа орталықтардан деректер қабылданып, республика бойынша деректерді бақылау мен өңдеу жүргізілді. Бұл жерде халық санағының материалдарын өңдеудің барлық кезеңдеріне жетекшілік еткен АЕО қызметкерлері С.К. Қосбергенов, С.Т. Дауылбаева, А.А. Капишева, С.Н. Накеспекованың тамаша жұмысын айтып өткен жөн.

1999 жылдың 11 маусымында мен Статистика бойынша АЕО директорының орынбасары болып тағайындалдым, 2003-2006 жылдары АЕО директоры болдым. 2006-2014 жылдары АЕО директорының орынбасары және зейнетке шыққанға дейін АЕО филиалы директорының орынбасары болып жұмыс істедім. Зейнетке шыққаннан кейін АЕО директоры Э.Ш. Қазғанбаевтың шақыруымен 2014 жылдың наурыз айынан 2023 жылдың маусым айына дейін АЕО директорының кеңесшісі қызметін атқардым.

Мен АЕО сол кездегі құрылымы туралы айтып өткім келеді. Жаңа АЕО-ның негізгі өзегі статистика салаларын ақпараттық қамтамасыз ету бөлімдері болды, олардың саны салалық бөлімдер мен Агенттіктің орталық аппаратындағы басқармалар санына сәйкес келді. Себебі сол уақытта барлық өңдеу жүйелері жеке компьютерлерге көшіру сатысында тұрды және жаңа бағдарламалық кешендер үнемі әзірленіп отырды, салалық бөлімдер мамандары Агенттік басқармаларының мамандарымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Олар әзірлеген әдістемелер бойынша салалық бөлімдер

мамандары кейіннен автоматтандыру үшін барлық статистикалық нысандар бойынша міндеттер қойылымдарын әзірледі. Осындай бірлескен жұмыс арқасында салалық бөлімдер мамандары барлық статистикалық нысандардың әдіснамасын өте жақсы меңгеріп, кейіннен Агенттіктің Астана қаласына көшірілуі кезінде бағасы өлшеусіз үлес қосты.

Өте қиын жылдар болды, 2007 жылы Статистика агенттігі Астанаға көшірілген кезде, АЕО ұжымы Абай даңғылы 125 мекенжайында жартылай бос, жартылай қираған ғимаратта қалды, ал көптеген АЕО қызметкерлері болашақтың бұлыңғырлығына байланысты жұмыстан шығып кетті (бір айдың ішінде шамамен 60 қызметкер). Сол кезде АЕО-ның негізгі жұмыскерлері қиындыққа төзіп, жұмыста қалды. Әрбір қызметкер екі-үш адамның жұмысын істеп, осы жылдарда АЕО-ға жүктелген Статистикалық жұмыс жоспарының барлық міндеттерін орындады. Мен сол уақыттағы АЕО қызметкерлерінің жанқиярлық еңбегіне таңданамын және алғыс айтамын, осы естелігімде бөлім басшыларының ғана аттарын айтып өтейін: Т.В. Кучина, Н.В. Прутовых, М.К. Куспанова, Г.И. Семибратова, С.Т. Дауылбаева, А. Солтиева, Г.А. Копеева, О.Д. Шеремет, Г.Л. Садритдинова, К.А. Узакбаева, Е.Ф. Смирнова, Л.Д. Атантаева, Т.А. Морозова, Г.С. Дильмагамбетова, А. Төлеби, Э.Б. Букеева, Д.Е. Коржов, Б.А. Кулекеев және басқалар.

Мен тағдырыма ризамын, өйткені мен бір кездері АЕО-ға уақытша келіп, 25 жыл бойы сол жерде жұмыс істедім және АЕО-ның қайта өрлеуінің куәгері, әрі белгілі бір дәрежеде қатыстым. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстан статистикасының 105 жылдығымен барша статистиктерді құттықтағым келеді! Денсаулық! Сәттілік! Табысты болашақ! Қазақстан Республикасының статистикалық деректерін өңдеуде жаңа ақпараттық технологияларды енгізуде жетістіктер! Жаңа жетістіктерге жетулеріңізді тілеймін!

Зинагүл Әміртайқызы Жұманбаева

Менің статистика мен ақпараттық технологияларға жолым

Менің статистика саласындағы өмір жолым мектепті бітіргеннен кейін басталды. Бұл 1976 жыл болатын. Мен музыкалық бағыттағы мектепте оқыдым, себебі анам менің өмірімді музыкаға арнағанымды қалады. Оқу үлгерімім өте жақсы болғанына қарамастан, менің бар ойым механика мен автоматикада болатын. Сондықтан да мен есептеуіш машиналармен байланысты жұмыс іздеуге бел будым. Көп ұзамай ондай жұмысты тауып, пернелі-есептеу машиналарының операторы ретінде аудандық есептеу орталығына (АЕО) жұмысқа орналастым және бір мезгілде Алматыдағы кинотехникумның сырттай оқу бөліміне оқуға түстім. Техникумды аяқтағаннан кейін халық шаруашылығы институтының сырттай бөліміне оқуға түсіп, оқуды да, жұмысты да қатар алып жүрдім. Уақыт өте келе тәжірибе мен білім жинақтай отырып, кәсіби шеберлігімді арттырдым. Бағдарламашы болып жұмыс істеп, түрлі бағдарламалау тілдерін меңгердім және есептеу орталығының (ЕО) даму кезеңдерінің барлығына куә болып, солармен бірге болдым. Менің тікелей ұстаздарым, өз ісіне адал мамандар: О.Д. Шеремет., А.Б. Косьяненко және З.А. Жұманбаева болды.

Кей кезеңдер өте қиын болды. Мемлекеттік статистика жүйесінде қайта құрулар басталып, жаңа бағыттар мен ақпаратты жинау және өңдеудің жаңа технологиялары енгізіле бастады. Статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, беру және пайдаланушыларға ұсыну әдістері мен технологияларында шын мәнінде «революция» орын алды. 80-жылдардың соңында біздің бағдарламашылар бөлімінің алдында ЕС-1045 және ЕС-1066 үлкен ЭЕМ-дерден дербес компьютерлерге көшу міндеті тұрды. Бұл жаңа техниканы тез меңгеріп, жаңа жүйелер мен бағдарламалау тілдерін үйренуді қажет етті. Әрбір статистикалық нысан бойынша деректерді жинау және өңдеуге арналған жергілікті бағдарламалық кешендер (ЛПК)

FoxPro, MSAccess дерекқорларын басқару жүйелерінде әзірленді. Мемлекеттік статистика комитеті мені бірнеше рет ҚАЗСТАТ, ХВҚ (МВФ), TACIS жобаларына қатысуға шақырды. Польша, Мәскеу, Норвегия, Швеция, Оңтүстік Корея елдерінде халықаралық тәжірибелерді игердік. Халықаралық сарапшылармен жұмыс кездесулері мен үшін әрдайым қызықты болды әрі шабыттандыратын еді. Жаңа идеялар туып, оларды тез арада жүзеге асыруға деген құлшыныс пайда болатын. 1991 жылы баға статистикасы саласының құрылуына қатысу да қызықты әрі маңызды оқиға болды. Бұл тұтыну бағалары индексі, өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалар индексі, кейін экспорт пен импорт өнімдерінің бағалары индексі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағалары индексі және басқа салалардағы бағалар индекстерін есептеу бойынша жаңа бағдарламалар жасау кезеңі еді. Сол уақытта басқа да статистикалық салаларда да халықаралық стандарттарға негізделген өзгерістер жүріп жатты, бұл іріктемелі зерттеулерге көшу, жасырын көлемдерді жете есептеу әдістемесін, нақты көлем индексі (ИФО) есептеу әдістемесін және т.б. енгізу кезеңі еді. Статистиканы және өңдеу технологияларын жетілдіру қарқынды жүрді.

90-жылдары мен қолданбалы бағдарламалық құралдарды әзірлеу бөлімінің басшысы бола жүріп, АЕО директоры К.С. Абдиевтің қолдауымен респонденттерге жүктемені азайту мақсатында 2-МП нысаны бойынша респонденттер үшін мәліметтерді енгізу бағдарламасын әзірлеуге талпыныс жасадық. Бұл бағдарлама MS Excel-де жасалған болатын. Ол Алматы қаласындағы еншілес ұйымымыз арқылы таратылды. Респонденттердің бұл бағдарламаға деген қызығушылығы өте жоғары болды, өйткені онда логикалық және арифметикалық бақылау енгізілген, арнайы безендірілген бланк қамтылды. Осы бланкті толтырған соң, респондент оны электронды түрде тапсыра

алатын. Мұндай есептердегі деректер кейін жергілікті бағдарламалық кешенге (ЛПК) біріктіріліп, әрі қарай өңделетін. Сонымен қатар, ЛПК-ның өзі де үнемі жетілдіріліп отырды. Аудандық және өңірлік деңгейлерге арнап бір нысанды бірнеше қызметкердің әртүрлі компьютерлерден бір мезгілде енгізуіне мүмкіндік беретін көп пайдаланушы интерфейсі әзірленді. Ал республикалық деңгейдегі ЛПК-да бюллетень кестелерін txt форматында Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің сайтына автоматты түрде жіберу модулі жасалды. Кейінгі жылдары бұл формат xls форматына ауыстырылды.

90-жылдардың соңында ГРХС статистикалық тіркелімдерін (1997 жылы Статистикалық бизнес-тіркелім – СБТ болып қайта құрылды), АШТ (Ауыл шаруашылығы тіркелімі), ТҚСТ (Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі) жасауға арналған ЛПК әзірленді.

Біздің бөлім алғашқы ұлттық халық санағы (1998-2000 жылдар) және алғашқы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы (2006–2007 жылдар) сияқты ауқымды іс-шараларға белсене қатысты.

2007 жылдан бастап АЕО үлкен қиындықтарды бастан өткерді. Сол жылы ҚР Статистика агенттігін Астана қаласына көшіру туралы Үкімет шешімі қабылданып, АЕО-ны да Астанаға көшіру мәселесі туындады. Нәтижесінде сол жылы 30-дан астам қызметкер жұмыстан кетті. Кадрлардың кетуін тоқтату үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет болды. Осылайша Алматы қаласындағы бұрынғы АЕО «Статистика және электрондық ақпараттық жүйелерді ақпараттық қамтамасыз ету департаменті» болып қайта құрылды. Ал АЕО-ның өзі Астана қаласына орналасты. Департамент басшысы ретінде мені тағайындады. 2010 жылдан бастап біздің атауымызды АЕО Алматы қаласындағы филиалы деп өзгертіп, З.А. Жұманбаева жетекшісі болып тағайындалды, ал мен филиал басшысының орынбасары қызметіне кірістім.

Бір кезде тұрақтылығы бар басқа жұмыс іздеу туралы ой болғанымен, менің статистика алдындағы жауапкершілік сезімім, оның дамуына тікелей қатысқаным мені тоқтатты. Нәтижеге қол жеткізбей, бұл саладан кеткім келмеді. Алға қарай жүруді қаладым...

2010 жылдың басында жіктелімдерді сақтау мен жүргізудің бірыңғай жүйесін құру үшін біздің қызметкерлер қысқа мерзімде барлық ЛПК-дан мәліметтер жинау мен өңдеу кезінде қолданылатын барлық анықтамалықтарды дайындап, жүктеді. Бұл ИС КЛАСС жүйесіндегі базалық анықтамалықтардың негізі болды.

Жинау, өңдеуді енгізу, талдау, визуализациялау сияқты статистикалық процестерді автоматтандыру және Интернет арқылы барлық пайдаланушылар үшін статистикалық деректерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Статистика комитеті «е-Статистика» интеграцияланған жүйесі жобасын іске қосты. Маған өңдеу жүйесін әзірлеу үшін команда жинау тапсырылды. Шынымды айтсам, бұл маған үлкен сын болды, өйткені сол уақытта техникалық тапсырма талаптарына сай жаңа технологияларды меңгерген мамандар бізде жоқтың қасы еді, ал ойланып-толғануға уақыт мүлде болмады. Сондықтан бағдарламалық қолданбалы жүйелерді әзірлеу бөлімінен (РППС) төрт адамды іріктеп, Oracle және Delfi бойынша бір әзірлеушіні жұмысқа қабылдап, біз өңдеу қосалқы жүйесін жасауды бастадық.


2011 жылдың басынан бастап «е-Статистика» жобасы аясында БДАП (Агрегатталған көрсеткіштер дерекқоры) сақтау жүйесіне тарихи деректерді жүктеу жұмыстары басталды. Бұған дейін архивтер ішінара дербес компьютерлерде және CD-дискілерде сақталған еді. Қысқа мерзімде менің командам архивтік деректерді жүктеуге арналған файл үлгісін және оларды ЛПК-де қалыптастыру модулін әзірледі. Бұл өте күрделі жұмыс болды, аса мұқияттылық пен төзімділік талап етілді, өйткені ақпараттың көлемі өте үлкен

болғандықтан, біз жиі жұмыстан кейін қалып еңбек етуге мәжбүр болдық. Алғашқы кезеңде тек жарияланатын көрсеткіштер жүктелді, кейін 2014 жылдан бастап жарияланбайтын көрсеткіштерді жүктеу жұмыстары жалғасты.

Статистиканың даму жолындағы барлық кезеңдерде өмірлік және кәсіби тұрғыдан мен үшін ерекше маңызы бар тәжірибе жинадым, бұл тәжірибе менің жеке тұлға ретінде қалыптасуыма және статистиканы болашақта қалай елестететініме ықпал етті.

Өз еңбек өмірімді «Статистика» ғылымына арнағаным еш өкінбеймін, керісінше, мен онымен бірге дамып, одан ләззат алдым. Менің жанымда тамаша адамдар көп болды, олар мені үйретті, қолдады. Өз кезегінде мен де жас қызметкерлерді оқытып, оларға өз тәжірибемді, алға ұмтылу ниетімді жеткізуге тырыстым. Ең бастысы – өз ісінді сүю және оны еліңнің игілігі үшін жетілдіруге ұмтылу. Бүгінгі ұрпаққа статистиканы одан әрі дамытуда табыс тілеймін және оның болашағына сеніммен қарауға шақырамын.

Татьяна Владимировна Кучина



V тарау. Мемлекеттік статистика ардагерлері

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы		
1.	Фарида Рахымқызы Алиякбарова	28
2.	Алданыш Садыққызы Әміртоғаева	33
3.	Майра Мәдиқызы Әмірханова	33
4.	Тұрсынай Абдуллақызы Әбубекерова	36
5.	Манат Әбдікерімқызы Әлімбетова	27
6.	Лилия Алексеевна Барило	36
7.	Бақыт Жаханшақызы Биекенова	32
8.	Сәндібала Есентайқызы Базарқұлова	41
9.	Нина Григорьевна Большакова	10
10.	Екатерина Сергеевна Букреева	25
11.	Валентина Александровна Бычкова	11
12.	Раиса Ивановна Вагизова	32
13.	Инина Фуатовна Васильева	20
14.	Валентина Петровна Глазырина	30
15.	Нина Афанасьевна Голованова	19
16.	Галина Николаевна Дудкина	14
17.	Ирина Галымовна Данаева	25
18.	Лидия Хасьяновна Денисова	10
19.	Вячеслав Евгеньевич Евстафьев	39
20.	Зәуреш Мұхамедқызы Ерғалиева	39
21.	Серафима Ивановна Железнова	20
22.	Төлеубай Жұмасұлтанұлы Жұмасұлтанов	38
23.	Балжан Закарияқызы Ибрагимова	33
24.	Клара Зайытқызы Ибрагимова	21
25.	Бағлан Дүйсебайқызы Қабылова	17
26.	Наталья Яковлевна Коган	26
27.	Людмила Федоровна Колесникова	31
28.	Клара Васильевна Копытова	32
29.	Нина Ивановна Кривко	33

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
30.	Людмила Анатольевна Кузнецова	17
31.	Зағира Ахатқызы Кәрімова	23
32.	Алмагүл Әбдіқасымқызы Қатарбаева	29
33.	Дәметкен Кәрімқызы Қайырова	18
34.	Гүлнара Жақайқызы Қоқанова	30
35.	Татьяна Александровна Кузнецова	35
36.	Жұмақыз Смағұлқызы Кесикова	27
37.	Гүлнара Мамырбайқызы Керімханова	27
38.	Марина Владимировна Мисюра	38
39.	Вера Аркадьевна Мокроусова	18
40.	Розалина Қобыландықызы Мертемірова	44
41.	Ерболат Нығыманұлы Мұсабек	19
42.	Сара Камариденқызы Нұқышева	36
43.	Вера Ивановна Осокина (Дворных)	35
44.	Надежда Николаевна Рябенко	36
45.	Гүлнафис Өмірзаққызы Сағадиева	10
46.	Алмагүл Қадырбекқызы Сәметова	26
47.	Ираида Гарифовна Сыздыкова	28
48.	Манера Ахметгадиевна Скокбаева	26
49.	Эмма Нариманқызы Тілепбергенова	22
50.	Ольга Федоровна Тостых	35
51.	Ольга Дмитриевна Тимофеева	10
52.	Раиса Мұқанқызы Түлекова	10
53.	Карл Шәріпұлы Өтепов	12
54.	Нина Матвеевна Фокина	24
55.	Рагна Абдулахатовна Хуснитдинова	33
56.	Любовь Николаевна Шемякина	36
57.	Юрий Камирұлы Шоқаманов	19
58.	Мария Петровна Шикарова	21
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Абай облысы бойынша департаменті		
1.	Мария Өмірзаққызы Шоқбатарова	37

Жалғасы

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаменті		
1.	Наталья Анатольевна Авдеева	31
2.	Сағилаш Бариқызы Аркенова	29
3.	Патимат Башировна Арсамакова	24
4.	Сайпути Сарманұлы Арсанов	16
5.	Раушан Ескенқызы Баимбетова	39
6.	Айсұлу Ислямқызы Боканова	11
7.	Тамара Ермукановна Барбанова	16
8.	Шегендік Угушывич Бекболатов	12
9.	Жеңіс Сырымбетұлы Букин	17
10.	Светлана Ивановна Глушко	17
11.	Гүлжиян Кенжебайқызы Дәулетбаева	18
12.	Марфуға Советқызы Жамамбаева	17
13.	Светлана Николаевна Донец	14
14.	Людмила Николаевна Дубинина	26
15.	Замария Енкановна Жакеева	34
16.	Жангелді Қазтайұлы Жанабеков	26
17.	Наталья Наримановна Иванова	16
18.	Алтынай Нұртайқызы Қазыбаева	44
19.	Көгершін Әділқызы Қарасаева	33
20.	Роза Кайруновна Қасенова	24
21.	Алтын Аваповна Қасымова	37
22.	Агвай Қожахметұлы Қожахметов	29
23.	Светлана Ивановна Козлова	31
24.	Еркін Айтымқызы Көкенова	35
25.	Таисия Михайловна Косованова	32
26.	Гүлнар Қаскенқызы Құрманғалиева	19
27.	Людмила Николаевна Кучер	18
28.	Людмила Александровна Лазорская	22
29.	Любовь Васильевна Локштейн	41
30.	Галина Федоровна Мелехова	10

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
31.	Николай Иванович Мироненко	20
32.	Ольга Алибаевна Мукашева	16
33.	Галина Владимировна Мягкова	35
34.	Бибігүл Серікқызы Өмірзақова	18
35.	Алма Кеңесқызы Сарыбаева	29
36.	Светлана Кушагалиовна Сатыбалдина	15
37.	Наталья Григорьевна Свежинцева	32
38.	Гүлназия Нұғыманқызы Сейдахметова	23
39.	Күлназия Закирьянқызы Сейтембетова	10
40.	Татьяна Евгеньевна Суворова	37
41.	Гүлнар Тортайқызы Сүлейменова	30
42.	Валентина Викентьевна Сысолятина	22
43.	Шәрбан Құбашқызы Тасбаева	24
44.	Кулкан Ибрайқызы Төлешева	25
45.	Гүлнар Ибрагимқызы Төлешова	32
46.	Бибисара Рахымбайқызы Омарова	20
47.	Мағия Шахиқызы Үмбеталиева	10
48.	Әлия Қошанқызы Оразалина	12
49.	Василий Максимович Утянский	41
50.	Ирина Филимоновна Шалашун	41
51.	Наталья Борисовна Шевченко	35
52.	Валентина Ивановна Шевчук	10
53.	Білдеш Ақанұлы Шүлембаев	22
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаменті		
1.	Алданыш Алдашева	23
2.	Марал Оңалбайұлы Әміров	26
3.	Мариям Жайылқанқызы Әміралина	38
4.	Ғалия Берекетқызы Аманбаева	13
5.	Қилыбай Жарманұлы Аманша	22
6.	Наушан Кәрімқызы Ахметова	41
7.	Жолдасқали Жұмабекұлы Бейісов	26

Жалғасы

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
8.	Кәрімжан Омарбекұлы Бердиев	28
9.	Жұмагүл Қожабергенқызы Бисембина	36
10.	Әлия Оспанбекқызы Боранбаева	38
11.	Шайзада Өксікқалиқызы Бүкембаева	37
12.	Ирина Федоровна Галкина	22
13.	Гүлсара Кенжебайқызы Дауенова	35
14.	Зәуреш Дәукімқызы Доцанова	22
15.	Сәуле Құсайынқызы Жолдыбаева	40
16.	Тұрсын Дербісалина	36
17.	Жаңылай Сыдыққызы Еденова	34
18.	Аида Жұмағалиқызы Есінбекова	33
19.	Зухра Бердіғалиқызы Жолжанова	37
20.	Ақсәуле Жасанқызы Жолмағамбетова	31
21.	Ақұрын Ізімқызы Жұмағазина	27
22.	Темірбек Әбдірахманұлы Жұмашев	18
23.	Шапиға Әбдірахманқызы Закарияева	27
24.	Сағынғали Әбдуашұлы Ізтілеуов	17
25.	Надежда Григорьевна Иванова	26
26.	Наталья Васильевна Кальян	30
27.	Евгения Антоновна Кузьмина	39
28.	Рая Төлегенқызы Қуантырова	22
29.	Лилия Дмитриевна Короткова	37
30.	Ибадулла Қоштанбеков	25
31.	Татьяна Владимировна Колмычкова	17
32.	Шамшырақ Сайфуллақызы Күйшібекова	41
33.	Роза Усековна Лим	35
34.	Любовь Александровна Мартыщенко	24
35.	Раиса Зайнуллақызы Мамбетова	37
36.	Надежда Евгеньевна Матюхова	24
37.	Баршагүл Бақытқызы Махамбетова	19
38.	Амандық Дүйсенғалиұлы Мұқаев	38
39.	Тамара Задагареевна Мустафина	35

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
40.	Жалғас Сабырғалиұлы Мусин	25
41.	Марат Айнекұлы Нағымов	22
42.	Тамара Васильевна Панченко	24
43.	Райхан Әлімқызы Рахимова	19
44.	Людмила Ефимовна Решетникова	26
45.	Күлжамал Өтесінқызы Сағындықова	19
46.	Алтыншаш Жолдағалиқызы Сапашева	38
47.	Ақтоқты Ғазизқызы Сағатова	26
48.	Сәнімкүл Кетебайқызы Серимова	20
49.	Гүлбану Халелқызы Сейітова	18
50.	Зоя Васильевна Ткач	34
51.	Ұлжан Таханқызы Ташауова	22
52.	Нұржамал Тілеуқызы Тілеуова	28
53.	Бибігүл Арыстанбайқызы Тұржанова	21
54.	Амангүл Таймұханбетқызы Өтемұратова	30
55.	Людмила Ильинична Федина	24
56.	Валентина Рафаиловна Шейко	25
57.	Нұржамал Құтпанқызы Шүйіншібаева	19
58.	Татьяна Васильевна Ягудина	22
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департаменті		
1.	Тамара Ивановна Абдуллаева	15
2.	Садет Бақытжанқызы Ақышева	19
3.	Қадырбек Әлиев	10
4.	Ботакөз Әшімқызы Арықбалаева	11
5.	Клара Нұрдәулетқызы Баянова	13
6.	Наталья Николаевна Белоусова	30
7.	Тұрсынтай Мағазқызы Бектасова	15
8.	Ботагөз Тұрарқызы Бекпентаева	39
9.	Майра Шерғалиқызы Буенбаева	45
10.	Айымкүл Сұртайқызы Бурашева	18
11.	Галина Васильевна Бякова	40

Жалғасы

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
12.	Галина Юрьевна Гуськова	31
13.	Сара Жұмабекқызы Даниясова	27
14.	Манаткүл Ыбрайымқызы Даурембаева	37
15.	Рабат Дәулетбақов	10
16.	Шолпан Абылқайқызы Жұмабекова	37
17.	Алима Дукашқызы Елемесова	39
18.	Әбіләкім Қозбағарұлы Есуянов	11
19.	Жеңіс Алтайқызы Жансеркеева	12
20.	Татьяна Төлеубайқызы Жартаева	29
21.	Капиталина Александровна Золотарева	27
22.	Людмила Ивановна Иванова	30
23.	Светлана Коммунаровна Имирова	20
24.	Аманкүл Әскерқызы Қалиева	16
25.	Гульнара Каримовна Капанова	35
26.	Рабиға Қапарова	22
27.	Күлбаршын Тұрсынәлиқызы Қожабекова	17
28.	Мейізхан Оспанжанқызы Қозбағарова	15
29.	Бектұрған Көшімбаев	40
30.	Наталья Романовна Клычева	39
31.	Сайлаубай Қуатұлы Көшербаев	15
32.	Ғалымкүл Советқызы Қыдырбекова	39
33.	Нина Геннадьевна Лисовская	34
34.	Людмила Николаевна Лошкина	21
35.	Нелли Андреевна Луданова	30
36.	Людмила Прокофьевна Лупинос	35
37.	Людмила Константиновна Лямкина	25
38.	Светлана Михайловна Малоголовая	34
39.	Людмила Николаевна Масалитина	27
40.	Күләнда Бейсенқызы Мақсұтова	43
41.	Тоқтабек Қиясұлы Машкеев	15
42.	Әлия Жұмаділқызы Мусина	28
43.	Дана Мағауияқызы Нүсірова	17

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
44.	Лариса Алексеевна Павличенко	22
45.	Вера Никифоровна Пичугина	35
46.	Валентина Алексеевна Плетенчук	16
47.	Алевтина Яковлевна Радионова	30
48.	Надежда Адамовна Райгель	30
49.	Әшім Рахмаев	13
50.	Айша Хамитқызы Рахманова	34
51.	Людмила Васильевна Савеко	29
52.	Зияш Сағындыққызы Сағындықова	11
53.	Шәкен Маймасқызы Самалдықова	38
54.	Людмила Алексеевна Симонова	27
55.	Галина Александровна Стренёва	33
56.	Татьяна Ивановна Сурова	24
57.	Айгүл Сапарханқызы Тіленова	21
58.	Бегім Төлепбаев	43
59.	Шаргүл Мамәділқызы Тоқтарбекова	35
60.	Сабазтай Секенұлы Түлкібаев	20
61.	Айгүл Сейітқызы Тұрғамбаева	20
62.	Елизавета Александровна Федосеева	30
63.	Санья Абдувилямона Хасанова	37
64.	Мария Алексеевна Черных	20
65.	Нина Ивановна Шевелева	42
66.	Жәкен Тасмағанбетұлы Шілдебаев	20
67.	Фируза Хамзаевна Ягмурова	38
68.	Вайда Хамзаевна Ягмурова	38
69.	Зинаида Алексеевна Ярцева	20
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаменті		
1.	Гүлнар Әбілова	14
2.	Нина Владимировна Аверьянова	19
3.	Галина Сәулешқызы Әдиева	37
4.	Рая Елдібайқызы Айтжанова	35

Жалғасы

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Статистика органдарындағы жұмыс өтілі, жыл
5.	Күміс Сүпіғалиқызы Аймағамбет	11
6.	Шайда Әмірқызы Бакраева	10
7.	Қантөре Дегенбаева	19
8.	Наталья Петровна Дурманова	39
9.	Талжібек Қадырғалиқызы Ерекешова	40
10.	Гүлжиян Захарьяқызы Ерғалиева	27
11.	Ақымыс Хасимқызы Жунсалиева	36
12.	Ахмет Тапалұлы Жұмағазиев	34
13.	Гүлзихан Мұғалқызы Зайрова	28
14.	Күнсұлу Сембайқызы Исқалиева	31
15.	Надежда Николаевна Карташова	34
16.	Баян Құрманғалиева	37
17.	Айханша Ибраһымқызы Құрманова	28
18.	Қанзия Қуанышева	20
19.	Мәдениет Ташекенұлы Құлманов	42
20.	Галя Кашуқызы Мұханғалиева	39
21.	Әмірат Мұқанов	36
22.	Санжан Мұқанова	24
23.	Самат Мәмбетұлы Мұқышев	30
24.	Мүлкат Сәлімгерейқызы Сейілова	11
25.	Сәуле Құрманбекқызы Сейітова	15
26.	Тыныштық Ғабдолқызы Смағұлова	38
